

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрілігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Ай сайын шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№1 (148),
ҚАҢТАР
2017 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

БАС РЕДАКТОР –
Әбділдабек САЛЫҚБАЙ

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР –
Нұргүл ҚАСЫМҚЫЗЫ

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Б.Аяған, Х.Әбжанов, Т.Омарбе-
ков, Ә.Мұқтар – *т.ғ.д., проф.*;
Д.Сәтбай, С.Сымағұлова, Ұ.Ыс-
мағұлов – *т.ғ.д. доц.*; Н.Әлімбай,
А.Жұмаділ, Ж.Әшірбекова,
Д.Салқынбек, Қ.Құнапина –
т.ғ.к., доц.; С.Дүйсен – *п.ғ.к.*

С.Әбішқызы – *тұңғыш*
бас редактор. Б.Матекова –
ұстаз-әдіскер. Д.Игенбаева,
С.Атаниязов, С.Ишебаева,
Ш.Таңмамбетова – *озат ұс-*
таздар.

.....

Басуға 11.01. 2017 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108 ¹/₁₆.
Шартты б.т. – 4. Офсетті
басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 2100.
Индексі – 75748.
Тапсырысы –

Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Дала-принтте" басылды.

.....

Ғылыми-теориялық
мақала авторлары, орысша,
ағылшынша түйін және магис-
транттар тарихшы доктор-
лардан жазбаша пікір ұсынуға
міндетті. Мақаланың ғылы-
ми нақтылығына, тілінің жа-
тықтығына автор жауапты.

Ал ұстаздар журналға 1
жылға толық жазылған тү-
біртегінің көшірмесін салуы
қажет. Авторлардың бай-
лам-тұжырымдары редакция
көзқарасымен сәйкеспеуі де
мүмкін. Көшіріп басылса не
пайдаланылса, сілтеме жаса-
луы тиіс.

МАЗМҰНЫ

Ғылыми зерттеулер мен танымдық мақалалар

Сейітқали Дүйсен. Әлихан Бөкейханов ұлт тарихы және оны зерттеудің методологиялық ұстанымдары туралы.....	2
Самат Есқалиев. Ырғыздан шыққан алаш қайраткері.....	4
Хазретәлі Тұрсын. Тәуелсіздікпен тел өскен тарихшы.....	6
Маржан Дәуітбекова, Әлия Исаева. Ұлттық ойындар.....	8
Гульмира Жуман. Экономические взгляды Т.Рыскулова.....	13
Жанжигіт Орамах, Зарина Айтжан. Бөкей ордасындағы мұсылмандық оқу жүйесі.....	15
Қалимаш Жанғанатова. Маңғыстау мен Форт Шевченко.....	18
З.Бисембаева, С.Жолдыбаева, С.Тұрғанбеков. Көпқырлы мәдени үдерістердің қазақстандық үлгілері.....	21
Майра Райымбекова. Этностыковые особенности кыргызов в казахстане.....	23
Дәрмен Оразбаев, Бағдат Қазкенов. Тасқа таңбаланған тарих бұрмаланбауы тиіс.....	26

Оқыту. Әдістеме. Тәжірибе.

Төлеуғазы Мұқанов. Орта ғасырдағы Қазақстан мәдениеті.....	29
Қарлыға Зайырлиева. Сақтардың шаруашылығы мен тұрмысы.....	30
Қанат Атахан. Қазақ жерінің Ресейге қосылуының алғы шарттары.....	31
Айнагүл Қойшыбаева. Наурыз мейрамы.....	33
Рымгүл Әмірова. 1916 жылғы көтерілістің алғы шарттары, себептері.....	34
Қадиша Молдағалиева. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс.....	35
Жайдарлы Журманова. Этнополитические процессы в Казахстане.....	36
Ұлданай Төленбаева. Кенесары бастаған ұлт-азаттық көтеріліс.....	37
Гүлжазира Рахимова. Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалыс.....	38
Ақтоты Бөкенбаева. Сен өз құқығыңды білесің бе?.....	39
Әлия Байсақалова. «Ой-көкпар» тарихи-интеллектуалдық ойыны.....	41
Рамазан Нүсіпов. Қара жұмысқа барғандар.....	42
Галина Қабылдина. Қазақ Хандығы – демократиялы мемлекет.....	43
Жанар Жұманова. Сыр өңірінің халықтары.....	45
Айман Смағұл. Сердалы Бекшоринның арғы ата-бабалары.....	47
Қуаныш Мақтиев. Азаттықтың асқарында.....	48

Биыл Алашорда үкіметінің құрылғанына 100 жыл толады. Осынау тарихи кезеңді өз деңгейінде лайықты атап өту туралы қазақ қоғамының төрт-бес жылдан бері дабыл соғып келе жатқаны мәлім. «Алаш орда» фотоальбомын шығару, ғылыми-шығармашылық бағытта бәйгелер өткізу, жекелеген алаш зиялыларына, жалпы Алашорда үкіметі мен алаш қозғалысына арналған ғылыми-практикалық конференциялар өткізу сынды бірін-саран нақты істер де атқарылды. Биыл да қыруар шаралар өткізу жоспарлануда. Ендеше төмендегі мақалаларды ұсына отырып, редакция ғылыми орталықтар мен институттардан бірлескен әрекет туралы ұсыныс-пікірлер күтеді. Мәселен, «Қазақ тарихы» ЖАК тізіміндегі және тарихқа арналған ең көп таралымды басылымдардың бірі және бірегей болғандықтан, ғылыми орталықтар мен институттар өткізген ғылыми-практикалық конференцияларды жариялауға әзір екенін еске саламыз. Оның үстіне журнал бұрын бір жарым айда бір рет шықса, биыл бірінші рет ай сайын шыға бастады.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВ ҰЛТ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ ТУРАЛЫ

Сейіткали ДҮЙСЕН,

Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Қазіргі адамзат қоғамында тарихи сана мен танымды қалыптастыратын факторлар көп. «Дегенмен қоғам мүшелерінің тарихқа және тарихи көзқарасына шешуші ықпал ететін қызметті тарих ғылымы атқарады», – деп пайымдайды тарихшы ғалымдар [1,3].

Өткен ғасырдың басында-ақ Ұлт көсемі атанған ғұлама ғалым, ойшыл Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1866-1937) ғасырлар тереңінен бастау алатын қазақ тарихының әлі жүйеленіп, қағаз бетіне түспегенін ескере отырып елінің, ұлтының жазба тарихын жазу, оны халқына таныту мәселелеріне жете көңіл бөледі.

Ә.Бөкейханов өткен ғасыр басында, нақтырақ айтқанда 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың тарихы» деген мақаласында тарихтың қазақ халқы үшін неге керек екенін, тарихтың ұлт өміріндегі алатын орнына, маңызына кеңінен тоқталады. Тарихты «халықты түзу жөнге сілтеуші, дүние түзушіліктің кітабы, тіршіліктің жол-басшысы, келешек күннің болашағын білу құралы», – деп түсіндіреді [2,375].

Алаш көсемі қазақ халқының жазба тарих жазудан басқа халықтардан артта қалғанын алға тартады. «Күні бүгін дүниеде неш нәрсенің асылы білінбей қалған жоқ. Нәр (Біз Ә.Бөкейхановтың сөзі өзеріссіз берілді – авт) нәрсенің түбі тексеріледі, асылы білінеді. Білімі артық, көзі ашық жұрттар дүниедегі адам баласының асылын, нәсілін, тексеріп болып, барлығын кітапқа жазып шығарды. Бөтен жұрттар қатарында алабөтен біздің қазақ халқының асылы тексеріліп, тарихы жазылған жоқ», – деген өкінішін айтады (2,382).

«Бір халық өзінің тарихын білмесе, бір ел өзінің тарихын жоғалтса, оның артынша өзі де жоғалуға ыңғайлы болып тұрады. Дүниеде өңге жұрттар

қатарында кім қор болмайын, тұқымым құрып қалмасын деген халық өзінің шежіресін (яғни, тарихын – авт) имани дәрежесінде ұғып білуге тиіс», – деп көрсетеді [2,375].

Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов бастаған алаш көшбасшылары «Қазақ» газетінің 2-нөмірінен бастап «Қазақ тарихы» деген айдармен дәрістер топтамасын жариялауды жоспарлады. Ә.Бөкейханов: «Бұл жазатын тарихымыз оннан-мұннан құралған тарихқа тиісті сөздер емес, нағыз шын, жете тарих дәрістері болады. «Қазақ» газетасын үзбестен оқып тұрған адам қазақтың тарихын жете білуге болады», – деп көрсетеді [2,383].

Өкінішке орай Алаш көсемдерінің бұл ойлары толық іске аспады. Біздің байқауымызша, бұл бастама газеттің 1913 жылғы 2, 5, 7 нөмірлерімен ғана шектелген сияқты [2,374-392]. Әлихан Нұрмұхамедұлы 1922 жылы «Қызыл Қазақстан» журналында «Тарих керек» деген мақаласын жариялап, ұлттық тарихты зерттеу, жазу мәселесіне қайта оралыпты [2,388].

«Қазақ» газетінде Ә.Бөкейханов алдымен қазақ тарихы жөнінде сол кезде ауызша айтылып жүрген бірнеше қате пікірлерге тоқталады.

Біріншісі – тарих айтушылардың қазақ пен қырғызды айыра алмай, бір халық деп көрсетуі. Мақала авторы: «Қазақ-қазақ, қырғыз өз алдына қырғыз, бұлардың арасында асылар ілгі жоқ. Түркімен менен башқұрт қандай басқа-басқа ел болса, қазақ пен қырғыз да сондай басқа-басқа ел. Орыстардың, әсіресе, үкіметтің, қазақты қазақ демей, қырғыз деп жүргені рас, бірақ олар өзінің атты «казачий» әскерінен айыру үшін жаңылыс болса-дағы қазақты «қырғыз» деп атап жүр. Өзіміздің түрік қауымдарының, әсіресе, басшыларының қазақ пен қырғызды айырмағаны хата, кешпестік айып», – деп мін тағады [2,382].

Қазақ тарихы туралы екінші қате – осы күнгі қазақты ұлық Шыңғыс ханнан бұрынғы замандарда болған қырғыз қауымының нәсілінен деп түсіну екенін көрсетеді [2,383].

Үшінші қатені көрсете келе «қазақ» деген сөздің мағынасын сол кездегі тарих кітаптары анық қып айтып бере алмайды деп қынжылады [2,388].

Ә.Бөкейхановтың көрсеткен төртінші қатесі – «қазақ» сөзі «хайсақ-қайсақ» сөзінен өзгеріпті деген болжам. «Орыс тарихының кей біреуі қазақ сөзі осы «хайсақ» дегеннен алынған деп өтірік жазады. Осындай өтірікті малданып, орыс жазушыларының көбі қазақты «киргиз-кайсақ» деп жазып жүр», – дейді [2,388].

Бесінші қате – түрік қауымынан бір кісі далада аң аулап жүргенде бір адасқан қыз тауып алыпты-мыс. «Қыз аса көркем сұлу болса керек, еліне алып келгенде халқы көріп сұқтанып: Шіркін-ай, қыз-ақ екен!-дейді-міс. Сол сөз жүре-жүре «қазақ» қалпына өзгеріліпті-міс. Сол қыздан үш бала тауып, күллі қазақ халқы сол үш баладан тарапты-мыс. Үлкен баладан-Ұлы жүз, ортаншы баладан-Орта жүз, кішіден-Кіші жүз тарайды-мыс. Мінеки, осындай шіпшикі өтірік сөздер тарих кітаптарында толып жатыр», – деп жазады [2,389].

Әлихан Нұрмұхамедұлы сонымен қатар «Алаш», «алты алаш» ұғымдары туралы да өзінің пікірлерін айтады. Ал, қазақтың өзге түрік қауымдарынан қай заманда айрылып, қалайша бөлінгендігі әлі де анықталмаған, көмескі мәселе деген ойын алға тартады [2,392-393]. Ә.Бөкейханов осылайша болашақ зерттеушілерге ұлт тарихындағы өзекті және дүдәмал мәселелерді ғылыми негізде анықтап алудың қажеттігін көрсетеді.

Сонымен қатар алаш көсемі алаш азаматтарын тарих алдындағы жауапкершілікті сезінулері керектігін де еске салады. «Осы күнде істеп жүрген ісіміз, қылған жұмысымыз, мінез-құлқымыз, сөздің бәрі кейінгілерге тарих болып қалады. Бұрынғының тарихы жазылмай қалушы еді, ендігі тарих күн-күнімен жазылып тұрылады. Кейінгілер ғұбрат аларлық үлгі тастап кетіп алғыс алармыз ба? Жоқ, далаға лағып, жөнсіз кетіп қарғыс-лағынет аламыз? Кеудесінде көзі бар адам көп ойланарлық жұмыс», – деп түйіндейді [2,376].

Алаш көсемі ұлт тарихын зерттеудегі методологиялық, әдістемелік мәселелерге назар аударып, құнды пікірлер айтады, ұлттық тарихты түзудің жолдарын көрсетеді. «Ел оразды боларда тарих жұмысын қолға алады. Тарихты теріп қағазға жазады, адамның өмірінің сипаттары қандай көп болса, тарих түзудің негізі де сондай көп болады», – деп көрсетеді [3,170].

Ауызша тарихтан, яғни қазақтың өлең-жырларынан, эпостарынан деректі қалай іздеуге болатынын, оларды сараптаған кезде қалай ой түюге болатынын, оның жолдарын көрсетеді. Мәселен, әйгілі «Елім-ай» өлеңі «қазақтың тари-хында бір зор айрылыс болғанын аңғартады», – деген тұжырым жасайды [3,171].

Қазіргі отандық тарих ғылымында бұл «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» (1723-1727 жылдар – авт) атанған аласапыран кезеңде көптеген қазақ ру-тайпаларының бір бөлігі Ресей шекарасына, екінші бөлігі қазіргі Орта Азия республикалары жерлеріне босып кеткендері, ал үшінші бөлігі атамекенде қалып, амалсыздан жоңғар билігін мойындағаны

белгілі.

Ә.Бөкейханов әрі қарай осы өлең жолдарынан сол замандағы қазақтың үй-тұрмысын, шаруашылығын білуге болатын жолын таратады. «Өлеңдердің ішінде «ақ орда», «ақ боз үй» деген сөздер келеді: тас үй, ағаш үй, жер үй деген сөздер жоқ. Бұдан бізден бұрын қазақтың киіз үймен көшіп жүргені анықталады», – деген ой түйеді [3,171].

Әлихан Нұрмұхамедұлы әрі қарай қазақтың мақал-мәтелдерінің тарихи дереккөз болатынына мынадай дәлел келтіреді. «Кең киім азбас, кеңесті ел азбас», – деген мақал қазақтың бір шақта кеңесті үкіметті болғандығын, «халық ұйғарса, хан түйесін сояды» деген мақал хандардың халықтың пікірімен санасқандығын білдіреді деп көрсетеді.

Қазіргі дамыған тарих ғылымында Қазақ хандығы дәуірінде хандық басқару, абсалютті формада болмағанын, далалық демократия үлгісінде орнағанын, «хан кеңесі», «билер кеңесі» сияқты еуропалық үлгідегі парламент рөлін атқарғаны мойындалған ақиқат.

Осылайша ұлттық тарихты зерттеудің методологиясын, оның ерекшеліктерін үйрете келе «Мұндай істер аса көп, сондықтан газет бетінде сарқа жазып болмайды. Бұдан аңғаруға болады: тарих түзуге өлең, мақал, тақпақ, ертегі-халықтың қолданып жүрген ғұрып-әдеттері, ескі қарулары, ертұрманы, қай уақытта қандай реттерінен тастады ... Барлығын жинаса, тарихқа негіз болады», – деп түйін жасайды [3,171].

Осылайша алаш ойшылы қазақ тарихын зерттеуде ұлттық дереккөздерге де жете көңіл бөлу қажеттігіне назар аударады.

Әрине, қазіргі тарихшылар үшін бұл әдіснамалық ұстанымдар жаңалық емес. Жоғары оқу орнын «тарих мамандығы» бойынша бітірген мамандарға белгілі дүниелер. Ал өткен ғасырдың 20-жылдары, Қазақ республикасында әлі төл тарих ғылымы қалыптаспаған, қазақтан шыққан бірде-бір тарихшы ғалым жоқ кезде, қазақ тарихын білгісі, зерттегісі келетіндер үшін бұл құнды ақыл-кеңес, ұсыныстар еді.

Ұлтының болашағын ойлаған кемеңгер тұлға: «Қазақта бұл күнге дейін жазылған тарих жоқ. Тарих ауыздан ауызға көшіп жүр.

Қазақ афтономиялы республика алып, дүкен құрып, ел болам деп жатыр, жолы болсын! Бірақ тобанаяқ болмай, дұрыс ел болу қажет. Адамның дұрыс адам болуына, әрі ағыз асынып қатар тегіс өсуі – ол да қажет. Бойы өспей, басы өссе ергежейлі болады. Афтономиялы республика болып, қағазға жазған тарихы болмаса, қазақ халқы бақыр қазандай ергежейлі болады. Мұны еске алып, аңда, қазақ азаматы!» – деп ескертеді [3,171].

Ә.Бөкейханов сол кезде-ақ ұлттық тарих ғылымын дамыту Қазақ республикасын өзге халықтарға, ұлттарға таныту құралы екенін, сырт жерге республиканың имиджін қалыптастыруға септігін тигізетін қуатты құрал екенін түсіне білген.

Ұлт тарихын зерттеуді, жазуды, оны алаш жұртына жеткізумен қандай орган айналысуы керек дегенде: «оқу-білім комиссариаты қазақ халқының тарихын түзуге кірісуі керек», – деп көрсетеді [3,171].

Алаш ойшылы ұлт тарихын зерттеуді ұйымдастыратын ғылыми орталық қажеттігін де көре білген. «Тарих түзу үшін оған керекті аспаптарды жию керек. Бұл жұмысты бытырап жүріп жасап болмайды, арнаулы бір ұйым ашып, іске кірісу дұрыс.

Басшылардың іске кірісуін күтеміз, қолымыздан келген жұмысқа даярмыз», – деп, жолын көрсетіп, ортақ іске қолынан келгенше жәрдем беретінін айтады [3,171].

Осылайша, Ә.Н.Бөкейханов қазақ зиялыларын, ұлт тарихын жаңаша пайымдап, зерделеуге, тарихты шынайы жазып, оны халыққа жеткізуге, сөйтіп ұлт тарихын тану арқылы қазақтың бірлігін, тұтастығын нығайтуға үлестерін қосуға шақырды.

Ә.Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметі мен қатар, осы ғылыми мақалаларының ықпалы да болуы мүмкін, өткен ғасырдың 20-жылдары Қазақстанды зерттеу қоғамы құрылып, оның құрамында басқа салалармен қатар тарихи-статистикалық, этнографиялық бөлімдер, секциялар да жұмыс жасады.

1920-1924 жылдардың ішінде ғана Қазақстанды зерттеу қоғамы 7 жинақ шығарып, М.Дулатовтың, А.Ф.Рязановтың, М.Тынышбаевтың, А.П.Чулош-

никовтың еңбектері жарияланды. Осы еңбектер бүгінгі күнге дейін өз маңызы мен мазмұнын жойған жоқ [4,397-398].

Сөйтіп XX ғасырдың алғашқы ширегінде алаш көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы қазақтың кәсіби тарих ғылымының қалыптасуына зор үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. **Әбжанов Х.М.** Қазақстан: ұлттық тарих, идея, методология.
2. **Әлихан Бөкейхан.** Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. 3-том. / Құраст: Жүсіп Сұлтан Аққұлұлы. –Астана: «Сарыарқа» баспа үйі. 2009. –555 бет.
3. **Әлихан Бөкейхан.** Шығармаларының 7 томдық толық жинағы. 7-том. / Құраст: Жүсіп Сұлтан Аққұлұлы. –Астана: «Сарыарқа» баспа үйі, 2013. –520 бет
4. Қазақстан тарихы. Бес томдық. 4-том. –Алматы: «Атамұра», 2010. –752 бет.

ЫРҒЫЗДАН ШЫҚҚАН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ

Самат ЕСҚАЛИЕВ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік
университетінің доценті, тарих ғылымдарының кандидаты

Қазақтың біртуар ұлдарының бірі, ірі қоғам қайраткері, жаңа заманның ауыл шаруашылығы істерін мемлекеттік дәрежеде шеберлікпен ұйымдастырушы **Тел Бұқпанұлы Жаманмұрынов 1888 жылы Торғай облысы, Ырғыз уезінің 4-ауылында кедей малшының отбасында дүниеге келген** [1]. Ол жастайынан ойшыл, ізденгіш, зеректігінің арқасында Аманкөл болысының 7-ауылындағы бастауыш мектебін, Ырғыздағы 2 сыныптық орыс-қазақ училищесін тәмәмдайды. Ал 1907-12 жылдары Орынбордағы реалдық училищені табысты аяқтап, 1913 жылы әуелі Петербургтің политехникалық институтында оқып, 1 жылдан соң денсаулығына байланысты Мәскеудің Петровско-Разумовский атындағы (қазіргі Тимирязев атындағы) ауылшаруашылығы академиясына ауысып, 1917 жылға дейін оқиды. Бірінші дүниежүзілік соғыстың басталуы, сол уақыттағы саяси-қоғамдық жағдай Ресей империясының астанасында оқып жүрген Тел Жаманмұрыновтың қалыптасуына үлкен әсерін тигізеді. Сол жылдардан бастап-ақ Т.Жаманмұрынов ұлт-азаттық қозғалысқа қатысады [2].

Ол 1916 жылы бірінші дүние жүзілік соғыс майданына қара жұмысқа алынған қазақтарға (Минск маңы) көмек көрсетуші арнайы топ қатарына кіреді. Тел Жаманмұрыновтың бұл қызметі туралы Әлихан Бөкейхановтың 17 желтоқсанда Мәскеуден жазған хатында айтылған. «Қазақ» газетінің 1916 жылғы соңғы нөмірінде жарияланған хатында Әлекең: «Онда 2–3 күнде мен, *Мырзағазы, Тел, Мұса, Хасен* бесеуіміз *Западный фронтқа* жүреміз, онда барып қазақ жігіттерін көреміз, *Земскі Союзға* көмек көрсетпек боламыз. *Земскі Союз* қазаққа не қыл десең, соны орнына келтіреміз деп қуантып тұр. *Өзге фронтқа да барармыз*», – деген мәлімет келтіреді [3]. Ал кезекті 26 желтоқсанда жазған хатында майданда, Ақтөбе, Қостанай облысы жігіттерінің хал-жайымен танысып жатқанын айтады. Бұл

кезде де алаш көсемі Тел Жаманмұрынов, Мұса Сейдалиев және Халел Бекентаев есімді Мәскеулік студенттермен жігіттерге қызмет жасауға барғанын хабарлайды [4].

Сөйтіп **Т.Жаманмұрынов майдандағы бұратана бөліміне көмек көрсетуге өз еркімен барған алғашқы қазақ зиялыларының бірі еді.** Тел Бұқпанұлы майдандағы қарапайым жұмысшыларды елге қайтаруды ұйымдастырады. Ол туралы 1917 жылдың 27 мамыр күні шыққан «Қазақ» басылымында мынадай мәлімет берілген: «*Бұлардан басқа басшылық етіп Ақтөбе жігіттерімен Тел, Жетісу жігіттерімен Біләл қайтқан хабары да басқармаға тиді*» [5].

Осылайша, 1917 жылдың жазында майдандағы жұмысқа алынған жігіттердің соңынан оларға қызмет көрсету үшін барған қазақ зиялылары, қазақ тарихының азаматтық ерлікке толы бір кезеңіндегі жауапты жұмысына Тел Жаманмұрынов сияқты азамат белсенді түрде ат салысты [6]. Сондай-ақ **ол 1917 жылы Орынборда құрылған «Еркін дала» ұйымының басшылығында болады.** Бұл ұйымның мақсаты негізінен ағартушылық және халықтың қоғамдық саяси белсенділігін көтеру еді [7]. 1917 жылы Орынборда өткен Торғай облысы қазақтарының съезіне «ұлтшыл студент» деген мәртебемен қатысады. 1917 жылы қыркүйекте Алаш партиясының өкілі ретінде Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа ұсынылады [8]. 1917 жылы 20 – 25 тамыз айында Ақтөбеде өткен Торғай облысы қазақтарының 2-съезінде хатшылық қызметін атқарады. Бұл жиында съездің демократиялық негіздегі бағдарламасы және шешімдері қабылданды [9].

1917 жылдың аяғына қарай Тел Бұқпанұлы өзінің туған өлкесі Ырғыз топырағына қайтып оралып, буырқанған заман тіршілігіне қызу араласады. 1918 жылғы наурыз айында Ырғызда Қырғыз әскери революциялық кеңесі уездік атқару комитетін ұйымдастырады. Оның алғашқы төрағасы болып жас

та болса сауатты, жоғары білімді ауылшаруашылығы маманы, саяси қоғамдық біліктілігі кең дәрежедегі азамат Т.Жаманмұрынов сайланады [10]. Сол жылдары ол уездік жер комитетінің меңгерушісі қызметін де қоса атқарады.

1921 жылы сәуір айында Қырғыз Орталық атқару комитеті оны республикалық жер жөніндегі халық комиссарларының мүшесі етіп жібереді. Көп ұзамай ол егін шаруашылығы халық комиссарының орынбасары, кейін 1929 жылға дейін сол комиссариаттың жабдықтау, мал шаруашылығы, егін шаруашылығы басқармаларының бастығы қызметтерін атқарады. Сондай-ақ Тел Бұқпанұлы сол жылдары, 1927 жылдан Түркістан – Сібір темір жолын жобалау және жабдықтау шараларына белсене араласады [11]. 1929-1930 жылдары білікті маман Қазақ автономиялық Республикасы Статистикалық басқармасы бастығының орынбасары, республикалық мемлекеттік жоспарлау комиссиясы төрағасының мүшесі болып қызмет атқарады.

Қай жерде қызмет етсе де өзіне сенген жоғары басшылық пен жергілікті халықтың оң назарында болып, көңілінен шыға білген Тел Жаманмұрыновтың жемісті қызметі оның өзінің туған өлкесі Ақтөбе топырағында жасаған еңбектерінде де жан-жақты жарқырай көрінеді. 1934-1938 жылдары Ақтөбе облыстық Советі Атқару комитеті төрағасының орынбасары, облыстық жоспарлау комиссиясының төрағасы қызметтерін белсенділікпен, білгірлікпен атқара жүріп, ғылыммен де қатар айналысты. Ол Қазақстанды зерттеу қоғамының Ақтөбе бөлімшесінің мүшесі [12]. Сонымен бірге, Ақтөбе облыстық Өлкетану ұйымының ғылыми қызметкері, ауылшаруашылық секциясының жетекшісі ретінде ғылыми ізденістер жүргізді [13]. Туған жері Ырғыз елі үшін қолдан келген біраз еңбектерін сіңіреді. Аудандағы тұрғын халқы ежелден армандап жүрген Қасқатай, Жалаңаш, Құткөл, Ақши бөгеттерінің (плотиналары) жобаларын жасап, олардың іске асуына зор еңбегін сіңіреді [14]. Бүгінде аталған өңірлер халқы сол еңбектің жемісін сонау қиынқыстау жылдардан осы кездерге дейін көріп, алғыстарын жаудыруда. Өңірдегі табиғаттың өзі сыйлаған мол өзен сулары сол бөгеттердің арқасында бос даланы суландырып, егіс алқабына, шұрайлы жайылымға айналдырды [15].

Т.Жаманмұрынов қай жерде, қай салада қызметте жүрсе де өз халқына, еліне деген ыстық ықыласын, мүмкіндігі келгенше көрсетер пайдасын терең ойлаған азамат болды. Мәселен, ол 1933 – 1934 жылдары аштықтан шет жерлерге көшіп кетушілерді елге қайтару ісімен белсене айналысты [16]. 1936 жылы Қазақстан үкіметі оны көршілес Моңғолия еліне қызметтік іссапарға жібергенде, ол сол елдің баса дамыған мал шаруашылығы саласымен терең таныса келіп, қайтарда асыл тұқымды буралар әкеліп, отанымыздағы сол кездегі түйе шаруашылығын дамытуға да қомақты үлес қосты.

Қазақтың сол кездегі заманның көзге көрінген басқа да абзал азаматтары секілді Т.Жаманмұрынов та халқымызға төтенше төнген «репрессиядан» құтыла алмады. Еліне, халқына көрсеткен барлық еңбегі сол кездегі басшылықтың «халық жауы» деген кесепатты жалған айыбына айналдырылып, ол 1937 жылы наурыз айында Ақтөбе облыстық партия комитетінің қаулысымен партиядан шығарылып, түрмеге қамалып, 1938 жылы КСРО

Жоғарғы соты әскери коллегиясының үкімімен ату жазасына кесілді. Кейін жақындарына бұл үкім ұзақ уақыт түрмеде отыру жазасымен алмастырылды деген анықтама қағаз берілсе де, ол 1944 жылы сол зұлматтың құрбаны болған. Оның есімі 1958 жылы 4 наурызында КСРО Жоғарғы сотының әскери коллегиясының шешімімен толық ақталып, марқұмның асыл бейнесі халқының жүрегіне қайтып оралды.

Тел Жаманмұрынов – XX ғасырдың басында отарланған Ақтөбе өлкесінен Ресей мемлекетінің астанасына барып, жоғары білім алған қазақтың санаулы зиялыларының бірі, алаш қайраткері, Қазақстанның ауыл шаруашылығы ісін мемлекеттік дәрежеде дарынды ұйымдастырушы, өз ұлтының мүддесі үшін басын бөйгеге тігіп, жанын пиде еткен қоғам қайраткері.

РЕЗЮМЕ

В статье дано краткое описание жизни и деятельности видного политического деятеля Казахстана, уроженца Актюбинского края Теля Жаманмурынова. В 1916-1917 гг. Т.Жаманмурынов добровольно отправлялся на Западный фронт для оказания помощи казахам, призванных на тыловые работы. Автор в публикации обращает внимание на его огромный вклад в развитие сельского хозяйства республик.

The article gives a brief description of the life and work of prominent political figure of Kazakhstan, a native of Aktobe edge Tel Shamanmurinov. In the 1916 – 1917 year, T.Sh. voluntarily went to the Western Front to help the Kazakhs, designed for rear works. In the publication the author draws attention to his great contribution to the development of agriculture of the republic.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ақтөбе облыстық мемлекеттік архиві. Ырғыз ауданының тарихи, саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірінің шежіре деректемесі. Ақтөбе, 1992. 64 бет.
2. Алаш қозғалысы. Құрастырушы Е.Тлешов, Д.Қазманбекұлы. Алматы, 2008, 84 бет.
3. «Қазақ» газеті. 1916. №211.
4. «Қазақ» газеті. 1916. №211.
5. «Қазақ» газеті. 1916. №231.
6. М.Қойгелдиев. Алаш қозғалысы. — Алматы, «Санат», 1995. 210-211 б.
7. «Қазақ» газеті. 1916. №236.
8. ОО МА ф.1. оп. 1. Д.30.12п.
9. РГИА, ф.1291, оп.84, Д.50, 8 – 12 пп.
10. Ақтөбе энциклопедиясы. «Отандастар-полиграфия» баспаханасы. Ақтөбе, 2001. 407 бет.
11. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. 3-том. Алматы, 2001. 505 бет.
12. Акт.Обл.МА. 497ф. 1 – тізбе, 79 іс.
13. Ж.С.Есеналина. Взаимодействие научных обществ Западного Казахстана и Волго – Уральского регионов. Актобе, 2008г. 158 бет.
14. Қ.Еламанов. Шежірелі өңір. Деректі жинақ. Ақтөбе, 2002. 236 бет.
15. Көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері – Тел Жаманмұрынов (1888 ж. 16.03.1944 ж.к.б.). Ақтөбе, 2013. 64, 65, 70-72 бб.
16. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. Алматы, 2001. 3-том. 505 бет.



ДАСТАН СӘТБАЙ – 60 ЖАСТА!

Белгілі ғалым, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, тарих ғылымдарының докторы, «Қазақ тарихы» журналының 1993 жылдан бергі белсенді насихатшысы әрі ақылдасстар алқасының мүшесі Дастан Сәтбай таяуда асқаралы алпыс жасқа толды. Редакция алқасы Дастан Яхияұлын осы мерейтойымен құттықтап, алдағы өміріне қайыр мен береке атты баға жетпес байлық, құймақұлақ тәжірт, илан мен сабыр, отбасылық бақыт және зор шығармашылық табыс тілейді. Төменде тарих ғылымдарының докторы, профессор Хазретәлі Тұрсынның мерейтой иесі туралы мақаласы назарларыңызға ұсынылып отыр.

ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН ТЕЛ ӨСКЕН ТАРИХШЫ

Қазақ елінің тәуелсіздікке қол жеткізуі көптеген жаңа мүмкіндіктерге жол ашты. Соның бірі – қазақ ғылымы мен мәдениеті көкжиегінің кеңеюі. Бұл мүмкіндікті әркім өз шама-шарқы мен қарым-қабілетіне қарай пайдаланды. Өз өмірін, күш-жігерін осы мүмкіндіктерді іске асыруға арнауы арқылы тәуелсіздік деген ұлы құндылыққа әрбір қазақ осылайша өз үлесін қоса алды.

Қазақтың тарих ғылымы тәуелсіздік жағдайында биік белестерге қол жеткізді, асқар асуларды игерді. Ең бастысы тарихи таным мүлдем жаңа сипат алды. Онда да ұлттық мазмұнда. Жоғары интеллектуалдық сапада. Аталған мәселеге қомақты үлес қосқан азаматтың бірі – тарих ғылымдарының докторы, бүгінде алпыс жасқа толып отырған Дастан Сәтбай (құжатша: Сәтпай Тастанбек Яхияұлы).

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Алғабас ауылында 1956 жылы 26 желтоқсанда дүниеге келген Дастанның тағдыры да қазақ тарихының соқталы, қайғы-қасіретті оқиғаларына байланған еді. Ол – 1928-1932 жылдардағы тоталитарлық билік туғызған саяси үркіншілік пен ашаршылық салдарынан туған жері Сыр бойынан ығысып, Жоғарыға (Сыр бойының халқы Өзбекстан, Тәжікстан жерін Жоғары дап атайды) ауа көшкен елдің ұрпағы болатын. Заман түзелген соң ес біліп, етек жиған Тастанбектің ата-анасы туған жерге оралады. Ол осылайша Мырзашөлдің Алғабасында дүниеге келіп, Сыр бойының Алғабасында 1974 жылы Қызылорданың Шиелісіндегі Алғабас орта мектебін бітіреді.

Кеңестік қоғамның қалыптасқан талабына сай бір жыл шаруашылықта жұмыс істеп барып, 1975-1979 жылдары Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының тарих факультетінде оқыды. Сол кездегі курстастарының бірқатары қазіргі күні тарих ғылымының қосын жегіп, көшін бастап жүргені де рас.

Мамандық алып, елге оралған Тастанбек 1979-1983 жылдары туған ауылындағы №157 қазақ орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі, мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметтерін атқарды. 1983-1985 жылдары кеңес әс-

кері қатарында әскери борышын да өтеп келді.

Қайта құру мен жариялылық қоғамдық сананы сілкіндірді. Елдің бәрі ескіше өмір сүргісі келмеді. Қоғамның көші бейтаныс бағытқа бет алды. Міне, осы жағдайлар жаңалыққа жаны құмар, фалсафаға ойы бейім Тастанбекті «Білім» қоғамының облыстық бөлімшесіне қызметке жекті. Кеңес қоғамында ғылым мен техника, білім мен мәдениеттің насихатшысына айналған осы Бүкілодақтық қоғамның танымалдығы артқан тұс еді. Тіпті, партиялық номенклатураның өзі «Правда» газетінен бұрын осы қоғамның «Аргументы и факты» газетін оқи бастаған болатын. Бұл жетпіс сол тұста Кеңес Одағында болмаған құбылысқа айналды, миллиондаған тиражбен таралып, Гинесстің рекордтар кітабына да енген. Осы мекемеде қоғамдық ғылымдар секциясына басшылық жасаған жылдар ізсіз кеткен жоқ. Басқарма төрағасының орынбасары Айтбай Ыстықбаевтың басшылығымен облыс орталығындағы танымал ғалымдарды көпшілік сусап отырған жаңа да зәру тақырыптарға тартып, ел арасында олардың тартымды лекцияларын ұйымдастыру Тастанбектің кәсіби тарихшы ретінде қалыптасу ғана емес, өсу кезеңі де болды. Ол 1988 жылдың сәуірінде сол кездегі Н.Гоголь атындағы педагогикалық институтқа оқытушы болып қызметке кіріскенде дайын ғалым болып келіп еді. Одан әрі ғылымның ғибратты жолы басталды.

Жоғары оқу орнында ұстаздық ете жүріп Тастанбек сол кезде облыстың қоғамдық-саяси өміріне белсене араласқан екен. Қоғам солай, өзгерістерді бастап өткеріп жатқан. Замана солай, желі мен құйыны ұйтқи соққан. Көзі қарақты, көкірегі ояу азаматтың ел кешкен қысталаң кезеңге сөзімен де ісімен де араласпасқа әдді жоқ еді. Осылайша Тастанбек Сәтпай 1990 жылдан бастап республикалық «Азат» қозғалысының, О.Сүлейменов басқарған «Қазақстан Халық Конгресі» партиясының мүшесі, осы партияның Қызылорда облыстық бөлімшесінің төрағасы болып елге қызмет жасады. Т.Я.Сәтбай Қызылорда облысының қоғамдық-саяси өміріне, демократиялық үдерістеріне, оппозициялық қозғалыстарына белсенді

атсалысып, азаматтық қоғамның қалыптасуына сүбелі үлес қосты. Сол кезде ұлт зиялыларының алдында тәуелсіздікке қолы жеткен халықтың тарихи санасын бодандық психологиядан тазарту үшін де елдің рухын көтеру міндеті тұрды. Тарихымыз бен мәдениетіміздің болашағы туралы қоғамдық пікір қалыптастыру керек болды. Осындай жағдайда Тастанбек көптің алдында сөйлеген сөздері мен баспасөздегі мақалаларында халық күткен байыпты ғылыми, саяси талдауларға негізделген ойларын ортаға сала алды. **Әлі күнге есімде, Дастанбектің «Қазақ әдебиеті» газетінде (7 мамыр 1993 ж.) «Жеңіске жаңаша көзқарас» атты мақаласы жарық көріп, оқырманды елең еткізді.** Кеңестік баспасөзде таптаурын тақырыпқа айналып, санаға сіңіп қалған стереотиптік көзқарасты бұзған мақаланың айтары көп болатын. Ең бастысы тәуелсіз тарихи таныммен баға берген мақаланың жаңалығы Ұлы Отан соғысына деген соны көзқарас, тың тұжырым ұсынуы еді. Бір сөзбен айтқанда, ел көкейіндегі сауалдарға жауап бере алды. Міне, Тастанбек досым тарих ғылымына осылай келді.

Ол Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде ұстаздық ете жүріп, 1995 жылдың 30 маусымында «Қазақстан шығармашылық одақтарының мәдени-рухани қызметі (1946-1970 жж.)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Жетекшісі – тарих ғылымдарының докторы, профессор Х.М.Өбжанов. Тастанбек Яхияұлы қазірге дейін тарих, мәдениеттану, әлеуметтану саласы бойынша Қазақстан және Әлем тарихының іргелі мәселелері бағытында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысып келеді. Оның ғылыми мақалалары мен зерттеу, оқу-әдістемелік еңбектері республика және шет елдерде де жарық көрген.

Әрине, ғылымның асау арғымағы көлденең көк аттыға жалын сипата бермейді. Нақтылап айтсақ, ғалымның ғалымдығы кандидаттық, докторлық дипломдармен бағаланбаса керек. Ғалымның шынайы бағасы оның жасаған тұжырымы, ғылыми ойға қосқан жаңалығымен өлшенеді. Олай дейтініміз, 2010 жыл ғылыми атақтар қорғаудың дәстүрлі үлгісінің қолданылуының соңғы жылы болатын. Осы кезде қандай жолмен болса да ғылыми атақ қорғауға деген атан жарыс басталды. Бұрын ереже бойынша айына бір ғылым докторы, екі ғылым кандидатын ғана қорғататын Диссертациялық кеңестер сұранысқа сай қорғатудың конвейерлік желісін іске қосты. Ол түсінікті де, қаншама ғалымдардың ізденістері ізсіз кетпеуі керек қой. Әйтсе де, сол көпшіліктің арасында жеңіл-желпі, бұрын қорғалған тақырыптарды қайталайтын немесе қолданбалық маңызы төмен, жаңалығы жоқ диссертациялық жұмыстар да қорғалып жатты. Тастанбек те осы дүрмектің ішінде болатын. Ол 2010 жылдың 10 желтоқсанында ҚР Білім және ғылым министрлігінің Мемлекет тарихы институтының диссертациялық кеңесінде тарихтан докторлық диссертация қорғады. Ғылыми кеңесшісі – Хангелді Махмұтұлы Өбжанов. Қазіргі қазақ тарих ғылымының теориясы мен методологиясын қалыптастырған ғалым. ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі. Ұстаз қанша мықты болса да шәкірт қабілетті болмаса одан шынайы ғалым қалыптаспайтыны бесенеден белгілі жайт қой. Ал диссертацияның тақырыбы «Олжас Сүлейменов феномені және оның Қазақстанның мәдени өміріндегі орны (тарихи талдау)». Тақырыптың өзі мен мұндалап тұр. Әйтсе де, тақырып қанша оңтайына келгенімен кейбіреулер оған дендеп ене алмайтындығы тағы бар.

Тастанбек сол жылдардағы ғылыми атаққа шын мағынасында шабуыл жасаған ғалымдардың

арасында шынайы ғалымға тән табандылығы мен еңбекқорлығының арқасында оза шапты, еңбегі еленді. Ең бастысы, Тастанбек кеңестік тоталитарлық қоғамда «еменнің иір бұтағына» айналған Олжас Сүлейменовтей нар тұлғаны ғылыми тұлғаландыра алды. Кеңестік ғылымда Олжастай аты шулы даңққа ие болған ғалым жоқ қазақта, Ермұхан Бекмахановты атамағанда. Олжастың «Аз и Я» кітабына партиялық биліктің ең биік эшелонындағы саяси қайраткерлердің қатарында КОКП Орталық Комитетінің хатшысы «сұр кардинал» деген атқа ие болған М.А.Сусловтың өзі көңіл бөлгенін ескерсек, Тастанбектің де ғылым әлеміндегі қиын түйінге білек сыбанып кіріскен ба-тылдығы таң қалдырады.

Он бес жылдан астам ізденістерінің нәтижесінде Тастанбек қоғамдық ғылымдардың олжастану бағытына алпыстан астам ғылыми мақала арнап, сүбелі үлес қосты. Орыстың ақжал академигі Д.С.Лихачевтан бастап олжастану тақырыбына қалам тартқан оқымыстылар мен жазушы, журналистер аз емес болатын. Бірі мақтаса, екіншілері оны жабылып даттады. Пікір әр түрлі болғанымен, соңғы сөзді партиялық билік шығарды. Ол өз алдына бөлек өңгіменің арқауы. Әйтсе де, АҚШ ғылыми-сараптамалық талдау орталығы Кеңес Одағындағы қайта құруды идеологиялық тұрғыда дайындаған он еңбектің қатарында Олжастың «Аз и Я» кітабын бесінші орында атаған екен, ал Солженициннің Нобельдік сыйлық алған әйгілі «Архипелаг ГУЛАГ» кітабы одан кейінгі орындарда аталатындығын ескерсек, Олжастың да, оны тұлғаландырған Тастанбектің де бағасы көз алдымызда асқарлана түседі.

Оның үстіне Тастанбек бұл тақырыпқа жаңа теориялық-әдіснамалық ұстанымдармен келіп, көптеген жаңалықтар қосты. Сол арқылы қазақ тарихына үлкен ғылыми олжа салды. Оның мәнісі зерттеудің алтын арқауы етіп Олжастың ұлттың тарихы мен мәдениетін жалпыадамзаттық құндылықтармен астастырып, оны ұлттық мүдде тұрғысында қарастырған зерттеу әдібін дөп басып тани алуында еді. Бұндай ғылыми тәсілді ғалымдардың өз зерттеулерінде қолдануы тек тәуелсіздік жағдайында ғана мүмкін болғанын жоғарыда айттық.

Әрине, олжастану Тастанбекпен басталмайтыны сияқты онымен де аяқталмайды. Ол мәңгілік тақырыпқа айналғандықтан, зерттеушілердің талай буыны қайта оралып отырады. Әр дәуірдің, әр буынның Олжас шығармашылығынан іздейтін өз жауаптары болады. Содан да әрқайсы Олжастың аса күрделі және шұрайлы шығармашылық мұрасы мен қауырыт қоғамдық-саяси қызметінің тарихына өз дайындығымен және өз зерттеу құралдарымен келеді. Бірақ олардың бәрі де Олжасты алғаш рет барынша толық ғылыми тұлғаландырған тарих ғылымдарының докторы Тастанбек Сәтпайдың тұжырымдарына соқпай кете алмайды, сірә! Ғылымдағы өнеге деген осы. Ғалымның ғалымдығы деген де осыған саяды.

Ел тәуелсіздігінің 25 жылдығы енді ғана атап өтілді. Осы кезеңдегі еліміздің жетістігін ешкім де жоққа шығара алмайды. Сол жетістіктердің қатарында қазақтың тәуелсіз тарихының қалыптасқанын атап айтамыз. Төл тарих ғылымымыз өз қызметіне толық кірісіп те кетті. Қазір тарихи негізде дайын-далған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы – еліміздің дамуының ұзақ мерзімді стратегиялық жоспарына айналды. Осындай ұлттық идеяны тұғырлаған көптеген кәсіби тарихшылардың қатарында Тастанбек Сәтпайдың да өз орны мен үлесі бар.

Хазретәлі ТҰРСЫН,
тарих ғылымдарының докторы,
Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық
қазақ-түрік университетінің профессоры.

ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР – батырлыққа тәрбиелеудің үлкен мектебі

Маржан ДӘУІТБЕКОВА (Дауытбекова),
тарих ғылымдарының кандидаты,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ доцентінің міндетін атқарушы,
Әлия ИСАЕВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, ҚазмемҚызПУ-дың
қауымдастырылған профессорының міндетін атқарушы

Үшінші мыңжылдықтың басы жаһандану және интеграция үдерістерімен сипатталады. Осының нәтижесінде біртұтас экономикалық, саяси және ағартушылық кеңістіктердің қалыптасуы байқалады. Жаһандану халықтардың этномәдени ерекшеліктерін жоюға жұмыс жасайды. Осы тұрғыда халық этнографиясын сақтау әлем халықтарының алдындағы ортақ мәселе. Ендеше қазақ халқының ұлттық ойындарының атадан балаға мұра болып келе жатқан дәстүрін біз де келешек ұрпаққа қаймағын бұзбай жеткізуге тиіспіз. Ұлттық ойындар – қазақ халқының рухани мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі. Ол халық тарихымен бірге жасасып келе жатқан терең тарихы бар күрделі үдеріс. Халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайларына байланысты туып, атадан-балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған. Қазақ халқының ұлттық ойындары өте ертеде туып, оның көші-қоны, тұрмыс жағдайларына байланысты дамыған. Тарихи кезеңдерде өзгерістерге ұшырап, даму сатыларынан өткен. Бүгінде бізге жеткен ұлттық ойындардың түрі көп. Аса көрнекті жазушы М.О.Әуезовтің «*Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында, өздері қызықтаған алуан ойын өнері бар ғой*» деген пікірі осыған дәлел болары анық [1, 3-б.]. Осы сан түрлі ұлттық ойындар арасынан біз бүгінгі мақалаға арқау ретінде ұлттық-спорт ойындарына және оның батырлық дәстүрге әсеріне тоқталуды мақсат тұттық.

Жалпы, зерттеуші-ғалымдардың пікірі бойынша ұлттық ойындар үшке бөлінеді: ойын-сауық; тұрмыс-салт және спорт ойындары. Қазақ халқының ұлттық ойындары мәселесіне терең талдау жасау арқылы осы халықтың дүниетанымынан, қорғаныс өнерінің пайда болуы мен дамуы тарихынан мол мағлұматтар аламыз.

Қазақ халқының ұлттық-спорттық ойындарының өзіндік тарихи даму жолдары, қалыптасу кезеңдері, тәрбиелік маңызы халықтың саяси әлеуметтік дамуының негізі болды. «Жамбы ату», «аударыспақ», «аламан бәйге», «көкпар», «күрес» «сайыс» және т.б. ұлттық ойындардың ерлікке бейімдеу мен тәрбиелеуде маңызы зор болған. Бұл ойындар негізінен шыдамдылықты, мергендікті, мақсаткерлікті, тез шешім қабылдай алуды, ептілік қасиетін талап етті. Сондықтан бұл ойындарды кез келген бала жастайынан белгі дәрежеде дайындықтан өтпейінше ойнай алмайтын.

Қазақ жері төрт жағынан да үнемі қауіп ортасында болғандығы қазақ халқын баласын кез келген уақытта ерге қонып, тізгін тарта білетіндей деңгейде тәрбиелеуіне ықпал етті. Осы ретте осындай ойын-

дардың бүгінгі баланың ертеңгі жауынгер ретінде қазақ әскерлерінің соғыста мықты да төзімді, найза лақтырған кезде мерген де кесек, батыр тұлғалы болып келуі мен жекпе-жек келген жауларын жеңуге дайын болуының басты кепілі болған.

Қазақ халқының тарихи көне жырларының, этностары мен лиро-эпостарының қай-қайсысын алып қарасақ та, олардың өн бойынан халықтың ұлттық ойындарының, әдет-ғұрып салттарының алуан түрлерін кездестіреміз. Осы жырлардың негізгі кейіпкерлері – болашақ ел қорғаушы батыр, жауынгер, халық қайраткерлері, ойын үстінде көрінеді. Сол ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай түседі. Ойынға халық ерекше мән берген. Сондықтан халық оған тек ойын-сауық, көңіл көтеретін іс-шара ретінде қарамаған. Ең бастысы – ел қорғауға қабілетті болашақ қайраткерді, өзінің осы қабілетін шаршы топтың алдында, баршаға тең (досқа да, дұшпанға да) еркін бәсекеде жеңіп алуға тиіс ұрпақтың тәрбиесі ретінде қабылдаған. Сондай-ақ талапты жас ойын өнеріне өзінен жасы үлкен, танымал ұстаздан үйреніп, жаттығатынын, аянбай тер төгетінін байқаймыз.

Қазақ жерінде қалыптасқан ұлттық ойындар тарихы алғашқы қауымдық құрылыстан басталады. Көшпелі тайпалардың негізгі кәсібі аңшылық болған. Аңшылық, саятшылық құру дәстүрі – баланың, болашақ жауынгер-батырдың қасиеттерін шыңдайтын өзіндік мектеп.

Қазақ қоғамындағы ұйым болып аң аулау дәстүрі халқымыздың тарихи-мәдени кешенінің ажырамас бөлігі. Қаумалай аң аулау көшпенділер өмірінде айқын экономикалық маңызға ие болды және сондықтан әлеуметтік қатынастар жүйесіне тән «қоғамдық институт» [2, 11-б.] іспеттес болды. Әр ер адам ұйым болып аң аулауға міндетті. Әскери өнердің өзіндік қалыптасқан мектебі бола отырып, көшпелілерде қаумалай аң аулау әскер ұйымдастыру жүйесімен өз сәйкестілігін де тапқан.

Аңшылық – көшпелілердің далалық салт-дәстүрлерінің бірі. Аңшылықтың адамды соғыс ісіне бейімдейтін негізгі әрекеті – жабайы аңды топ болып «қаумалау» дәстүрі. Аңшылық жауынгерді және ұйымдарды «құлық», «қоршау», «қолға түсіру», «барлау», «ізің кесу», «көзін құрту» секілді әскери іс-қимылдарына үйретудегі мектеп болды. Аңшылық әскерді тактикалық ойлар мен шеберлікке шыңдады [3, 246-б.].

Зерттеушілер аңшылықтың әскери мектеп ретіндегі рөлін ерекше атап өтеді. Мәселен, К.И. Бочаров: «...жауынгерлер аңшылыққа шықпас бұрын іс-қи-

мылды қалай жүргізу керек екендігін алдын-ала келісіп алады. Аңшылар үш тактикалық бірлікке бөлінді: орта, оң және сол қанат», – дей келе, бұл өз кезегінде көшпелілердің негізгі соғыс тактикасы болғанына назар аударады [4, 9-б.]. Аңға шыққанда олжалы болу іс-қимылдың шапшаңдығына, сап құруға бейімділігіне, ұйымшылдығына байланысты болды. Аңшылық қазақтарда тек халықтың шаруашылығы ғана емес, сонымен қатар үлкен әскери маңызға ие еді. Ол кез келген жорықтың, соғыстың, шапқыншылықтың серіктесі болды. Аңшылық әскерді әрі тамақпен қамтамасыз етсе, әрі айла-тәсіл жүргізудің дайындығы болды.

Ұлттық ойындар болашақ ұрпақты жасқаншақтықтан, қорқақтықтан, босандықтан, жан сауғалаушылықтан бой тартуға, қоршауға түсіп қалса, шалт қимылға көшуге, ұрыстың түрлі тәсілдерін қолдануға, жауынан құтылуға, жаудың күшін көп жұмсауға, бет-алды қан төкпеуге, қажетті жерде қан төгуден бас тартпауға, өзінің және ат күшін сақтай ықтиярлықпен күресуге жақ болуға баулып, тәрбиеледі.

Көшпелі қоғамдағы жауынгер әскери өнерді игеру үшін барлық қару түрлерін, соғыс амал-айла-ларын меңгеруі қажет болды. Олар садақпен атысу, қылышпен шабысу, алысу және найзаласу. Қазақтарда ер балаларды жастайынан ат үстінде еркін жүруге бейімдеген. Балаға белі қатайған кезінде «ат мінгізер» дәстүрін атқарған. Сондай-ақ, 12-15 жасар ер балаға қынды кездігі бар кісе (белбеу) тағу дәстүрі қалыптасқан. Бұл дәстүр жас баланың ер жігітке айналуын бекіту рәсімі ретінде қабылданған, яғни енді ол үлкендер тобына қосылып, бұдан былай ер адамдармен отырып тамақ жеуге, олармен бірге бір бөлмеде жатуға құқылы болды [5, 97-б.]. Тарихи қалыптасқан жағдай көшпелінің барлық өмірін әскерлендіруге әкеліп соқты. Мәселен, Шыңғыс ханның ұлы «Жасағының» («Иассақ») бір тармағы бектерге «*ұл балаларды садақ ату мен атқа отыру шеберлігіне жақсылап үйрету мен жаттықтыруды және оларды ержүрек және батыр ретінде тәрбиелеуді*» міндеттегені айтылған [6, 68-б.].

Белгілі зерттеуші С.М. Абрамзон қырғыздарда 6-7 жастағы ұл балалардың алдымен қойға, содан кейін арнайы ер-тұрманмен тайға мініп, сондай-ақ олар арнайы садақтармен құс атып, ауылдан жырақта түнеуге үйренетіндіктерін атап өтеді. Сонымен бірге ұл балаларды тәрбиелеуде олардың қару қолдану біліктілігін артыру мен әскери өнерге баулуға ерекше назар аударылатындығын атап өтеді [7, 179-б.].

Көшпелі тайпаларға тән осындай тәрбие жүйесінің айқын көрінісін қазақ қоғамында кездестіре аламыз. Мысалы, Райымбек батыр жеті жасқа толғанда нағашы атасы көк тай мен қару жарақтың бүкіл түрлерін алып келіп, Қангелді батырға әскери өнерге баулуды табыстайды [8, 56-б.].

Батырлар жырында болашақ батыр мал соңында жүрмеуі керек. «Нұрадын» батыр жырында жас бала: *Мал бақпайын мен деді*

Мал соңында жалпылдап

Атқа мініп жүрмеймін, – деп өзінің батырлық өнерге дайындалатынын білдіреді [9, 96-117-бб.].

Дала батырының мінез-қылығы мен өмірлік жолының қалыптасуы да ұлттық ойындардың негізі саналатын жебе, садақ атудан басталған. **«Ер Тарғын»** жырындағы қарт батыр Қартқожақ өмірінің мысалы арқылы анық көрсетілген. Мәселен, **Қартқожақ батыр:**

1) *бес жасында жебе жасап, садақ тартуды үйренген;*

2) *он жасында қылыш асынып, күрестен жарысқа түседі;*

3) *он бес жасында атқа міну, қылыштасу мен найзаласу шеберлігін шыңдайды;*

4) *жиырма жасында түрлі ат және т.б. жарыстарға қатысып, шеберлігін арттыра түседі;*

5) *жиырма бес жасында сауыт-сайман асынып, әскери жорыққа қатысып, жекпе-жекте жауын жеңіп нағыз батырға айналады. Елінің, жерінің қорғаны болады.*

6) *Отыз бес жасында үкілі найза қолына алып, жауға қарсы әскерді бастаған қолбасшыға айналады;*

7) *Қырық жасында елінің сенімді тірегі, қорғанына айналады;*

8) *Елу жасында ақылы мен парасатының арқасында ел ішіндегі қилы даулар батырдың алдында шешімін табады* [10, 23-25-бб.].

Батырлықтың бастауы болған ұлт ойындары осылайша атадан балаға, үлкеннен кішіге мұра болып жалғасып отырған. Бүгінгі мақалада осындай көне өнердің ұйытқысы болған бірнеше ұлттық ойындарға тоқталуды жөн санадық. Тамырын аңшылықтан алған, жаугершілік заманның басты тұлғасы, Ел мен Жердің қорғаушысы батырлықтың бастауы болған ұлттық ойындар бейбіт кезде айтулы мерекелерде, үлкен астарда, халықтың күнделікті тұрмысында орын алып жататын үйлену тойларында, сүндет тойларда, сақпан тойында, жайлауға көшкенде орындалған және ұлттық ойындардың басым бөлігі жылқы малымен байланыста өткен. Мұндай атаулы мерекелердің басым бөлігі жазда ұйымдастырылған [11, 18-б.]. Жалпы көшпелі халықтардың жер басып жүргеннен гөрі ат үстінде көбірек жүргені мәлім. Қазақ халқы үшін мереке басы болып саналатын Наурыз мерекесі, XX ғасырдың басына дейін өзінің жүйелілігін жоғалтпай жалғасын тауып, Кеңес дәуірінде біршама тежелген ас беру дәстүрінде міндетті орындалуы тиіс шарттардың бірі – ұлттық спорт ойындары болған.

Жалпы, **ас** дегеніміз – өмірден өткен көрнекті батыр немесе ру басын еске алу үшін белгілі-бір күні жиналып халық болып атап өтетін қасиетті күндердің бірі болып саналған. Ас барлық адамға емес, елде ерекше құрметке, байлыққа ие болған адамдарға ғана берілген. Ас – тек өлген адамдарды еске алу, соған ғана құрмет көрсету емес. Ол қазақ қоғамындағы маңызды институт болған [12, 307-б.]. Міне, осындай аса маңызды іс-шарада ат жарыс, күрес, садақ ату жарыстары өткізіліп, жеңіске жеткендеріне қайтыс болған адамның туыстары тарапынан сыйлықтар берілген [13, 110-б.]. Астар мен мейрамдарда бәйге аттары көмбеге шауып келгенге дейін, жиналған жұрт салт аттылардың аударыспағын және балуандар күресін тамашалаған.

Бәйге – Орта Азия халықтарына ортақ спорттық ойын түрі. Мысалы, қырғыз халқында «ат чабыш», өзбек халқында «пойга» аталған бәйге қазақ халқының ең көне ойындарының бірі. Бәйге мәресі мен көмбесі бір жерде орналасқан. Себебі бұл көрермендердің бәйгеге шапқан жылқылардың бәйгені бастаған және аяқтаған сәтіне куә болуына себепкер болуы үшін жасалған болуы керек [14, 141-б.]. Бәйге 10, 15-тен бастап, 60-70 шақырымға дейін болуы мүмкін. Ол тай, құнан, дөнен, жорға және ат жарысы деп аттардың жас шамасына қарай онға жуық түрге бөлінген. Аламан бәйгенің қатаң тәртібі, ережесі ретінде бәйгеге қа-

тысушы аттардың мәреден бір уақытта шығуын және жолдан аттардың қосылмауын қадағалауды айтуға болады. Негізгі талап мәреден көмбеге дейін шауып келу қажет болған. Бәйге қатысушы аттан да, шабандоздан да асқан шыдамдылықты қажет етеді. Бәйгеге шабатын шабандоз жас бала болған. Баланың жасы көп жағдайда 9-13 (кейбір мәліметтерде 8-14) жас аралығын қамтыған [15, 78-б.]. Бәйгенің болатындығы жайлы хабар алдынала бір-екі ай бұрын жарияланған. Оны сауын деп атаған. Осыған байланысты бәйгеге қатысатын аттар бапталып, дайындалған. Шамасы келген адам бәйгеге атын қосуға тырысқан. Тіпті бәйгеге аты қосылмаса ол әулет үшін ар саналған [16, 135-б.].

Бәйге басталарда атшабарлар бастарына қызыл орамал байланып, ұзын бақан ұстанған, жиынды аралай жар салып, хабар қылады. Жаршылар ат жарысының қай жерде болатынын жариялап халықтың солай қарай аттануын сұрайды. Жер жағдайын білетін азұлы билер өзінің ойлаған жерінен қарақшы тіктіріп, көмбе жасауды үлкен мәртебе көрген. Ат айдаушы бәйгеге қосылатын аттарды ел алдынан өткізіп, мәреге айдап әкетеді. Осы тұста ел арасындағы білгір сыншылар бәйгеге қатысатын жылқыларды өз сынынан өткізіп, кімнің аты бірінші келетіндігі жайлы пікірлерін білдіріп жатқан. Сыйлы екі ақсақалдың бірі мәреге, бірі көмбеге тұрғызылады. Бәйгеге қатысушы аттар бір сызықтың бойына тұрғызылып, арнайы белгіден соң аттың басын белгіленген бағыт бойынша көмбеге жіберіледі. Бәйгеге қатысушы аттардың жолдан қосылмауын қадағалау үшін ат айдаушылар қатаң бақылаған. Айдаушының иманды, инабатты, сенімді адам болуы да қарастырылған [16, 137-б.]. Көмбеге жеткен ат үстіндегі бала ат иесінің атын айтып, ұрандап өтуі керек болған. Жеңіске жеткен тұлпардың иесіне тігілетін жүлде мөлшері де әр түрлі болған. Ол көп жағдайда ас немесе той иесінің дәулетіне орай берілген. Мысалы, Ю.Н.Барминцовтың мәлімдеуінше, 1854 жылы Қостанайда өткен бәйгеге Торғай, Сырдария облыстарынан 5 мың адам қатысқан. Бәйгеге 40 ат қосылып, жеңіске жеткені бағалы сыйлықтармен марапатталаған [17, 53-б.]. Автор А.И.Добросмысловқа сілтеме жасай отырып 1860 жылы Торғай облысында бәйге өткізіліп, оған 35 шақырым қашықтыққа 137 ат қосылғанын, жеңіске жеткендерге сый ретінде 55 жылқы, 8 түйе, 24 алтын ақша, 66 күміс ақша және тағы да басқа көптеген құнды заттардың болғандығын мәлімдейді.

Жалпы ат бәйгесіне тігілетін жүлделердің мөлшері тарихи кезеңдерде әр түрлі болған. Ол ең алдымен ас немесе той иесінің беделі мен дәулетіне сай болса, XIX ғасырдың I жартысындағы бәйге жүлдесі мен аталған ғасыр соңындағы жүлделердің арасы тым алшақ болған. Оған дәстүрлі ойын түрінің уақыт өте келе өзіндік мәнін жоғалта бастауымен түсіндіруге болады. Қазақ халқында бәйге ойындары жаугершілік заман туындаған жағдайда жылдамдыққа, атқа міну өнерін игеруге, және басқа да ел қорғаны болар азаматтық қасиеттерге тәрбиелеген деген ой түюге болады.

Сайыс – әскери-спорттық ойын түрінің бірі. Сайыстың өзіндік өткізілу жүйесі мен жолдары болған. Сайысқа қатысатын адамның ойын үстінде жарақат алмауын қамтамсыз ететін арнайы киімі, қолында ұзын доғал ұшты ағаш найзасы болуы тиіс [18, 22-б.]. Сайысқа қатысушы да белгілі-бір ру атынан қатысатын болған. Қазақ халқындағы сайыс өнерінің ортағасырлық еуропалық рыцарлардың жекпе-жегіне

ұқсас жерлері болғанымен, өзіне тән ерекшеліктері де жоқ емес. Егер рыцарлар жеңіске жеткен тұста қарсыласының сауыт-сайманын, қару-жарақтары мен атын алса, қазақтарда арнайы жүлдемен марапатталған. Ең бастысы қазақ сайысына қатысушы үшін ру намысы басты орында саналған. Қол жеткізілген жеңіс сый-сияпаты ру басының қоржынына байланып, халықпен бөліске салынған. Келесі айта кететін ерекшелік: қазақ сайысқа қатысушыларының үстіне киінетін киім түрі темір сауыттан емес, кеудесін қалқан ретінде ала қыл-құйрықтан өрілген арқанмен орап, киім сыртынан шығыршықты кіреуке сауыт киіп, тіпті кей кездері төсіне ер тоқым тартып байлап шыққан [19, 97-б.]. Осы жерде кіреуке сауыт ұғымына анықтама бере кетсек; «кіреуке» сөзі селдір, торлы деген мағынаны білдіреді. Көшпелі халықтар кіреуке сауыттарды өте ерте заманнан қолдана бастаған. Оған дәлел ретінде скифтердің, сарматтардың обаларына жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде табылған археологиялық жәдігерлерді атап өтуге болады. Кіреуке түркі, қыпшақ кезеңдерінде жауынгерлердің қорғаныс құралдары болғандығына қазба материалдары дәлел бола алады [3, 105-109-бб.]. Қазақ халқында сайысқа қатысушылар кіреуке сауыт киіп шығатын болса, көршілес қырғыз халқында Тянь-Шань және Ыстықкөл аймақтарында сайысқа түсушілер тау текенің терісінен тігілген қандағай немесе жарғақ сым атты шалбар, кеудесіне қызыл былғарыдан күртеше, бастарына ақ қалпақ киіп шыққан. Сыртынан түйе жүніне мақтамен сырылып тігілген, қысқа жеңді шапан киген. Ол кементай деп аталған [15, 51-б.].

Жалпы сайыс ойынының басты шарты – қарсыласын аттан түсіру және оны қайта атқа қондыра алмайтындай етіп қолындағы найзасымен шаншып құлату. Әрине, бұл ойын адам өміріне өте қауіпті, тіпті адам өлімімен аяқталып та жатқан. Сайысқа түсушілердің найзасы таяқтан жасалып, ұзындығы 7 кез, ұшы доғал, жуандығы бақандай болған. Спорт ойындарының бұл түрі XX ғ. басына дейін кеңінен қолданылған. Сайыс ашық алаңайда көрермендер алдында өткен. Сайыс басталмас бұрын ортаға жаршы шығып салтанатты түрде жарысқа шақырған. Ортаға шығатын сайыскерлердің атақ-даңқы жарияланғаннан кейін, қорғаныс киімі мен найза құралымен жабдықталған екі атты қатысушы ортаға шыққан, жарыстың басталғанын білдіретін сырнай ойналған. Қырғыз халқында бұл ойын барысында төреші уақыты белгілеп тұрса, сайысқа қатысушының жанында дәйекші, жолдасы (даекчи, жолдош) болған. Ол сайысушының атының басын қарсыласына дұрыс бағытталуына көмектесіп, сайысшылар арасы 50-60 метр қашықтықты құраған тұста сырт кетіп қарсыластардың жеңіске жетуіне жол ашқан [15, 48-б.]. Сайысшының бірі жеңіске жеткен тұста ру ұраны айтылған. Жеңіске жеткен сайыскер халық алдында сый-сияпатқа ие болған. Сайыс ойыны жеке қатысушы немесе топ арасында да өткізілген. Жалпы, сайыс ойынының ойналуына қазақ топырағында патша билігі орнағаннан кейінгі кезеңде тыйым салынған.

Аударыспақ – белгілі-бір уақыт аралығында қарсыласын ат үстінен аударып түсіруді мақсат ететін әскери-қолданбалы мәні өте жоғары ұлттық ойындардың бірі. Егер екеуі қарастырылған уақыт аралығында жеңіске жетпеген жағдайда, екі жақтың тең түскені жарияланып, ортаға келесі жұп шығарылған [20, 108-б.]. Жеңіске жеткен қатысушы келесі ойыншымен жарысқа түскен. Ойынға ересек,

күш-қуаты ат тақымын ұстай алатын жігіттер қатыстырылған. Аударыспақ ертедегі астар мен мейрамдарда бәйге аттары көмбеге шауып келгенге дейін, жиналған жұрт салт аттылардың аударыспағын және балуандар күресін тамашалаған.

Аударыспақтың ережелері: белгіленген уақыт ішінде қарсыластар бірін-бірі аттан аударып тастауы керек. Білектен ұстап қарсыласын аттан аунатып түсіру, аударыспақтың ең керемет әдістерінің бірі. Қарсыласыңды өзіңе қарай жұлқа тартуға да болады. Шын мықтыға тұсау жоқ. Қарсыласын төбесінен бұлтша төніп, атынан итеріп құлатуға да болады. Аударыспаққа тәртіп бойынша ат үстіндегі аяқасты жақсы меңгерген, тиянақты дайындығы бар спортшылар ғана қатыса алады. Ал дайындығы жеткіліксіз, тәжірибесі аз спортшылар үшін бұл өте қиын. Ойында белбеуден төмен ұстауға, қарсыласын тұншықтыруға немесе жарақаттануға әкелетін әрекеттерге – қолды, аяқты, мойынды бұрау, қайыру, бәсекелесінің атын немесе өзін ұруға және киімнен жұлқылауға, тиым салынады [21, 272-б.]. Ойында аты белді, жарамды, өзі мықты, атқа отырысы мығым, білікті жігіттер жеңіп шығады. Жалпы бұл ойын білектің күші ғана емес, аттың құлағында ойнауды да талап етеді. Сайып келгенде, аударыспақта негізгі рөлді ат пен ойыншы жігіттер атқарады. Оспадарлық, жұла қашу, салып қалу, қол қайыру сияқты айла-амалдарды қолдануға болмайды. Аударысу ат пен жігіттің үндескен қимыл-бірлестігіне сүйене отырып, күш-жігердің басымдығын көрсететін қалыпты, байсалды шеберлікке ұласып жатуы шарт. Аударыспақта жеңіске жеткендерге берілетін жүлде тым қомақты болмаған. Деректерде жеңіске жеткен ойыншыға 1 ат, 1 шапан берілген. Олардың қатарына: ат-шапан, түрлі көде сый, тарту-таралғымен шектелген [21, 272-б.].

Көкпар тарту – ойыны үйлену тойы, сүндет той, бесік тойы сияқты отбасылық әртүрлі мереке-тойларда міндетті түрде ойналған спорттық сайыс түрі. Салыстырмалы түрде қарастырсақ, спорттық ойынның бұл түрі ас беруде айтарлықтай ойналмағандығына көз жеткізуге болады [19, 98-б.; 18, 202-б.; 15, 60-б.]. Ұлттық спорт ойындарының ішінде көкпар тарту үлкен қызығушылықпен өткізілген.

Көкпар ойыны күштілікті, батылдықты, ептілікті, тез шешім қабылдай білуді, шыдамдылықты және жаратылған, бапталған атты қажет ететін ойын түрі [14, 139-б.]. Ойын жігіттердің шапшаңдығымен ерекшеленді. Бұл ойынды құштарлығы, қарқыны жағынан хоккеймен салыстыруға болады. Ойынның пайда болу тарихы өте ежелде жатыр. П.А.Федотовтың пайымдауынша, бұл ойынның шығуына бірден-бір себеп болған мәселе ол малды жыртқыштардан қорғау болса керек [14, 139-б.]. Ертеде қазақ жігітінің беделі осы қасқырды тірідей ұстаумен өлшенген. Ауыл тойларында қасқырды ен далаға жіберіп, оны қуып ұстауға жүздеген білекті жігіттер жіберілген. Қасқырды ат үстінен түспей, тірідей ұстаған жігіт жеңімпаз деп саналған. Уақыт өте келе қасқыр орнына 30-40 келі салмақты теке немесе лақ, серке тартылған. Көкпар ойынына екі топ қатысқан. Әрқайсында 5,10 жігіт болған. Ол ашық алаңдарда ұйымдастырылып, көлемі 3 метрді құрайтын арнайы қақпаға ойын басында лақты тастаумен басталады. Алаңның орталығынан бірнеше метр қашықтықта ойын топтары орналастырылып, ойын сәлемдесу рәсімімен басталып, лақты тақымға басумен жал-

ғасқан. Лақты тақымға басу өте күрделі іс, себебі оны ойыншының әрқайсысы мақсат тұтқан. Оны қарсыластан тартып алу, өз жақтастарымен алмасу сынды айла-шарғыларға рұқсат етілген. Лақ белгіленген аймақтан тыс әкетілген жағдайда ойын тоқтатылып, қайтадан қарастырылған аймақта жалғастырылған. Қарсыластардың бірі немесе астына мінген аттың бірі мертігіп, болмаса, басқа жағдайлар орын алған тұста да ойын шарты бойынша үзіліс жарияланып, жараланғандар жағдайы жасалған. Берілген уақыт аралығында жеңіске жеткендер болмаса, қосымша уақыт қарастырылады. Бұдан да қорытынды шықпаса, ойын топтарының ең мықты екі мүшесі жекпе-жек тартыс өткізген. Көкпарға мінілетін аттың да бабында болуы аса маңызды. Көкпар аты кең тынысты, ұзақ шабысты болуы шарт. Ойын үстінде қарсыластың атына қиянат қылуға болмайды. Көкпарда мәреге лақты барынша көп әкелген адам жеңіске жеткен. Лақты белгіленген алаңқайдан тыс әкетуге, ер тоқымның астына бұқпантайлауға, қамшыны аттан басқаға жұмсауға талап етіледі. Жалпы көкпар тарту әуелде әлеуметтік мәні бар әскери машықтың қажетінен туған. Түрік қағандығы кезіндегі «Дербес бөрі жасақ» дегеніміз осындай жаттығудан өтіп сығайланған батырлар тобы. Ол – қазіргі тілмен айтсақ, гвардия деген сөз. Әскери тәрбиелеудің осындай әдісі келе-келе көкпар спортына ұласып, халықтық рең алып кеткен [22, 287-б.]. Осылайша тамырын тереңнен алған көкпар ойынының негізгі мәні болашақ ердің жігеріне жігер қосып, оның күш-қуатын шыңдауға бағытталған.

Ас беру салтында өткізілуі тиіс міндетті ұлттық ойынның келесі түрі – **балуан күресі** [19, 95-б.]. Бүгінде ұлттық спорт түрінің бұл түрі ел арасында «қазақша күрес» атауымен кеңінен танымал. Күрес қазақ халқынан басқа грузиндерде чидоба, қырғыздарда күреш, тәжіктерде гуштингири, солтүстік казхалықтарында тутуш, өзбектерде кураш, молдавалықтарды трынтэ, татарларды кураш, түркімендерде гореш, армяндарда кох, тува халқында хуреш, әзірбайжандарда гюлеш, орыстарда бой деген атаумен кездеседі [23, 11-20-б.].

Күрес – халыққа кең таралған спорт түрі. Алғашында күрес түрі жекпе-жек шайқаста ұстап алып лақтыру тәсілінен орныққан болуы мүмкін. Ұлттық спорттың бұл түрі барлық мерекелерде, белгілі палуандар арасында өткізіледі. Екі топтан шыққан палуандар қоян-қолтық ұстасып, аяқтан шаппау, жамбасқа түсіру, көтеріп алып жауырыңға жатқызу сияқты айла-тәсілдерді қолданып, бірінің-бірі жауырынын жерге тигізгенше күрескен [24, 6-б.]. Күрес ойынына қатысушы жеңін қайырған жалғыз жейде мен тізеден жоғары қайырылған шалбар киіп шыққан. Аяғына кебіс, беліне белбеу таққан [25, 35-б.]. Күрес жазық шөптесін жерде, кілемде т.б. өткізілген. Ортада төреші тағайындалған. Ол балуандардың әдіс-тәсілдерді дұрыс қолданғандығын, қарсыластың жауыры-нының жерге тигендігін қадағалап, төрелігін айтқан.

Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде күрес өнерімен айналысушы, күрес өнерін жетік меңгерген адамды мағыналайтын «палуан/балуан» ұғымының пайда болу тарихы да, оның мәні де жауынгерлік өнермен тікелей байланысты. «Палуан» сөзі түркі тіліне парсы тілінен енген. Қазақ тілінде де палуан сөзі ауыспалы мағынада үлкен, алып денелі адам деген мағынада да қолданылады. Қазақтың балуандық өнері қазақтың

жауынгерлік өнерінің құрамдас бөлігі [26, 28-б.]. Балуандар күресі ертеде пайда болып, уақыт өте келе өзгерістерге ұшыраған. Ерте кездерде бас жүлдені жеңіп алу үшін балуан бірнеше балуанмен күресуі қажет болса, XIX ғ. II жартысындағы астарда болған балуандар күрестері туралы мәліметтерді қарастыра отырып, күреске түскен әр жұптың жеңімпаздары бас жүлденің иесі болғандығын байқаймыз [19, 95-б.]. Тойшы қауым өз руларынан балуандарын айтарлықтай деңгейде дайындықпен әкелген. Бұл балуандар жеңісі түгелдей әулеттің, рудың намысын қорғаған. Балуанның жеңіске жетуі қарсыласының жауырынын жерге тигізсе жеңген болып есептелген [27, 299-б.].

Балуандар күресінде жеңіске жеткен палуанның қолын төреші жоғары көтеріп, оның жеңімпаз екенін жариялайды және онымен күрескісі келетіндердің бар-жоғын анықтап, кілемді үш рет айналып шыққан. Қарсылас жоқ болған жағдайда оны толық жеңіскер ретінде жиылған қауым алдында жариялап, ұйымдастырушы тарапынан тағайындалған сыйлыққа ие болған. Жеңімпазға берілетін сый-сияпат көлемі әр аста немесе мерекеде ұйымдастырушының әлауқатына қарай әртүрлі мөлшерде белгіленген. Мысалы, жүлде 9 балуанға берілген: 1-жүлдеге – түйе және 8 рубль күміс ақша, 2-жүлдеге – жылқы, 3-жүлдеге – жылқы, 4-жүлдеге – шекпен тігетін шұға берілсе, 5-жүлдеге – көмшат, 6-жүлдеге – мылтық, 7-жүлдеге – қанжар, 8-жүлдеге – шапан, 9-жүлде – 2 рубль күміс ақша болған [28, 262-б.]. Осылайша күрес немесе көкпар және т.б. жоғарыда аталған ұлттық спорт ойындарында жүлдеге қол жеткізген жеңіскерлер есімі көпке таралып, болашақта ел таныған азаматтарға айналу мүмкіндігі мол болған.

Қорыта айтқанда, түрлі тарихи кезеңдерде жастайынан ұлттық ойындармен шыңдалған жеткіншек бейбіт күндері мерекелерде, астарда өткізіліп отырған ұлттық ойын түрлерін игеру арқылы өнерін шындаса, ел басына күн туған жағдайда тізгін тартып атқа қонуға дайын болған. Қазақ халқымен бірге жасасып келе жатқан ұлттық спорт ойындары жауынгерліктің бастауы болғандығына көз жеткіземіз. Олардың қайсысы болмасын жігіттердің күштілігін, ат үстіндегі шеберлігін ғана қалыптастырған. Бүгінде жаһандану заманында кеңінен насихатталса, деріптелсе қазақтың әрбір азаматынан талап етілетін мақсаттылықты, табандылықты, төзімділікті, көшбасшылықты қалыптастыра-тынын ескерсек, компьютерге қадалған бүгінгі ұрпақты осынау ұлттық спорт ойындары арқылы заман талабына сай батырлыққа тәрбиелеріміз хақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: Рауан, 1991. — 142-б.
2. Жамбалова С.Т. Традиционная охота бурят: автореф. дисс... канд. ист. наук. — Л., 1986. — 25-б..
3. Ахметжанов К.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. — Алматы: Дәуір, 1996. — 256-б.
4. Бочаров К.И. Очерки истории военного искусства. — М., 1936. — Т. 1. — 104 с.
5. Курылев В.П. Памятники традиционно-бытовой культуры народов Средней Азии, Казахстана и Кавказа. — Л.: Наука, 1989. — 97 с.
6. Гурлянд Я. Степное законодательство с древнейших времен по XVII столет // Изв. общества археологии, истории и этнографии при Императорском Казанском университете. — 1904. — Т. 20. — Вып. 4-5. — 85 с.
7. Абрамзон С.М. Киргизы и их этногенетические и историко-культурные связи. — Л.: Наука, 1971. — 403 с.
8. Бердібаев Б. Райымбек батыр және тарихи таңымдағы жауынгерлік дәстүр // «Райымбек — қазақ халқының даңқты ұлы» Түкеұлы Райымбектің 300 жылдығына байланысты өткізілген респуб. ғыл.-теор. конф. материалдары — Алматы, 2005. — 156 б.
9. Батырлар жыры. Қырымның қырық батыры. (Мұрын жыраудан жазылған мұралар). — Алматы: Жазушы, 1989. — Т. 5. — 380 б.
10. Ер Тарғын: Батырлық эпос / Қара сөзбен жырлаған М. Мағауин. — Алматы: Жазушы, 1985. — 88 б.
11. Куфтин Б.А. Киргиз-казаки. Культура и быт. Этнологические очерки. — М.: Центральный Музей народоведения, 1926. — 46 с.
12. Төлеубаев Ә.Т. Қазақ халқы этнографиялық мәселелері. — Алматы: Қазақ университеті, 2013.
13. История Казахстана в русских источниках в XVI-XIX вв. Том 3. — Алматы: Дайк Пресс, 2005. — 484 с.
14. Федотов П.А. Под седлом и в упряжи (о спортивных лошадях и конниках Казахстана). — Алматы: Кайнар, 1984. — 184 с.
15. Симаков. Общественные функции киргизских народных развлечений в конце XIX — начале XX в. — Л.: Наука, 1984. — 226 с.
16. Арғынбаев Х.А. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). — Алматы: Ғылым, 1973. — 327 б.
17. Барминцев Ю.Н. Эволюция конских пород в Казахстане. — Алма-Ата: Казгосиздат, 1958. — 282 с.
18. Калыш А.Б. Казахские национальные конно-спортивные игры (XIX — начало XX вв.) // Турк элдеринин салттуу спорттук оюндары Türk Halklarinin Geleneksel Sport Oyunlari. — Бишкек, 2015. — С. 21-25.
19. Смағұлов Е.М. Қазақтың ас беру дәстүрі: әлеуметтік-саяси қызметі (XVIII — XIX ғғ. деректері бойынша): Тар. ғыл. канд. дисс. ... қолжазбасы. — Алматы, 2007. — 146 б.
20. Уметов Т.Э. Игры народов Средней Азии и Казахстана. — Москва-Воронеж, 2006. — 108 с.
21. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. — 1-том. А-Д. — Алматы: DPS, 2011. — 736.
22. Ошанов О. Көкпар.// Қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрыптары. А., 2005.
23. Матушак П.Ф., Мухиддинов Е.М. Қазақша күрес. — Алматы: Мектеп, 2012. — 184 б.
24. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. — Алматы: Кайнар, 1994. — 144 б.
25. Гуннер М. Сборник казахских национальных игр и развлечений. — Алма-Ата: Соцэкгиз, 1938. — 78 с.
26. Әлімханов Е. Қазақ палуандық өнері. — Алматы: Өнер, 2008. — 148 б.
27. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 3-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. — Алматы: Арыс, 2012. — 322 б.
28. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 2-том. Дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін «отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша / Құраст. С.Е.Әжіғали. — Алматы: Арыс, 2006. — 416 б.

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Т.РЫСКУЛОВА

в период промышленной модернизации советского общества

Гульмира ЖУМАН,

Казахский аграрно-технический университет им.С.Сейфуллина

Отечественная история новейшего времени в переломные моменты своего развития хранит разнообразный спектр механизмов адаптации общества к постоянным изменениям внешней среды. Ярким примером одного из таких «переломов» стал период 1920-1930-х годов, когда в повседневной жизни населения Казахстана активизировались черты нового уклада, менялось сознание людей, формировались новые мировоззренческие ориентации.

К середине 1920-х г. проявились многие трудности в проведении новой экономической политики – диспропорции в развитии отдельных отраслей хозяйства, заготовительные кризисы, ограниченность рынка, «ножницы цен» и др. После отказа руководства страны от НЭП в конце 1920-х гг. начался период «социалистического наступления». Советская модернизация затронула все сферы общественной жизни: политическую, социально-экономическую, духовную.

Отсутствие демократической обстановки внутри партии помешало коллективной выработке политической линии, обеспечив подмену политики политиканством в борьбе за власть. Положение Казахстана было катастрофическим из-за отсутствия денежных средств, приоритета политических стремлений над экономической целесообразностью, нежелания Центра развивать в крае обрабатывающую промышленность. По-прежнему превалировало развитие добывающих отраслей в пользу Центра.

Усиление сырьевой направленности экономики Казахстана, отсутствие научно-обоснованного выбора социально-экономической концепции обусловило необходимость реализации духовно-нравственных приоритетов индустриальной парадигмы, сконструированной представителями казахской интеллигенции. Одним из первых, кто выступал за постепенную трансформацию экономической системы, был Турар Рыскулов. Исторические условия того времени сыграли главную роль в формировании его политико-экономических взглядов и личных качеств.

Одной из первых дискуссионных проблем, в разрешении которой Т.Рыскулов принял активное участие это – модернизация экономики Казахстана в условиях новой экономической политики. Ситуация складывалась таким образом, что индустриальные очаги, находившиеся в национальных регионах, не развивались вследствие отсутствия политических, социально-экономических, психологических условий. Т.Рыскулов полагал, что только на основе интегрированного развития сельского хозяйства, скотоводства и индустрии, возможно, было решить ряд сопутствующих проблем: кадровое обеспечение, дефицит бюджета, структура управления.

Т.Рыскулов акцентировал внимание на то, что «промышленность необходимо приспособлять к крестьянскому хозяйству», подчеркивая отсутствие урегулированных экономических отношений между городским производством и сельским [1]. Он приводил конкретные цифры, свидетельствующие о зна-

чительном повышении цен на промышленную продукцию в среднем на 50 %, в то время, как цена на продукцию сельского хозяйства была снижена на 40 % [1, С.231]. Таким образом, по мнению Т. Рыскулова возникала проблема необходимости снижения цен на продукты городского производства, а также проблема изучения спроса потребителей на данные продукты. Например, на 8 кожевенных заводах Казахстана перерабатывалось всего 165 тысяч крупных кож и 135 тысяч овчин. В результате, спрос местного населения удовлетворялся всего на 60% дорогим и не соответствующим потребностям привозным товаром.

Из этого следует, что изучение проблемы повышения экономической эффективности в изучаемый период обусловлено невозможностью развития экономики и общества без аграрной сферы. Развитие сельского хозяйства республики объективно определялось необходимостью обеспечения местного населения продовольствием соответствующего качества и в необходимом количестве. Несмотря на то, что многие партийные работники ошибочно полагали, что скотоводство является «*отживающей формой хозяйства*», тем не менее, именно скотоводство имело большое значение в деле развития текстильной и кожевенной промышленности, а порой было и единственным источником существования казахов-кочевников.

Т.Рыскулов принимал во внимание тот факт, что на данном этапе промышленности в Казахстане не играет той роли, какую играет в Центральной России, но, тем не менее, «*она имеет в будущем возможность расширяться*». Занимая пост второго заместителя Наркома Национальностей РСФСР Т.Рыскулов, на фактическом примере приводит статистические данные Туркестана о соотношении восстановления сельского хозяйства – 70%, и промышленности -35% по сравнению с довоенным уровнем 1913 года. Эти показатели подтверждают его мнение о том, что «Туркестанская промышленность является лишь прицепкой к сельскому хозяйству и играет незначительную роль» [1, С.230].

В эти годы в адрес правительства поступали жалобы от представителей бедной части населения, которые были недовольны невнимательным, несерьезным отношением властей к нуждам сельского хозяйства. Прежде всего, это выражалось в том, что в некоторых хозяйствах оставались неиспользованными сельскохозяйственные излишки десятками, сотнями пудов, вследствие отсутствия достаточного количества обрабатывающих предприятий [2].

Стремясь на деле реализовать возрождение края, считавшегося долгие годы сырьевым придатком, Т.Рыскулов выступал за перенесение средств производства к источникам сырья, настаивая на экономическом районировании.

В середине 1920-х годов активно велись политические споры властных структур по вопросам, относительно строительства железных до-

рог. Активное участие в разрешении спорных вопросов принял и Т.Рыскулов. Железные дороги строились в царское время с таким расчетом, чтобы не давать возможности колониальным народам строить промышленность, усовершенствовать экономику, пробудить общественные массы. Если конкретно взять Казахстан, то главные магистрали железных дорог проходили по границам Казахстана, окружив его кольцом [3]. Большая часть территории Казахстана, равняющаяся 3 млн. кв. км, только в некоторых частях была прорезана железными дорогами. На тысячу квадратных километров приходился только один километр железнодорожной линии, не было никаких дорог, где средством общения и связи являлся только один верблюд [1, С.167]. В этом отношении исключение составляла только Туркестано-Сибирская железная дорога, целиком проходящая по территории Казахстана.

Т.Рыскулов один из первых представителей казахской интеллигенции, который осознавал важное историческое значение строительства Турксиба для казахского народа. Т.Рыскулов верил, что казахский народ достигнет такого же уровня развития, как и современный европейский народ, и рассматривал Турксиб, как важный аспект культурной революции в некогда отсталом крае. По его мнению, железнодорожный транспорт, несомненно, принесет культуру и Советскую власть в те края, где раньше было сложно говорить о существовании Советской власти [4]. Он надеялся, что строительство железной дороги обеспечит создание большего числа рабочих мест. Советский режим представил Турксиб как силу казахского пролетариата, доказывающую, что социализм может освободить народы от отсталости и империалистического гнета [4, 265 р.].

Следующий ключевой момент был связан с проблемой формирования национального рабочего класса. Одним из первых, кто осуществлял серьезный, практический подход к разрешению данного вопроса, был Т.Рыскулов. Неоднократно он обращает внимание на тот, факт, что во многих национальных республиках бывших окраин, в том числе и в Казахстане, не хватает промышленного пролетариата, а основная масса состоит из крестьянства.

В 1923 году на XII съезде РКП (б) был взят курс на «воспитание и подготовку новых поколений рабочего класса». Тот же съезд поставил задачу создания «...в республиках ранее угнетенных национальностей промышленных очагов с максимальным привлечением местного населения» [5]. Эту задачу невозможно было разрешить без планомерной подготовки. Так, в Казахстане в 1922 году из 100 процентов населения – 47 процентов являлись сельскими жителями, 45 процентов – составляли кочевники, остальные 8 процентов являлись представителями городского населения [6].

Т.Рыскулов понимал, что требовалась разъяснительная работа, конкретные веские доказательства в пользу развития промышленности и участия населения в промышленном строительстве, прежде чем сельские жители по собственной воле, а не принудительно, вольются в ряды пролетариата. Довольно часто звучали такие позиции «Казах бежит от промышленности», «Казахов не перевоспитаешь, не научишь работать, не удержишь на производстве в силу их приверженности к вольной жизни в степи» [7]. Многие партийные работники, не исключая коренных представителей партийной элиты, согла-

шались с необходимостью массового оседания кочевников. Т.Рыскулов полагал, что «просто так заставить кочевников осесть невозможно» [4, р.21]. Т.Рыскулов придерживался твердой позиции, что именно строительство Турксиба предоставит тысячи рабочих мест казахскому населению и таким образом приобщит его к коммунизму. Это, в свою очередь, создаст перспективы для быстрого создания корпуса местных строительных кадров.

Т.Рыскулов, болезненно реагировал на выступления некоторых партийных лидеров центральных органов, подчеркивая следующее: «Сейчас в экономической политике основное место занимают вопросы индустриализации страны,... и в этих вопросах как-то национальные окраины не учитываются совершенно. Даже некоторые товарищи говорят, какая там индустриализация может быть в этих национальных окраинах. Там существует исключительно кочевое хозяйство, а где земледельческое, но мало почвы для развития промышленности. Фабрики и заводы надо усиливать в Центре России, а окраины будут выполнять роль поставщика сырья...». Из этого Т.Рыскулов делал заключение: «Если мы будем в этой огромной задаче индустриализации страны совершенно исключать национальные окраины и рассматривать их как поставщиков сырья и как таковых оставлять в первобытном состоянии, то мы не только не достигнем более передовые национальности, но будем делать шаг назад, и, здесь, конечно, «ножницы» разойдутся не в пользу Советской власти и не в пользу нашего общего положения. Поэтому этот курс, который стремятся навязать партии, нужно отвергнуть» [8].

Таким образом, психологические основы экономических взглядов Т.Рыскулова в период промышленной модернизации советского общества были основаны на необходимости:

1. Переориентации взглядов и интересов на всех уровнях претворения в жизнь грамотной и уместной в сложившихся условиях государственной индустриальной политики;

2. Т.Рыскулов понимал, что в процессе экономической модернизации происходит и модернизация общества и личности человека. Поэтому он уделял громадное значение таким вопросам, как повышение качества жизни, духовно-нравственное развитие и материальная обеспеченность;

3. Политика партии по национальному вопросу в автономных республиках должна была обеспечить возможность экономического, культурно-социального и правового развития всех национальных автономий [9]. В связи с этим, Т.Рыскулов осознавал, что государство должно основывать свою экономическую деятельность на нравственном императиве. Как правило, рациональный рост не может существовать, отвергая существование социальных регуляторов – морально-этического, культурного, политического.

На протяжении всей своей руководящей деятельности Т.Рыскулов оказывал активное содействие интеграционному процессу экономики Казахстана и России. Он участвовал в 296 заседаниях Совнаркома РСФСР, 34 раза председательствовал на заседаниях правительства Российской Федерации, подписал 2 070 постановлений Совнаркома РСФСР [10].

Глубокие экономические знания позволяли Т.Рыскулову грамотно принимать оптимальные хозяйственные решения и предвидеть долго-

срочные экономические приоритеты республики. Несмотря на его физическое истребление, духовно он не был сломлен. Его идеи, взгляды – это вызов тоталитарному режиму, вызов, в основе которого находился здравый смысл. Он творил не только историю, но и влиял на судьбы людей, несмотря на все сложности, перипетии, идеологические ярлыки, препятствия. Его мировоззрение составляет одну из главных основ духовно-политических ценностей независимого Казахстана.

ТҮЙІН

Жұмыста автор қазақ халқының тарихына маңызды үлес қосқан Орта Азияның талантты мемлекеттік қайраткері Т.Рысқұловтың саяси-экономикалық көзқарастарына басты назар аударған.

Basic attention in-process, the author focuses on the political and economic views of the talented statesman T. Ryskulov. Central Asia has made a significant contribution to the history of the Kazakh people.

ЛИТЕРАТУРА

1. **Рысқұлов Т.Р.** Собрание сочинений в трех томах. Том 3. – Алматы: Казахстан, 1997. – С. 231.
2. АП РК. Ф. 141. Оп. 1. Д. 728. Л. 61.
3. **Лекеров А.** Состояние промышленности и задачи ее развития. // Советская степь. – 1926. - № 226.
4. **Matthew. J. Payne.** Stalin's Railroad. Turksib and the Building of socialism. University of Pittsburgh. Press. Copyright, 2001. – p.p.19-24.
5. **Сидоров А.** Индустриализация степи и национальный вопрос. Английская историография о Казахстане (20 – 30 годы) // Мысль. - 1995. - № 7. – С.79-81.
6. ЦГА РК. Ф. 28. Оп. 1. Д. 74. Л. 62.
7. О формировании кадров казахского пролетариата. // Советская степь. – 1929. - № 31.
8. **Асылбеков М.Х.** Рысқұлов Т. и индустриализация Казахстана // «Экономические ориентиры на пути ускоренной модернизации». Матер. Междун. научно-практической конф., – Алматы, 2005. – Ч. 1. – С.12.
9. РГАСПИ. Ф. 17. Оп. 85. Д. 108. Л.5.
10. **Сабден О.** Турар Рысқұлов. Навечно в памяти народа. // Казахстанская правда. - 2014. - 5 декабря.

Халық ағарту тарихынан

БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАНДЫҚ ОҚУ ЖҮЙЕСІ және миссионерлік саясат

Жанжігіт ОРАМАХ,
Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты,
Зарина АЙТЖАН,
Ақтөбе қалалық №24 лингвистикалық мектеп-гимназиясының оқушысы
Кіші Ғылым академиясының республикалық сайысының жүлдегері

Ресей империясының отары болған кезде қазақ халқының тарихы, рухани өмірі толық және объективті зерттелген жоқ. Бұған тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкіншілік туды. Дегенмен, патша үкіметінің қазақтарды шоқындырудағы құйтұрқы саясаты, мұсылман діни ұйымдарының тарихын, оқу жүйесін теориялық, ғылыми-практикалық тұрғыдан зерттеу деңгейі әлі де болса өз дәрежесінде емес. Кешегі патша үкіметінің отарлау саясатында дінді халықты рухани езудің, тізгіндеп ұстаудың басты бір құралы ретінде пайдаланса, кеңестік қызыл империя дінді «апиынға» теңеп, рухани жан-дүниесінің байлығынан айырды.

Отаршылдар қазақ қоғамының рухани тұтастығын ыдыратпай, оны толығымен отарлау, саяси, діни-идеологиялық тұрғыдан игеру мүмкін емес екендігін түсінді. Патша үкіметі отарлау саясатында көздеген мақсатына жету үшін мұсылман дініне ашық қарсылық көрсетпей, тіпті XVIII ғасырдың басында Орынборда мүфтилік институт құрып, оның қызметкерлері мен қызметтерін ұтымды пайдаланды. Патшалық Ресей қазақтарды рухани отарлау үшін орыс миссионерлері мен ғалымдарын қазақ даласына көптеп жіберіп, жергілікті халықты шоқындыруға, православиелік кітаптарды таратуда, орыс мектептерін ашуда жоспарлы істер атқарылды.

Бұл бағытта миссионер-ғалым Ильминский көп тер төкті. 1867 жылдан бастап «қазақтарды шоқындырып, орыстандыру» үшін патша үкіметі **Москвада «Обрусительная палата»,** кейін осы мақсат үшін Қазан рухани академиясы жанынан **«противомусульманский» деген кафедра** ашылып, оны сол Ильминскийдің өзі басқарды [10. 38-б.].

Миссионерлер қазақ елінің рухани болмысы мен өткен тарихын, психологиясын, мінез-құлқын, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын зерттеп, православие дінінің кітаптарын қазақшаға аударып, баспасөз арқылы оларды нақты насихаттау ісімен айналысты. Оның негізгі мақсаты – қазақ даласын діни, рухани тұрғыдан ыдырату, мұсылмандардың діни негізде бас көтерулерінің алдын алу еді. Сол үшін осы мақсатқа әдейі молдалар дайындалды. Олар қазақ халқының арасында дәстүрлі діни танымдарының негіздерін өзгертуге күш салды. Ондай молдаларды **«заказной молдалар»** деп атады. Себебі, оларды патша үкіметі мен жергілікті билік өз қаражатымен оқытып, сатып алған. **Орынбор мүфтилігінің қазақ арасында рухани арандатушылық, ыдыратушылық бағытта қаншалықты пәрменді жұмыс жасағанын, XVIII ғасырдың соңында Ресей империясының саясатын жүргізген 28 ахун, 969 молда, 114 мешіт болғанынан айқын аңғарамыз** [9. 30-б.].

Жәңгір ханның мұсылман оқу жүйесін реттеп, мешіттер мен медреселер, діни мектептер ашуының да басты мақсаты миссионерлік саясатқа тосқауыл қою болатын.

XIX ғасырдың ортасынан бастап Қазақ хандығында, әсіресе Ішкі Орда территориясында діни қатынас мәселесінде исламды далалық өңірде нығайту үшін патша үкіметі айтарлықтай белсенділік туғызды. Орда жерінде дінге деген халықтың да белсенділігі байқалды, мешіттер салу кең етек алды. Ордада дін басы – ахун тағайындалды, ол Орданың кеңсе қызметкерлерінің құрамына енді. Жәңгір хан билік құрған кезде ахун хандықта ерекше мәртебеге ие болып, 1826 жылы І Николай патшаны таққа отырғызу салтанатына ахун Аит Мұхаммед ханмен бірге делегацияда Петербургке барғаны мәлім [7. 185-б.].

Кейбір дерексіз ел арасындағы әңгімелерге қарағанда, Жәңгірдің исламға ерекше көңіл бөлуін Орынбор мүфтиінің қызына үйленумен байланыстырады, ол қате пікір, шындыққа сәйкес келмейді. Өйткені Жәңгір ислам дінін бір кісідей құрметтеген, қағидаларын білген. Оған дәлел 1830 жылы Орынбор губернаторы Павел Сухтеленнің Жәңгірге Құран ізімен заң ережелерінің қысқаша жинағын құрастыруды әдейі тапсыруы осының дәлелі емес пе? Бұл бөлек әңгіме.

Орда халқын отырықшылыққа көшіру ба-рысында хан ордасында тұрақты мешіт тұрғызу оның жоспарында болған. Оны іске асыру үшін Орынбор әскери-губернаторының атына қаржы бөлуді сұрап хат жазған [1. 10 п.]. 1830 жылғы 25 қаңтарда жазған губернатордың жауабында, оның ұсынысын мақұлдап, кейін қаржы бөліп, 1835 жылы хан сарайының алдында еңсесі биік, сәулеті жағынан ерекше (әрине, сол кезең үшін), әдемі мешіт тұрғызылған. Халық оны «Жәңгір мешіті» деп атап кеткен. Мешіт кейін Орда балаларының ислам қағидаларын оқып-үйренуінде үлкен рөл атқарғаны тарихтан белгілі.

Осы мешітте жұмыс жасауға Ордадағы ең жоғары діни лауазым – ахундыққа Орынбор татары Жанар Қаматовты, тағы да ондаған діни сауатты қожалар мен татарларды шақырған. Ханның арнайы жарлығы бойынша моллалардың міндеті халықты имандылыққа уағыздау, ел ішінде халық тығыз орналасқан жерлерде шағын мешіттер ашу, балаларды мұсылманша оқытып, намазға жығылу, сүндеттеу, мұсылман мейрамдарын өткізу, үйленгендердің некесін қию, жаңа туған балалардың азан шақырып атын қою, өлген адамды мұсылман діни шариғатымен жерлеу, халықты бұзақылық пен жағымсыз қылықтардан аулақ болуға уағыздау болды. **Бөкей Ордасында Жәңгір хан тууы туралы кітап енгізуді жоспарлаған.** Осындай ойды Орынбор генерал-губернаторы Кіші жүзге де енгізуді ойлаған. Бірақ бұл іс патша үкіметінің ислам дініне екі жақты саясат ұстауына байланысты іске аспай қалды [7. 186-б.]. Кейін Орда қазақтарының арасынан діннің теориясын жан-жақты меңгерген, Жанар Қаматовтан кейін қызмет атқарған хазірет Аتكелтіріп Қабыл, кейін оның баласы Ахмет, немересі Тұхпатолла, шебересі Кәрім ислам дінін кеңінен таратуда ерекше еңбек еткен, мешіт ұстаған хазіреттер, сауатты адамдар болған [2. 50-б.].

Бөкей хандығында ағарту ісі әр түрлі білім беру жүйелері арқылы жүзеге асты. Бірінші кезекте, әрине мұндай міндетті мұсылман мектептері

атқарды. Жалпы Қазақстанда XIX ғасырдың 60-жылдарына дейін мұсылман оқу жүйесі маңызды рөл атқарды. Бірақ та Қазақстан жерінде мұсылман мектептерінің саны қанша, қай өңірлерде олардың саны басым болғаны туралы толық мәлімет бар деп айтуға әзірге дерек көздері жоқтың қасы. Бөкей хандығындағы жағдай да осындай. Дегенмен, сол кездегі мемлекеттік шенеуніктер мен сараң мұрағат материалдары аз да болса мұсылман мектептері мен онда оқыған шәкірттерінің, сабақ беретін моллаларының саны туралы мәліметтерді кездестіруге болады. Жәңгір мектебі ашылғанға дейін Бөкей Ордасында балаларды негізінен ресми тіркелмеген елді мекендердегі моллалар оқытты. Мұндай жағдай олардың санын анықтауға мүмкіндік бермеді, ол тек XIX ғасырдың орта тұсына қарай іске аса бастады. Өйткені Ордада мұсылман мектептерін түгелдей болмаса да тіркеуден өткізу қажеттігі туралы жергілікті билікке талап қойылды. Ордада молла басқаратын діни оқу жүйесі құрылды.

Ордада Жәңгір ханның білім беру жолындағы негізгі ойы мешіттер мен мұсылман мектептерінің жанынан қазақ балаларын оқытатын бастауыш орыс мектептерін ашып, кейін олардан бөлек қазақ жастарына білім беретін жаңа типті мектептер ашу болатын. **Жәңгір ханның бұл ой-арманы 1841 жылы 6 желтоқсанда Жасқұста жаңа мектеп ашылуымен іске асты.**

Бөкей Ордасында ислам дінін тарату мен нығайту мұсылман балалары оқитын мектептер ашуда Орынбор мүфтиінің беделі мен ісі үлкен әсер етті. Ордаға Қазан, Орынбор, Астрахан қалаларынан сауатты моллалар шақырылып, оларды хан өзі тағайындады. Хан тағайындаған моллаға мешіт ұстауға рұқсат берілді. Мешіттерді ұстаған моллаға барлық моллалар бағынды, яғни олар бір орталыққа бағынуға міндетті болды. Орда көлемінде құрылған және тұрақты жұмыс жасаған мешіттер мен моллалар хан тағайындаған ахунға бағынды. Ханның талабымен, ахунның басқаруымен комиссия құрылып, моллалардың білімін тексеру үшін емтихан қабылданып отырды. Осы комиссияның шешімімен моллалар тағайындау, орнын ауыстыру, тіпті моллалық жұмысқа жібермеу мәселелері шешілді.

XIX ғасырдың ортасында әр рудың немесе бөлімнің өз молласы болды. Бірақ олардың кейбірі хан ордасынан қашықта болғандықтан, барлығы бірдей тіркеуден өтпеген сияқты. Міне, бұл хандықта мұсылман мектептерінің материалдық жағдайын, дамуын анықтауға мүмкіндік бермеді. Жергілікті жерлерде мұсылман мектептерін бай моллалар, шаруалар қаржыландырып тұрғанмен, мектептердің материалдық жағдайына, моллалардың жетіспеуіне, географиялық және табиғи факторларға байланысты өмір сүруі тұрақсыз болып, көп жағдайда жабылып қалып отырды. Хандықта жай шаруалар да балаларын өз қаржысына оқытты. Олар балаларын оқыту үшін алты айға бір сиыр немесе бес қой немесе бір жылқы, не түйемен ақы төледі [4. 137-п.]. Мұсылман мектептерінде оқитын балалардың әлеуметтік құрамы әр түрлі болды. Қарапайым қазақ, татар балаларымен қатар ауқатты шаруалардың балалары оқыды. Мемлекет мұсылман мектептеріне қаржы бөлген жоқ.

Орда қазақтарының арасында балаларын, әсіресе, қыздарын үйден оқыту кең тараған. Бірақ бұл туралы мәлімет мүлдем жоқ. Мұсылман

мектептерінде ресми оқу бағдарламалары мен жарғысы да болмаған, оқу ерікті түрде, жалғыз молла оқытты. Шәкірттер көбейіп кеткен жағдайда, молла көмекке мұсылмандық сауаты бар адамды шақыру құқығына ие болған. Мұсылман мектептерінде негізінен араб жазуы, түрік тілдері, дін және арифметика сабақтары жүрді. Жергілікті жерде мұсылман мектептерінің беделі жоғары болғанмен, білім жағы төмен болды. Оқу-тәрбие жұмысы діни бағытта өрбіді.

Жәңгір хан қайтыс болғаннан кейінде мұсылман оқу жүйесі тоқырап қалған жоқ, жылдан-жылға мұсылман мектептері мен шәкірттерінің саны өсіп отырды. Ішкі Ордада 1850-1852 жылдары 128 мешіт, 1 ахун, 130 молла болса, 1872 жылы 154 мұсылман мектебінде 3821 шәкірт оқыған [3. 23-п.]. 1898 жылы 4113 оқушысы бар 198 медресе жұмыс жасаған [6. 140-б.].

XIX ғасырда Қазақстанның, сол сияқты Ішкі Орданың мәдени өмірінде мұсылман мектептерімен қатар медреселер де көптеп ашылды. Ішкі Ордада ашылған діни оқу орындарына қатаң бақылау орнатылып, Н.И.Ильминскийдің жүйесі енгізілді. Бұл ереженің негізгі мәні мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін оқыту міндетті болуына байланысты оларды ашу үшін орыс тілді мұғалімдер болған жағдайда рұхсат етілді.

Медресе – діни орта білім беретін оқу орны. Осыған орай олардың материалдық базасы діни мектептерге қарағанда жоғары болған. Оқу пәндері медреселерде олардың сатысына байланысты белгіленді, әрқайсысының кітапханасы, діни оқу жүйесіне оңталандырыған бағдарламалары, арнайы бөлімшелері мен лектік бөлмелері болды [8. 32-б.].

Орынбор оқу ағарту аймағының Халық ағарту министрлігіне берген ақпаратында Бөкей Ордасында 400-дей мұсылман мектебі мен медреселері жұмыс жасаған. 1899 жылдың басында 60 мектеп пен медресе болып, онда 1678 шәкірт оқыған. Олардың 1436-ы ұл, 243-і қыз болатын. Қыздарды молдалардың әйелдері оқытты. Олардың саны – 27 [5. 54-б.]. Қыздарға тәрбие жұмысын жүргізген де осылар.

XX ғасырдың басында Ордада жаңа типті орысша оқытатын мектептердің көбеюімен байланысты мұсылман мектептері мен шәкірттерінің саны азая бастады, ал кейін оларға тыйым салынды.

Бөкей Ордасында миссионерлердің жүргізген

саясатына қарамастан, мұсылман оқу жүйесі ханның ойындағыдай қалыптасты, хандықта мұсылман діни қызметкерлерінің, оқушыларының саны өсті, көпшілігі жергілікті халық өкілдері болды. Олар кейін халықтың сауатын ашуда белгілі дәрежеде рөл атқарды. Кеңес үкіметі мұсылман оқу жүйесін жауып, сауат ашу курстарымен ауыстырды, кейін большевиктер дінді «апиын» деп үгіттеп, халықты діннен, мұсылман оқуынан алыстата бастады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается миссионерская политика царской России и история создания системы мусульманского образования в Букеевской Орде.

In this article is about Russian tsars and politics missionary 's creation system of the muslim education in Bukeyev Orda.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. РФ Орынбор Облыстық Мемлекеттік Мұрағаты (бұдан әрі – РФ ООММ), 6 қор, 10-тізбе, 3332-іс.
2. Орамах Ж. Ішкі қазақ Ордасы. – Ақтөбе, 2015.
3. РФ ООММ. 6 қор, 3-тізбе, 1432-іс.
4. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағат (бұдан әрі ҚР ОММ), 708-қор, 1-тізбе, 7-іс.
5. **Харабалин Ғ.Е.** XIX ғасырдағы Бөкей Ордасы. – Орал, 2004.
6. **Бозымов Қ., Орамах Ж.О.** Жәңгір хан – реформатор. – Орал-Ақтөбе, 2011.
7. **Тасмағамбетов А.С.** Преобразования хана Жангира в Букеевской Орде в сфере религии: характер и особенности. Материалы международной научной конференции «Развитие казахского ханства: эпоха, события и личности», посвященной 550 летию казахского ханства. Актөбе, 2015.
8. **Мұхаммедиева (Муқанбедиева) Г.** Батыс Қазақстандағы мектептер мен медреселер. //Қазақ тарихы, 2015, №6.
9. **Оразов Р.** Қазақ халқын рухани құлдықта, мәнгүрттік үлгіде ұстау көзделді. // Аңыз адам, №21, 2015.
10. **Мырзахметұлы М.** Рухани құлдыктан әлі күнге дейін толық құтыла алмай келеміз. // Аңыз адам, №21, 2015.

АВТОРЛАРҒА ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

СҰРАҚ ТҰСА, САЙТТЫ ҚАРАҒЫЗ!

“Қазақ тарихы”, “Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл” журналдарына ортақ жаңа сайт ашылғанын бұрын хабарлағанбыз. Сайттың интернеттегі тұрағы: <http://kaztar.kz> Кіріп көріңіздер. Тілін білген кісіге интернет пен сайттың қыруар шаруаны жеңілдететінін естен шығармаңыздар!

Сайт жеті бөлімнен тұрады және әр бөлімде оқырманға пайдалы ақпарат ұсынылған. Бөлімдер «Басты бет», «Фотокөрме», «Журнал туралы», «Мақала жариялау», «Мұрағат», «Қазақ тарихы» баспасы, «Байланыс» деп аталады. 2-бөлімі – қос журналдың тарихынан естеліктер

ұсынатын «фотокөрме» деп аталса, «Қазақ тарихы баспасы» бөлімінде бұған дейін шығарылған кітаптардың мұқабасы берілген. Кітап шығарғысы келген авторлар соған қарап өз таңдауын жасай жатар. Жиі қойылатын сұрақтардың жауабын да, жазылу мен мақала жариялаудың талабын да, редакцияның тұрағы мен телефонын да осы бөлімдерден табасыздар. Тіпті «Байланыс» бөлімі арқылы бірден редакцияның элпоштасына хат жаза да аласыз. **Ендеше көкейіңізде кез келген сауал туса, бұрынғыдай редакция қызметкерлерін мазаламай, сайтқа жүгініңіз.** Мұқият танысып, кейбір түйткілді нақтылау үшін ғана редакцияға хабарласыңыз.

МАҢҒЫСТАУ МЕН ФОРТ ШЕВЧЕНКО: шаруашылық құрылымы және өндіріс саласы

Қалимаш ЖАНҒАНАТОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты,
Қазақ спорт және туризм академиясының аға оқытушысы

Тарих парақтарын ақтарсақ, әр қаланың өзіндік жүріп өткен ұзақ тарихи белестері барын байқаймыз. Қазақ халқын Ресейге бағындыру кезеңінде алғашында қорғаныс бекініс-қамалы ретінде бой көтерген, дами келе елді-мекеннен қалаға айналғандардың қатарына Форт Шевченконы жатқызуға болады. Қала 1846-1857 жылдары – Новопетровск, 1857-1939 жылдары – Форт Александровск, 1939 жылдан – Форт Шевченко деп аталған. Маңғыстау приставтығы 1881 жылы 10 қазақ және 1 түрікмен болыстығынан құрылған уезге айналды. Маңғыстау уезі алғаш Кавказ әскери округына, 1899 жылдан бастап Түркістан генерал-губернаторлығына қарасты Каспийсырты облысының құрамына кірді. Уездің әкімшілік орталығы – Форт Александровск қаласы болды. Десек те Форт Шевченко елді-мекенінің шежіресі 1846 жылдан әріде жатыр. Орта ғасырларда бұл жерде жергілікті тұрғындар «Кетік», «Ақкетік» деп атап кеткен қаланың орны болған. Кетік аталуының сыры қарапайым әрі табиғатпен тікелей байланысты. Халық аңызы бойынша, Қарағانتүп мүйісіне таяу жердегі таулы қыраттың шеті созылып келіп кенеттен кетіп біткендіктен, бұл мекенді Кетік атаса керек [1].

Маңғыстау қазақтарының негізгі байлығы – мал. Малдың өсіп-өнуі ауа-райы мен табиғат жағдайына тікелей байланысты. Көшпелі мал шаруашылығын кәсіп еткен маңғыстаулықтар мал соңында Ырғыз, Темір өзендерінің бойларына дейін көшіп келетін болған. Табиғат ерекшелігіне байланысты қос өркешті және жалғыз өркешті (нар) түйелер өсірген. Нар түйелер сүтті болып келсе, қос өркешті түйе тұқымы керуендерде жүк тасуға төзімді көлік, әрі жүнді көп берген. Жергілікті халық малдың жүнін, терісін, ішегіне дейін кәдеге жаратты [2, 86-б.]. Мамыр айынан басталатын жүн жинау науқанында қазақтар қос өркешті түйеден 6-8 кг, нар түйеден 4-5 кг дейін жүн жинап өткізген [3, 147-б.]. Жуан да ұзын сирақты қазақы қойлардың ұзын жүні мен терісі, 40 фунтқа дейін тартатын тегенедей құйрық майы форт базарында жоғары бағаланатын тауар болды [4, 105-б.]. Малдың терісі қазақ ауылдарынан арнайы жиналды және Форт Александровскінің базарында сатып алынды. 1893 жылы базардағы түйе жүнінің 1 пұты – 5 сом 50 тиын, қой жүні – 3 сом 50 тиын 3 сом болса, жылқының терісі – 2 сом 50 тиын – 2 сом, түйенікі – 4-3 сом, қойдікі – 70-40 тиынға бағаланған [5, 1-п.]. Астрахандық көпестер Г.Франгулов, К.Челабов, ағайынды Богдан, Егор, Иван Аслановтар түбек тұрғындарынан арзан бағамен сатып алған жүн, тері сияқты мал өнімдерін, бағалы аң терілерін Ресей

қалаларында орналасқан кәсіпорындарға үстеме бағамен өткізу арқылы форттағы ең бай адамдарға айналды [6, 75-п.].

Маңғыстауда малдан кейінгі байлық – балық. Оның қызығын жергілікті халық емес, түбекке қоныс аударып келген орыс-казак шаруалары көрді. Орынбор генерал-губернаторлығы үкімет сенатының 1852 ж. 17 қаңтарындағы жарлығы бойынша аймаққа қоныстанушыларға балықты өздеріне бөлінген территорияларда тегін аулау құқығы берілгеннен кейін өлкеде балық шаруашылығы жолға қойылды [7, 182-б.]. Форт жанындағы слобода мен Николаев, Долгий, Заворот, Құлалы қоныстарындағы халықтың негізгі кәсібі балықшылық болды.

Патша өкіметі Каспий өңіріндегі балық кәсібімен айналысатын аудандарға ерекше назар аударды. Себебі XIX ғ. аяғына дейін Каспий теңізі балық аулау мөлшері мен сапасы жөнінен Ресейде алғашқы орында тұрды [8, 60-б.]. Сол себепті де, әрі аймақты отарлай отырып, өз өктемдігін нығайту үшін патша үкіметі Каспийдің солтүстік-шығысында балық кәсібін дамытуға ниет білдірген кәсіпкерлердің Маңғыстау түбегіне қоныс тебуіне қол ұшын беріп отырды. Қоныстанушылар 1912 ж. дейін Каспий теңізінің қазынаға қарайтын қай жерінде де балықты тегін аулауға құқылы болды. Үкімет түбекке қоныс аударған әрбір казак отбасын тегін көшіріп алып келуді өз мойнына алып, тегін мүлік таратты, 10 жылға дейін салықтың барлық түрінен босатты. Тегін мүлік дегеніміз – қазына есебінен берілген қайық пен балық аулауға қажетті құрал-саймандар және т.б. [9, 105-п.].

Ал тұрғындар қайық пен балық аулауға қажетті құралдарды алғашында астрахандық көпестерден жалға алды. Уақыт өте келе өз араларынан шыққан балық аулайтын қосы бар, күрлі З.Дубский, Н.Трусов, И.Аваков, Ф.Шараев, С.А.Афанасьев сияқты ірі балық кәсіпкерлерінен жалға алды. Бұлар аймаққа алғашқылардың қатарында келіп қазына есебінен берілген материалдық жәрдемақыға бойларын тіктеп алғандар. Дегенмен, жалға алуға кез келген тұрғынның қолы жете бермеді. Несие тұрмыс жағдайы тәуір отбасыларға заңды түрде куәландырылған құжатпен бекітіліп, аулаған балықтарын нарық бағасынан төмен бағаға несие берушіге өткізуге міндетті шартпен берілген [10]. Несие алған балықшы жалдамалыға айналды. Жалдамалы балықшылар мен ірі балық кәсіпшілері арасында еңбек шарты жасалған [11, қос. № 5]. Дәл осыған ұқсас еңбек шарты балық кәсіпкерлері мен жұмысшылар арасында да жасалған. Әсіресе, майшабақ, қызыл

балық, мұз астынан ақ балық аулау науқаны кезінде еңбек келісім-шартын жасаған. Бұл еңбек шартынан байқағанымыз несие алған балықшы жалдамалыға айналып, өздерінің аулаған өнімдерін балық өндіріс иелеріне нарықтан төмен бағаға өткізуге міндетті болған. Осылайша балықшылар еркін және жалдамалылар (несие алған) болып екі топқа бөлінген. Теңізде балық аулайтын еркін балықшылар жалдамалыларға қарағанда тым аз болған. XIX ғ. 80-жылдарында несие мөлшері 100-150 сомнан аспайтын болса, 10 жылдан соң, оның құны (1890 ж.) 400-800 сомға жеткен [12, 131-б.]. Оның себебі бұл жерлердегі балық аулау кәсібі жылдың төрт мезгілінде де жалғасып отырды.

Аймақта бекіре мен майшабақ қоры мол болды. Балық патшасы саналатын – бекіренің кәсіптік мәні зор. Дәмді еті, қара уылдырығы қымбат бағаланды. Балық кәсіпкерлерінің қарауындағы балықшы-жұмысшылар теңіз жағалауынан 200 метрге дейін барып, сиымдылығы 1000-2000 пұттық кемелермен балық аулап өткізді. Теңізде балық аулау бірлестіктерін ашып, жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етіп отырған ірі балық кәсіпкері З.К. Дубскийдің есімін ел ерекше ілтипатпен атаған. Қалаға алғаш бақалшы саудагер болып келіп, ірі балық кәсіпкеріне айналған ол 1892 жылы Аташ қонысынан 8000 пұт балық сақтайтын бірінші мұз қоймасын, 1897 жылы Түпқараған түбегінің оңтүстік-шығыс түпкірінен екінші мұз қоймасын салады. Осы екі мұз қоймасын салуға 8-10 мың рубль қаржы кеткен [11, 32-б.]. Бұл қоймалар балық пен оның өнімдерін сақтайтын, тазалайтын, іріктейтін және қабылдайтын қызмет атқарды. Балықшылардың тұрақты жұмыс орны да осы жер болды. З. Дубский XX ғ. басында тағы 2 қойма ашқан. Осылай балықты өндіру мен өткізуді ұйымдастыру ісінің қолға алынуы теңіздегі балық кәсіпшілігінің сапасын арттырды. Балық кәсіпшілігінде жұмыс істейтін жұмысшылар ау салатын және салда жұмыс істейтіндер болып екіге бөлінді. Ау салу жұмысы 7-11 сағатқа созылды және аса ауыр еңбек пен шыдамдылықты қажет етті. Сондықтан бұндай ауыр жұмысқа денсаулығы мықты 20-35 жастағы ер азаматтарды жалдаған. Захар Дубскийдің Кендірлі мен Құрықтағы, Александр-Бай мен Николаевскідегі мұз қоймалары мен ватагаларында орыстармен қатар жергілікті қазақ жігіттері де тұрақты жұмыс істеген. Олардың жасы 19-31 жас аралығын қамтиды [13, 64-п.].

XIX ғ. 80-жылдарының соңына қарай З.Дубский пайда табу үшін Николаев станицасының тұрғындарына несие аша бастаған. 1897 жылы бұл станица тұрғындарының қарызы 40 мың сомға дейін жетсе, оның 15-20 мыңын З.Дубскийден, қалғанын астрахандық көпестерден алған. Осы жылы берілген несие мөлшері орташа есеппен 450-500 сомды құраған [11, 42-б.]. Нәтижесінде Астраханнан келген И.Аваков Кендірлі мен Заворотты, С. Климов Тереңөзек пен Ортаеспені, Ф.Шараев Долгийді, З.Дубский Қарағантүп пен Кендірліні, Александр-Байды иеленіп, өздерінің казармалары мен ватагаларын салып, күннен-күнге қазақтарға қысым көрсеткен. Мұндай басынушылық, әсіресе, XIX ғ. 70-жылдарына қарай өрши түскен [9, 105-п.].

Николаев станицасы тұрғындарының 1871 жылы 85 қайығы, 3594 қармағы, 7340 торы болса, 1872 жылы 93 қайығы, 5520 қармағы және 10725 торы

болған. Осы қоныс тұрғындарына 1871 жылы 130 қазақ жұмысшы жалданып жұмыс істесе, 1872 жылы олардың саны 150-ге жеткен. Бұл мәліметтерді 1873-1874 жылдардағы деректермен салыстырсақ, Николаев станицасындағы жанұялардың саны бұл уақыттар аралығында 2 есе, ал жалданбалы қазақ жұмысшыларының саны – 4 есе өсе түскен [14, 67-б.].

Теңізге жақын қоныстанған түркімендер мен оларға көршілес отырған қазақ ауылдары балықшылықтың пайдалы кәсіп екенін ертеден түсінгенімен, аса ден қоймады. Халықтың сүйенген-таянғаны мал болды. Тек 1889 жылы Астрахандағы балық және итбалық кәсіпшілігі басқармасына балық аулау үшін рұқсат сұрап өтініш білдіргендер қатарында Оспан Амантайұлының, Беріш ауылының тұрғыны Қызанбай, Бернияз Көктаубаевтардың, Түркмен-Адай ауылының қазағы Әндекеш Мұрзаев, Қашаған Малдыбаев, Рысалы Есімов, Тәжіғұл Оразбаев және Қошақан, Ораз Оңғалбаевтардың тізімін кездестіреміз [15, 4-п.]. XIX ғ. соңына қарай Каспий теңізіне балық аулауға жыл сайын 1000 қайық шығарылса, оларда 7000-ға жуық қазақ жұмыс жасаған [16, 25-п.]. Осы кезде балықшылық кәсіпте таза қазақ артелдері де құрыла бастайды [17, 95-б.]. Олар көбінесе кедейлер бірлестігі болды.

Балық аулау кәсіпшілігімен форт жанындағы қоныстың саудагерлері де айналысты. Олар өз қаржысының бір бөлігін балық аулау мен итбалық соғу кәсіпшілігіне салып отырды. Түпқараған шығанағынан оңтүстікке қарай балық аулауға қолайлы сулы жерлердің бәрі солардың иелігінде болды. Саудагерлерден өзге қаланың уақытша тұрғындары, түркімендер мен жатақ қазақтар да балық шаруашылығын кәсіп етті.

Орыс балық кәсіпшілерінің балық аулап, қабылдайтын тұрақты – 11, түрікмен байларының – 11, қазақ шонжарларының – 9 бірлестігі (ватага) және 7 уақытша өндіріс орны жұмыс істеді. Олардың 1587 балық таситын қайығы мен кемесі болса, аталған кәсіпорындарда таза балық аулау ісімен айналысатын 3500 жұмысшы жұмыс істеді [18, 6-б.]. Орыс балық кәсіпкерлерінің осы тұрақты 11 ватагасында ауланған балық және балық өнімдері 579900 сомды құраған [19, 27-б.].

Балықшылықпен айналысудың тиімді болғаны соншама, Форт Александровскінің 1500 тұрғынының 187-і ғана қолөнермен, қалғандары ұсақ балық кәсіпшіліктерінде мердігерлік жүйе бойынша жұмыс істеген.

З.Дубский өз қоймаларында балықшылардан қабылдаған балықтарын Астраханға апарып өткізіп отырған. 1886 жылдан бастап өздері аулаған балықтарын түркімендер де Астраханға емес, З.Дубскийдің мұз қоймасына әкеліп өткізген [20, 4-б.].

Ірі балық кәсіпкерлері балықшыларға қол ұшын беріп, жергілікті халықты жұмыспен қамтығанымен, кәсіпкер мен балықшы арасындағы шарттың жиі бұзылуы, балық құнының төмен бағалануы, еңбекақы мен балыққа төленетін төлемақының кешіктірілуі, ақша орнына қажетсіз тауар беру сияқты қанаушылық басым болды.

Сондықтан болар қазақтар арасында балық аулау кәсіпшілігі кең қанат жая алмады. Оның негізгі себептерінің бірі – балық аулау құралдары мен қайықтардың жетіспеуі болса, екіншіден балық аулаған қазақтарға айыппұл салынып, оларға балық

аулау құралдарын сатуға тыйым салынды. Үшінші себебі балық кәсіпшілігі тек монополистердің қолында болды.

Жылдан-жылға қалада тұрақты орныққан сауда жасайтын саудагерлердің саны өсті. Егер қаладағы саудагерлердің саны 1850 ж. 5-ақ болса, 1863 ж. – 18, 1870 ж. – 33, ал 1892 ж. – 79-ға жеткен. Осы 79 саудагердің 79 дүкені болды. Оның 23-інде – ет, 4-інде – сыра, 28-інде – ұсақ-түйек, ал 24-інде – мануфактура, бакалея, галантерея бұйымдары сатылған [21, 139-б.]. Қазақтар негізінен мал және мал өнімдерін сатумен айналысқан, олардың барлығы 23 адам. 1897 жылы 15 қазақ саудагерінің 4-інде ет дүкені болған. Қалада Түркімен Адай болысынан ағайынды Тоқжан, Ержан, Қосым Мырзабаевтар тек мал және мал өнімдерін сатумен айналысқан [22, 13-п.].

1872 жылы Форт Александровск базарындағы саудагерлерге сауда-саттықпен айналысу құқы белгіленген куәлік берілген. Олардың ішінде астрахандық Григорий Богатов жүзім шарабын сату, Матвей Лисицин, Григорий Соградов, Иван Джемшидов темекі сату құқығына ие болған. Барлығы 19 саудагер, оның 17-і астрахандық армян, қалған 2-нің бірі - қазақ Есенғараев Ермек, екіншісі түркімен Алмамбет Қошмамбетов. Соңғы екеуіне куәлік ұсақ-түйек сату үшін берілген [6, 46-п.].

Форт базарындағы тұрақты сауда мөлшері біркелкі болмады. Сұранысқа қарай бір жылдары көп тауар әкелінсе, сонша тауар сыртқа шығарылып отырған. Мысалы, 1891 жылы Форт Александровск базарына 333 751 сомның тауары әкелініп, 227 550 сомның тауары сыртқа шығарылған. Ал келесі жылы 306 459 сомға тауар әкелініп, 244 966 сомның тауары шығарылған. 1893 жылғы әкелінген тауар құны – 232 740 сомды, шығарылғаны – 183 974 сом 20 тиынды құраған [23, 15-п.]. Соған байланысты базар нарқы да тұрақты болмаған. Саудагерлер сырттан тауар аз келсе, бағаны шарықтатып, көп келсе қалыпты құнына түсірген. Бұл, әсіресе, күнделікті сұраныстағы азық-түлік, нан өнімдеріне қатысты. Керісінше көшпелілер айырбасқа салатын мал өнімдерінің құны бір қалыпты немесе саудагерлер бір қалыпты бағаны үнемі ұстап отыруға тырысқандығы байқалады. **Тарихи деректер зерттеліп отырған кезеңде сауданың үш түрі жүргізілгенін айғақтайды.** Олар: ежелден келе жатқан керуен жолдарындағы ішкі қазақ даласындағы айырбас сауда, кезеңдік (маусымдық) немесе арнайы бір белгіленген уақытта жүргізілетін жәрмеңкелік сауда және негізінен қалада шоғырланған белгіленген сауда орны бар тұрақты сауда.

Ресей көпестері баю мақсатында түбеге жүргізілетін сауданың әр түрлі формалары мен әдістерін пайдаланды. Алғашқы кезеңде қазақ даласында кеңінен қолданылып, белең алған тасымалы сауда түрі болды. Тасымалы сауда айырбастау сипатында жүргізілді. Айырбас саудасы барысында ақшаның эквивалентті рөлін негізінен малдар мен мал өнімдері алды. Тасымалы сауданың өзіне тән ерекшеліктерінің бірі әкелінген тауарлар несиеге және заемға беріліп отырды. Бұл жағдайда әкелінген тауарлар бағасы көтерілді де, жергілікті мал өнімдеріне қойылған бұрынғы баға жартысына дейін төмендеген. Саудагерлер көшпелілерге қажетті бұйымдар мен азық-түлікті өздері жеткізгені үшін мемлекетке салық төлемеді және тауарларын еркін

бағаға сатты. Сауданың мұндай сипаты саудагерлерге тиімді, жергілікті халыққа тиімсіз болды.

Жергілікті тұрғындардың сапалы тауар, арзан азық-түлікпен қамтамасыз етуін талап еткен өтініш-тілектерін қанағаттандыру үшін жергілікті үкімет XIX ғ. 80-жылдарына қарай түбегте сауда жұмысын жолға қою үшін біраз өзгерістер енгізіп, саудагерлерден мемлекеттік салық жинауға шешім шығарды. Фортқа келетін тауарларға шектеу қойып, уезд басқармасы саудагерлерден сатылатын тауарларының тізімі, бағасы көрсетілген сатуға рұқсат сұрайтын өтініш қағазын талап етті. Егер бағасы халыққа тиімді болса, сатуға патент билетін беретін болды және құжатта көрсетілген бағамен сатылуын қадағалау үшін болыс басқармасындағыларға қойылған баға алдын ала хабарланды. Үкімет осылайша Форт Александровскідегі сауданы мемлекеттік тұрғыда реттемек болды. Бірақ, бұл саудагерлердің наразылығын тудырып, олар тауар әкелуден бас тартты. Сондықтан Форт Александровскіде айырбас сауда басым болып қала берді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Маңғыстау облыстық мемлекеттік мұрағаты (МОММ). 475-қор. Есбол Өмірбаевтың жеке қоры.
2. Хозяйство казахов на рубеже. XIX – XX веков. – Алма-Ата, 1980. – С. 86.
3. Ищенко М.М., Казбеков И.С. и др. Особенности сельского хозяйства Адаевского уезда. - Л., 1929. – 215 с.
4. Залесский Б. Жизнь казахских степей. Казах сахарасына саяхат. – Алматы: Өнер, 1991. 131-б.
5. ҚР ОММ. 40-қ., 1-т., 400-іс, 1-п.
6. ҚР ОММ. 85-қ., 1-т., 55-іс, 19-56-пп.
7. Казанцев И.М. Описание киргиз-кайсаков. – СПб., 1867. - VIII. - м/ф.
8. Законы и инструкции, действ/ие в Каспийском рыболовном районе.-Астрахань, 1913.– 60 с.
9. ҚР ОММ. 284-қ., 1-т., 1-іс, 105-п.
10. Турсунова М.С. Казахи Мангышлака во II половине XIX века. – Алматы, 1977. – 179 с.
11. Ливкин Д.А. Рыболовство и тюлений промысел на восточном побережье Каспийского моря. – СПб., 1902. – 155 с.
12. Обзор Закаспийской области с 1882 по 1890 г. – Асхабад, 1892.–табл.№11.
13. ҚР ОММ. 40-қ., 1-т., 1081-іс, 65-п.
14. Известия Кавказского отдела РГО. – Тифлис, 1873. – т. 2. – С. 67.
15. ҚР ОММ. 40-қ., 1-т., 209-іс, 4-п.
16. ҚР ОММ. 4-қ., 1-т., 400-іс, 25-п.
17. Сборник работ по чуме. - СПб., 1907. – Вып. 1. – 90 с.
18. Өмірбаев Е, Сыдықов Қ. Октябрь арайында. – Алматы, 1979. – 120 б.
19. Дариенко В.И. Установление Советской власти на Мангышлаке // Изв. АН Туркменской ССР. - Серия обществ. наук. – Ашхабад: Ылым, 1987. – № 6. – С. 27-33.103 ҚР ОММ., 40-қ., 1-т., 619-іс, 28-п.
20. Сухамбердиев М. Сквозь века // Местное время, 1995, 2, 7 февраля.
21. Турсунова М.С. Из истории казахов Мангышлака во второй половине XIX века // Материалы и исследования по этнографии казахского народа. – Алма-Ата: Изд. АН Каз.ССР, 1963. – С. 170.
22. ҚР ОММ. 40-қ., 1-т. кос, 69-іс, 13-п.
23. ҚР ОММ. 40-қ., 1-т., 882-іс, 69-п.

КӨПҚЫРЛЫ МӘДЕНИ ҮДЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҮЛГІЛЕРІ

Зинагүл БИСЕМБАЕВА,
Сәуле ЖОЛДЫБАЕВА,
Самат ТҮРҒАНБЕКОВ,
С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық Медицина
университетінің оқытушылары

Тарихи дәуірлер мен кезеңдерде Орта Азия түрлі мәдениеттерді тоғыстырған катализаторлық кеңістік қызметін атқарды. Мәдени сұхбаттастық әр дәуірде өзінше айқындалып, саяси, экономикалық және мәдени шешуші сәттер орын алып жатты. Мәселен, *«Көне Талас территорияларына археологиялық жұмыстар жүргізу барысында Т.Н.Сенигова VI-VIII ғасырларда Талас және оның маңын мекен еткен халықтардың манихейлік дінді ұстанғанын куәландыратын материалдар тапты. Оңтүстік Қазақстан, соның ішінде «Шығыс – Батыс» сауда-саттық жолдары торабында орналасқан Таласта манихейлік нышанының пайда болуы – сыртқы сауда-саттық пен Соғдылардың миссионерлік шығармашылығымен, зороастризммен қатар өмір сүрген қуатты манихейлік қауымдастықпен және оның өмірдің барлық саласында маңызды орынға ие болуымен байланысты»* [1, 19-б.].

VIII ғасырда Орта Азия кеңістігіне араб-мұсылмандық мәдениеттің келуімен жаңа серпіліс басталды және ол жергілікті дәстүрлермен үйлесті. Уақыттық-кеңістіктік өлшеммен стихиялы сабақтасты және мазмұны синтезделген сипат алды. Дәуірдің мәдени даму үдерістерінен жаңа интеллектуалдар мен өз заманының алдыңғы қатарлы ойшылдары қалыптасты. Мәселен, олардың бірі және бірегейі Әбу Насыр әл-Фараби (870-950) еді. Ол ортағасырлардағы шығыс перипатетизмінің көрнекті өкілі ретінде көне антика, мұсылман, түркілік дәстүрлер мен мәдениеттерді өзара үйлестіргенін қазақстандық фарабитанушылар жан-жақты зерттеуде. *«Әл-Фарабидің Орта Азиядағы Ренессанс кезінде өмірге келуі, өрістеуі тарихи кездейсоқтық емес... Орта Азиядағы Ренессанс (IX-XIII ғғ.) араб мәдениетімен (VIII-XIII ғғ.), тіпті Қытайдағы гуманистік жаңғырумен (VIII-XIV ғғ.) үйлеседі. Еуразиялық кеңістіктегі қайта өрлеу дәуірінің бастауы жалқы емес. Оның бір кезеңі мен бағдары шығыс пен батыс мәдениетін тоғыстырған «Жібек жолының» тарихымен тамырлас. Ел аңсарына қозғаушы күш болған ғұламалар араб, түрік, парсы мәдениетін ислам рухында жинақтады, жүйеледі. Ақындар да, ғұламалар да жергілікті дәстүрдің әлеуметтік және діни мазмұндарын бір мағынада қабылдады, әрі қолданды. Әл-Фараби о бастан-ақ түріктік, исламдық және шығыстық өркениеттен нәр алды, сол әлеуметтік-мәдени орталармен араласып есейді»* [2, 143-б.].

1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы мемлекеттік тәуелсіздігін бүкіл әлемге жария етті. Тәуелсіздікпен келген және мемлекет пен халық таңдаған негізгі құндылықтар еркіндік пен ашықтық болды. Қазақтың бағзы замандардан бойына сіңіріп келген қонақжайлылық қасиеті тәуелсіздіктің қиын-қыстау кезеңдерінде айқын көрінісін тапса, ол қазақтың тарих сахнасындағы алғашқы таңдауы емес-ті.

Қазақстан Республикасы жаңа дәуірді басынан кешіруде 1991 жылдың 29 тамызында ядролық қарудан және қаруланудан бас тартты. Бұл тәуелсіздікпен келген жетістіктердің бірі еді. Ядролық қарусыздану еліміздің жаһандық жетістіктерінің бірі және жаңа республиканың әділ қадамын әлем мемлекеттері мойындады. Мұндай батыл шешім қазіргі таңдағы дүниежүзілік ядролық клубқа енетін мемлекеттерге көрсетілген үлгілі іс болды. Кезінде күшті қаруы бар кейбір мемлекеттердің игі бастаманы шынайы қабылдауы мен елемейі мардымсыз әрекет саналды және 29 тамыз бүкіләлемдік ядролық қарусыздану күні ретінде халықаралық деңгейде қабылданды. Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап әлемді үнқатысу мен бірігуге, өзара болысу мен демеуге шақырып келеді. Көнеден рухани тамырынан қол үзбеген дәстүрлі қоғамымыз жаңа әлемдегі жаңғыру үдерісін сәтті де тиімді игеруде.

Түрлі тарихи және саяси жағдайлар нәтижесінде бірнеше ұлттар мен ұлыстар XX ғасырда қазақ топырағына жер аударылған болатын. Келушілер үшін қазақ жері жаңа отанына айналды және мәдениеттер интеграциясын сол кезең саясаты мен идеологиясы күштеп ендірі. Қазақстан Республикасы Конституциясында азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтары, мүмкіндіктері тең дәрежеде қабылданды және үдеріс демократиялық жолмен жүзеге асуда. Мемлекеттің кеңестік-атеистік режимнен кейінгі ашықтық, демократиялық саясатының соңы Қазақстанда діни әралуандылықты қалыптастырды. Әйткенмен, жиырма жылдан астам уақыт өлшемінде жаңа дәуірді бастан кешіру барысында этностық, мәдени және діни әралуандылыққа қарамастан, мемлекетімізде бейбітшілік пен тұрақтылық сақталып келеді.

1995 жылдың 1 наурызында Қазақстан халықтары ассамблеясы құрылды. Қазіргі Қазақстанда 140 этнос өкілдері мен 17 конфессия бейбіт қатар өмір сүруде. Азаматтық татулық пен ұлтаралық келісім, әлем мәдениеттері мен діндерінің үндесуі Қазақстанның әлемдік деңгейдегі үлгісі ретінде танылды. Қазақстан мәдениетаралық және конфессияаралық үнқатысудың халықаралық орталығына айналды. Оған дәлел ең алғаш рет Әлемдік және дәстүрлі діндердің төрт съезі тек Қазақстанда ғана өтті (I съезд – 2003 ж., II съезд – 2006 ж., III съезд – 2009 ж., IV съезд – 2012 ж.). Соңғы съезд жұмысында ел Президенті: *«Адамзаттың жаһандық тарихында Бейбітшілік пен Келісімнен өткен құндылықтар болған емес. Мен полимәдениеттілік, этностық және діни саналуандық – қоғам үшін қатер емес, орасан артықшылық деп есептеймін»*, – деп ерекше атап өтті [1].

Жаһандану дәуірі әлемдік үрдіске айналған шақта мәдениеттер мен діндердің бейбіт қатар өмір сүру жағдайы туындады және оған қазақ қоғамының икемделуіне мемлекеттік саясат маңызды ықпал етті.

Сондықтан да Қазақстан көпұлтты сипаты бар, бірақ біртұтас мемлекет ретінде әлем сахнасына шықты. Түрлі этностардың бейбітшілік пен келісімде өмір сүруі барша қазақстандық азаматтардың басты қағидасына айналып отыр. Кемел қоғамды қалыптастырудың негізгі компоненттері мен шарттары көп және олардың түбегейлі жемісі – азаматтық қоғам құру міндеті. «Азаматтық қоғам дамуда, тәуелсіз БАҚ жұмыс істеуде. Түрлі бағыттағы 18 мыңнан астам үкіметтік емес ұйымдар жұмыс істейді. 2,5 мыңдай БАҚ бар, оның 90%-ы – жеке иелікте» [2].

Әлемдік жаһандық үдерістің құрамдас бөлігі ретінде Қазақстан қоғамының ұлттық дәстүр мен мәдениетінің әралуан мәдени сипат алуы кездейсоқтық емес. Мәдениеттер мен құндылықтардың жедел интеграциясына серпін берген жаңа масс-медиа қарыштап дамып келеді. Мұндай жаппай қозғалыстың қазақ мәдени кеңістігінде көрініс беруі әлемдік үдерістің бір көрінісі ғана. Заманауи әлеуметтанушылар мен мәдениеттанушылардың жаһандық мәдени динамиканың тетіктеріне жағымды мән-мазмұн беруінің орынды сипаты да бар. «Сондай-ақ, интернет+компьютер бүгінгі гуманитарлы ғылымның күн тәртібінде тұрған идентификация форматын радикалды түрде өзгертуде. Қазіргі таңда әлеуметтанушылар, философтар мен психологтар көп жазып жүрген ұлттық идентификация қауіптілігі болса, ол жаһандану, интернет немесе трансұлтшылдық, космополитизация т.б. үдерістерінен емес, қоғамның компьютеризациялануы мен интернетизациялануынан. Сонымен қатар терең экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени және көркем трансформацияланған жаңа медиа «адамды» және оның субъективтілігі мен идентификациясының қалыптасу тәсілдерінің құрылымын радикалды түрде трансформациялауда. Ол модерн субъектісіне қарағанда өзге «субъект»» [3, 6-б.].

Заманауи мәдени кеңістіктегі мәдениет түсінігінің мәні саналуандылыққа айналды және метафизикалық біржақтылықтан прагматикалық икемділікке бет бұрды. Тіпті ұлттық идентификация мен этномәдениеттің айшықталмауының және айқындалуының мүмкін емес себебі полимәдениеттіліктің қалыптасып отырғанынан да, тілдік шұбарлықтан да емес. «Трубецкийдің пайымдауынша, ең ауыр күнә шекаралардың бұзылуы болып табылады. Постмодерн болса шекаралардың жойылуымен шұғылданады. Адамның іргелі өзгешелігіне вертикалды локомоция мен жыныстық диморфизм жатады. Ал вертикалды локомоциясыз адам түсінігіндегі Құдай тақырыбы жоғалады» [4, 13-б.]. Ұлттық мәдениет пен құндылықтардың жаңғыруы заманауи дәуірдің маңызды шарттарының бірі және шектелудің түйықталуға соқпатының айқын. Заманауи дәуір сипатының саналуандығы мен оған баға берушіліктің жан-жақтылығы қазіргі мәдениет тұтастығының көпқырлы болмысында. Оның жедел масс-медиа құралдарымен коммуникациялануында және адамзаттың мәдениетті өндіруі мен тұтынуында. Қазіргі әлеуметтік ғылымдардың алдында тұрған мәселелердің бірі – үшінші индустриялық жаңашылдық. «Қазіргі таңдағы террор масс-медиа құралдары арқылы жүзеге асуда. Барлығы барлығынан қорқады, сондықтан да террор қазіргі жинақтаудағы негативті стратегия болып табылады: бұл қауіп адамдарды сіңісуге мәжбүрлейді. Бірақ жинақтаудың позитивті тұстары жайлы да ойлану керек. Этнос деструктивті әрекет етеді, бірақ біз ол қалай конструктивті әрекет ете алатынын түсінуіміз қажет. Сұхбатты қазіргі таңда «құрама интерсубъективтілік» деп атайды. Париж

қаласының маңында өмір сүріп жатқан араб мемлекеттерінен келушілер интеграцияға, оқиғаға енгісі келмейді. Олар оқиғадан тыс қалуда. Сіңіскісі келмейтін кейбір қауымдастық болмысы да бар. «Мәдени қазан» және *мультимәдениет идеялары ескіргеніне біршама уақыт өтті. Иммигранттар француз немесе американ ұлттарына сіңіскісі келмейді. Мұнда ұлттық мінез-құлықтың ешбір ықпалға мойымайтын сақталуы сынды өзіне тән онтологиясы жайлы айтуға болады*» [3, 18-б.].

XXI ғасырдың басы терроризм, посткеңестік түрлі-түсті революциялар, араб көктемі, батыс елдерінде және әлемді жайлаған экономикалық дағдарыс індеттерімен басталды және олар жаппай бас көтерулерге ұласты. Қозғалыстардың негізгілері саяси-экономикалық сипатта болса, олардың мәдени-құндылықтық астарлары да кемшін емес. Мемлекетаралық және ұлтаралық, басқаша айтқанда мәдениет пен құндылықтар қақтығыстары әлем саясаттанушылары мен мәдениеттанушыларын қатты алаңдатууда. «Заманауи әлем – бұл империялар емес, қауымдастықтар әлемі» [4, 18-б.].

Еліміздегі мәдени бағдарлардың көпқырлығы – қоғамда кейбір қайшылықтарды да тудырып үлгерді. Зайырлы, демократиялық қоғамның заңдары мен ұстанымдарына сәйкес келмейтін құндылықтық ұстанымдар да көріністерін беріп жатыр. «Қазақтарға, олардың мәдениеті мен дәстүрлеріне ауқымды еуразия кеңістігі, дала, олардың саяхат жасаған алыс қашықтықтары өз іздерін қалдырды. Мүмкін, өзге ортазиялық халықтарға қарағанда оларда жақсы және жағымсыз мағынадағы орыстану мен еуропалану да басым» [5, 37-б.]. Қазақ мемлекетінің ашықтық саясаты мен қоғамының дәстүрлі кеңпейілділігінің салдары да болар, үдемелі икемділік пен әлемдік жаһандық үдерістерге сана тез бейімделіп келеді. Әлеуметтік ғылым мен БАҚ беттерінде, қоғамдық санада «төзімділік» түсінігі қалыптасты және оған қоса «қазақстандық патриотизм» түсінігі өрбиде.

Жаңа әлем бейбітшілік пен келісімді талап етеді. Ғылым ғарышты игеріп, Жер шарының тұтас адам баласының мекені екенін көрсетуде. Жаңа технология адамзаттың бірігуіне түрткі болып, дәстүрлер арасындағы белестерді алуда. «Қажетті болып табылады: халықаралық және ішкі дамудағы өзекті мәселелер бойынша нақты бағыттарды жоғалтып алмау; өміршең тенденциялар қайнарларын жинақтау; назарды әлеуметтік және гуманитарлық технологияларды күшейтуге бағыттау; келісімге дайын болу және экстремизм элементтерінен алшақ болу. Бұл позитивті қадамдар түптеп келгенде дамудың инновациялық түріне бағытталған. Және де олар жаһандық әлемге енуге және ондағы өз орнын табуға мүмкіндік береді» [6, 169-170-бб.]. Жаппай жаһандық үдерістерде орын алған мәдениетаралық түсінбеушіліктер мен келіспеушіліктер, қақтығыстар болмауы тиіс. Бұл адамзаттың тарихы алдындағы үлкен сыны, білімі мен ағартушылық деңгейінің өлшемін айқындайды. Жаңғыруды қажетті мәдени заңдылық ретінде түсіну және шартты құбылыс ретінде қабылдаушылық шектілікті аластатады. Заманауи әлеуметтік ғылымдар мен өнер, әдебиет еркін тыныстауды, либералдылықты ұстанғанда ғана сапалы дәрежеге жетеді. Себебі: «Жаңа әлемде жаңа тән жаңғырады. Тән – жаңа, мәңгі жаңа, сондықтан ол жаңғырады» [6, 9-б.].

Адамзат даму барысында күннен-күнге ақпараттық өркениетке қарай қадам жасауда. Бұл үдерістер біздің өмірімізге жаңа өзгерістер, талаптар мен ережелерді әкелуде. Сондықтан да коммуникациялық

кеңістіктің сырын, оны ұйымдастыру жолдарын білу қазіргі қоғам дамуының қажетті шарттарының бірі. Заманауи ғылымның дамуымен бірге әлеуметтік қарым-қатынастар мүлдем жаңа деңгейге көтерілді. Адамдар арасындағы қатынастар технологиялық сипат алуымен қатар, оның негізінде мейлінше күрделене түсті. Мәдени-құндылықтық бағдарлардың өзгеруі қазіргі қоғамның әлеуметтік және саяси кеңістігінің құрылымында көрініс тауып отыр. Ақпаратты өндіру мен тұтыну жылдамдығы артуда. Кейінгі ғасырларда коммуникациялық технологиялар өз дамуының жаңа белесіне көтерілді. Осыған байланысты жеке адам мен бұқаралық санаға ықпал етуге маманданған жаңа мамандықтардың түрлері пайда болуда. Коммуникациялық технологиялар біздің өркениетіміздің басты белгілерінің біріне айналды.

Адамзат өз тарихи дамуындағы күрделі де жауапты сәтті бастан кешіруде. Жаңа тарихи дәуірдің алдында тұрмыз. Қоғамдық өмірдің жаңа формаларының ерекшелігі сонда, олар принципті түрде барлық әлемдік қауымдастықтың күш біріктіруі негізінде пайда болуы мүмкін. Сондай-ақ әлемдегі бір ғана мемлекет бүкіл әлемге өз үстемдігін жүргізе алмайды, әлемдегі діндердің біреуі ғана жеке абсолюттік құқыққа ие бола алмайды. Осының барлығы жиналып келгенде адамзат тағдырының ортақтастығын түйсінуге мен өзара ықпалдастығына әкелуі тиіс. Мұндай жағдайда мәдениет пен оның жаңашылдық мәселесінің өзектілігі күшейіп, осы бір екі ұғымға қайта-қайта зер салып, бағамдайтындығымызды айқындайды.

Қазіргі кезде көптеген зерттеушілер дәстүр мен жаңашылдықты бір-біріне қарама-қарсы дүниелер деп санайтын түсіндірмелер аясынан шықты. Олар дәстүр ұғымын ескірген дүние ретінде ғана емес, керісінше, тіршілік ету

сабақтастығын ұрпақтан-ұрпаққа тапсыратын мәдениеттің өмірлік маңызы бар ажырамас бөлігі, болмыстың әмбебаптығының көрінісі, қоғамның өзін-өзі жаңғыртуы деп пайымдайтын тұжырымдамаға көбірек ден қояды. Дәстүр тек сабақтастықтың ғана белгісі болып қалмайды, ол әрі жаңашылдықтың өрісін айқындаудың және оның әлеуметтік белсенділігі мен заңдылығының басты көрсеткіші де бола алады. Бұл мағынасында дәстүрді қоғамды эволюциялық жолмен өзгертудің және мәдениеттің өзін-өзі сақтау, дамыту мен қайта жандандырудың негізгі тетігі ретінде қарастырамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Зуев Ю., Торланбаева К. Манихейство и Талас / Ю.Зуев., К.Торланбаева // Тамыр №1 (6) январь-март 2002 г.
2. Молдабеков Ж.Ж. Рухани тектес ойшылдар. / Ж.Ж. Молдабеков // Аль-Фараби: Философия. Культура. Религия: Материалы международной научно-практической конференции, посвященной 75-летию КазНУ им. аль-Фараби / Алматы: Казак университеті, 2009. — 464 с.
3. Бейбітшілік пен келісім — адамзат тандауы / Егемен Каз/н №283-287.31.05.2012.
4. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан-2050» стратегиясы — қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан №828-831 (27902) 15 желтоқсан 2012 жыл.
5. Нуржанов Б.Г. Постмодернизм и новые медиа (компьютер и интернет) / Б.Г.Нуржанов // Тамыр, Выпуск 2(32) Алматы. — 2012 г.
6. Беседа с Алексеем Грякаловым «Философ — это гений места» / Тамыр, Выпуск 2(32) Алматы. — 2012 г.
7. Малинин Ю. Их так много! / Ю. Малинин // Тамыр, Выпуск 1(6) Алматы. — 2002 г.
8. Мерлин В. Пломбированный зуб. / В.Мерлин // Тамыр №1 (6) январь-март 2002 г.

ЭТНОЯЗЫКОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ КЫРГЫЗОВ В КАЗАХСТАНЕ

Майра РАЙЫМБЕКОВА,
старший преподаватель КазНУ им.Аль-Фараби

Как указал президент страны Н.А.Назарбаев: *«Основным механизмом укрепления нации является, конечно, язык. Потому что без полнокровного языка невозможно существование полнокровной нации»* [1,102 с.].

В современном Казахстане проживает этнически многоязычный народ, т.е. здесь проживает население, говорящее на языках различного происхождения и разных структурных групп. В настоящее время этноязыковая ситуация в Казахстане характеризуется высоким уровнем разнообразия и, с другой стороны, высоким положением двух этносов (казахов и русских) в отношении всех других этносов, усилением языкового разнообразия.

У каждого этноса в нашей стране есть своя история, своя культура и духовная сущность. В соответствии с Казахстанским законодательством, у них есть полная возможность проживать в успешных условиях, полноправно пользоваться своим родным языком, обучать и воспитывать своих детей на своем языке и жить в мире с другими переселившимися народами.

Известно, что в нашем многонациональном государстве обычное проживание этносов, их стабильное и мирное взаимоотношение связано с языковой политикой. Как указал в связи с этим наш Президент, *«Если основой основ этнического единства является язык, то и без такого языка национального единства быть не может»* [1,121 с.].

Сообразно рассматриваемому вопросу, для достижения цели развития языков этнических групп необходимо: оказать поддержку со стороны государства обучению представителей этнических диаспор на их родном языке; нужно приступить к созданию условий средствам массовых информационных работ на этнически общем языке [2, 61 с.].

Язык любого этноса является основой сохранения его культуры и традиций. Поэтому, так как материальная, духовная ценность каждой национальности выделяется своей национальной индивидуальностью, она создается и укрепляется через язык этой национальности. В Казахстане на равноправие национальностей уделяется особое внимание. А его основа создается из развития

литературы и языка каждой народности, проживающей в нашей стране.

В целом в нашей стране по результатам Национальной переписи 2009 года количество человек в возрасте 15 лет и старше, освоивших казахский язык, составило 8 992,2 тыс.человек (74,0%), из них мужчин - 4 320,2 тыс.человек или 75,3% из общего количества мужчин и женщин - 4 672,0 тыс.человек, или 72,8% из общего количества женщин. Казахи возрастной категории 15 лет и старше по уровню владения казахским языком показали следующее: устно понимают - 7 198 880 человек (98,3%), свободно читают - 6 986 634 человек (95,4%) и свободно пишут - 6 819 898 человек (93,2%) [3, 307-323сс].

В целом по итогам Национальной переписи 2009 года в качестве родного языка язык своей национальности считают 14965,6 тыс.человек (93,5%), язык другой национальности - 1044,0 тыс. человек (6,5%) [3, 307-323сс].

Показатели в процентах считающих родным языком язык своей национальности по республике отражаются следующим образом: язык своей национальности считают родным 98,9% казахов, 98,8% русских, 96,3% дунганов, 95,4% узбеков, 92,8% турков, 92,4% таджиков, 85,0% уйгуров, 77,8% чеченцев, 73,7% кыргызов и 73,4% азербайджанцев. Из этого можно заключить следующий вывод: в нашей стране киргизский этнос по принятию своим родным язык своей национальности занимают девятое место. При проведении переписи населения для определения уровня владения этими языками особое внимание уделялось вопросу знания казахского, русского и английского языков.

В ходе усвоения киргизами родного языка значительный интерес вызывает взаимосвязь республиканский и территориальный, а также тенденция говорить на языке других этносов. В этом отношении киргизский язык, так же как и другие языки, может связываться с другими этносами в первую очередь этнодифференциальным фактором. В соответствии с этим, обозначая свою этническую форму, он выполняет ведущую роль в национальной культуре посредством структуры и сферы использования. Таким образом, обобщая вышесказанное, киргизский язык является особым признаком этнических процессов.

На процессы говорения кыргызов важное влияние оказывает национальный состав населения района, населенного пункта, края или области.

Если взять целиком по республике, то показатели говорения на родном языке исследуемого этноса в виде таблицы будут выглядеть в следующем виде.

Таблица 1.

	Количество человек этой национальности	Из них считают родным языком:			
		Язык своей национальности		Языки других национальностей	
		человек	в % показателях	человек	в % показателях
Всего кыргызов	23274	17164	73,7	6110	26,3
из них мужчин	10967	8150	74,3	2817	25,7
из них женщин	12307	9014	73,2	3293	26,8

Сведения в таблице показывают, что в 2009

году произошли значительные изменения. Во-первых, знание своего родного языка занимает высокие показатели, примерно 73,7%. При этом в этих сведениях уровень знания мужчинами языка по сравнению с женщинами выше на 1,1%. А показатели знаний языков других национальностей 26,3 %, анализ по половому признаку показывает, что уровень знания мужчинами по сравнению с женщинами ниже на 1,1%.

В следующей 2 таблице в процентном отношении рассматриваются показатели говорения казахстанских кыргызов (возрастная категория 15 лет и старше) на государственном казахском языке по состоянию на 2009 год [3, 315-323 сс].

Таблица 2.		Показатели говорения на государственном языке					
	Всего	устно понимают	%	свободно читают	%	свободно пишут	%
Всего							
Кыргызов	17605	16303	92,7	12455	70,7	11021	62,6
по городу							
Кыргызов	12028	11036	91,8	8185	68	7114	59,1
по селу							
Кыргызов	5577	5277	94,6	4270	76,6	3907	70,1

В целом по итогам показателей говорения киргизами на государственном казахском языке количество устно говорящих имеют высокий показатель - 92,7 %, а по территориальным особенностям мы видим, что сельские жители владеют языком на 2,8 процентов выше, чем жители городов. Наряду с этим, свободно читающих на государственном казахском языке тоже жители села имеют показатели выше, чем городские жители на 8,6 процентов. Ну, а итоги показателей свободно пишущих по жителям села выше на 11 процентов. Это можно объяснить по следующему определению, во-первых: в сельских местностях присутствует одноязычная языковая среда. Поэтому там тенденция правильно говорить на государственном языке объясняется возможностью говорить и поддерживать взаимосвязь с соседями и другими соотечественниками. Во-вторых, город отличается многонациональным составом, там есть разнообразие языков проживающих отдельных групп, т.е. малых этносов и преобладание русского языка.

Если обратить внимание на киргизский народ, то они входят в ряды пяти этносов высокими показателями говорения на государственном казахском языке. Если показать в сравнении, то по переписи 2009 года в Казахстане лучше всех владеющие казахским языком родственные тюркоязычные народы - это каракалпаки, киргизы, уйгуры, узбеки и турки.

Наряду с государственным языком русский язык тоже широко применяется, следующие сведения являются тому доказательством: в возрастной категории 15 лет и старше 11 471,0 тыс.человек (94,4%) - понимают устно, 10 724,9 тыс.человек (88,2%) - свободно читают и 10 309,5 тыс. Человек (84,8%) - свободно пишут. В городах по сравнению с сельскими местностями уровень владения русским языком выше [4, 24 сс.]. В Казахстане доля владеющих английским языком среди корейцев, казахов, уйгуров, татаров, русских и кыргызов

значительно высока (12,6-24,2%). Уровень владения английским языком в городах по сравнению с сельскими местностями значительно выше.

В приведенной ниже таблице 3 рассматриваются особенности владения киргизского этноса языками других национальностей, т.е. русским и английским языками.

Таблица 3.

Уровень владения казахстанскими киргизами (возрастная категория 15 лет и старше) русским и английским языками в процентных показателях [3, 315-323 сс.].

Таблица 3.	Количество человек	Уровень владения языками											
		Русский язык						Английский язык					
		устно понимают	%	свободно читают	%	свободно пишут	%	устно понимают	%	свободно читают	%	свободно пишут	%
Всего кыргызов	17605	16284	92,5	13587	77,2	12545	71,3	2222	12,6	1374	7,8	1028	5,8
Городских кыргызов	12028	11394	94,7	9581	79,7	8790	73,1	1770	14,7	1112	9,2	842	7
Сельских кыргызов	5577	4890	87,7	4006	71,8	3755	67,3	452	8,1	262	4,7	188	3,3

Рассмотрим результаты таблицы: среди общего количества кыргызов уровень показателей знания русского языка, среди них уровень устно понимающих очень высок – он достигает 92,5 процентов. В целом процентный показатель свободно читающих – 77,2, а свободно пишущие достигают 71,3 процентов. Уровень владения русским языком городских жителей по сравнению с сельскими жителями выше на 7 процентов; а по свободно читающим по сравнению с сельскими жителями городские жители занимают выше на 7,9 процентов; количество свободно пишущих на русском языке городских кыргызов тоже на 5,8 процентов выше.

Такая обстановка в условиях многонационального Казахстана мы видим, что роль казахского языка как языка государственного и русского языка как средства межнациональных взаимоотношений только укрепляется. При этом языки малых этносов, уровень киргизского языка характеризуется ограниченностью распространения.

Теперь мы можем предполагать владение киргизским народом третьим языком – английским. В целом количество устно понимающих английский язык кыргызов 12,6 %, а по сравнению со свободно читающими количество свободно пишущих ниже на 2 процента. Показатели городских жителей по сравнению с сельскими жителями количество устно понимающих больше на 6,6 процентов. Свободно читающих на английском языке в сравнении городских жителей больше чем сельских жителей на 4,5 процентов. По итогам владения свободным письмом на третьем – английском языке показатели городских жителей выше на 4,3 процентов.

Наряду с этим среди языков, используемых в

республике, вместе с казахским языком русский и английский языки занимают большое место. Несмотря на то, что казахский язык является государственным, по привычке, оставшейся еще с советских времен, русский язык во многих отраслях жизни занимает главенствующую роль. Эта конкурентная обстановка двух языков превратилась в объект многих дискуссий.

Подводя итог, этноязыковая ситуация в нашей стране соотносится с состоянием всего народа, поэтому деятельность в развитии национального языка поднят на уровень государственной политики.

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Қазақстандағы кыргыздардың этнотілдік ерекшеліктері қарастырылады. Еліміздегі этнос өкілдерінің этномәдени дамуын көрсетуде және отбасылық қарым-қатынасындағы этнотілдік деңгейі зерделенеді.

SUMMARY

From the article will be considered ethno-linguistic features of Kirghiz. It will address issues like the development of ethnic culture and ethnic group level of representatives of ethno-linguistic relationships in families in our state.

ИСПОЛЬЗОВАННАЯ ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н.А. Ғасырлар тоғысында. – Алматы: Өнер. – 1998. – 288 с. Концепция развития науки в вузах Республики Казахстан // Высшая школа Казахстана. – 1999. № 1. – 156-158 с.

2. Примин В.В. Государственная программа функционирования, развития и изучения родных языков на 2001-2010 годы // Материалы Республиканской конференции по вопросам развития и изучения родных языков в национальных и воскресных школах. – Астана, – 2001. – 102-106 с.

3. Национальный состав, вероисповедание и владение языками в Республике Казахстан. Итоги Национальной переписи населения 2009 года Республики Казахстан. Статистический сборник // Под ред. Смаилова А.А. // -Астана, 2011. -307-323 сс.

4. Итоги Национальной состав в Республике Казахстан. Аналитический отчет. // Под ред. Смаилова А.А. // -Астана, 2011. -65 сс.

ТАСҚА ТАҢБАЛАНҒАН ТАРИХ БҰРМАЛАНБАУЫ ТИІС

Еліміздің тәуелсіздік алғанына ширек ғасыр болды. Ешқандай бұрмалаушылығы жоқ, шынайы тарих қашан қолға тиеді екен деп күтушілер де көп. Бұл тарих ең біріншіден, болашақ ұрпаққа, елге, елін сүйген әрбір азаматқа керек екені баршаға мәлім.

Ал қазір жазылған, жазылып жатқан тарихты оқи қалсаңыз, бұрмалаушылық, қисынсыз, түсініксіз, негізсіз деректер көп. Көптеген тарихшыларымыз кабинеттен шықпай, ғылым кандидаты, ғылым докторы дегендерді бір орынықта отырып-ақ алып жатыр. Археология қазбаларымен салыстырып, елді жүзге, руға бөлмей-ақ, қазақ халқының тұтастығын білдіретін туындылар жоқтың қасы. Бұл бір жағынан түсінікті шығар. Себебі, қазақ халқы өмір бойы жаугершілік, тоталитарлық қысым, өмір бойы біреуге тәуелді болып өмір сүріп келді ғой. Соңғы жылдары жазылған тарихи деректер жоғарыда айтып кеткендей сыңар жақты, біреуге жағыну, реформатор болып көріну белең алып барады. Шынайы тарих, біздіңше, археология, этнология, деректану, әлем тарихына сүйеніп жазылуы керек. Кейбір тарихшылар сол баяғы Ресей ғалымдарының, отаршылдық жылдардың деректерімен, өз болжамдарымен тарихи шығарма жазған болады. Ал негізінде олар болашағымызды «басқа жаққа» сүйреп бара жатқанын түсінбейді, түсінгісі келмейді, оның үстіне қағаз бетіне түскенді өзгерту өте қиын ғой, болашақ алдында жауап беретінін түсінбейтін сияқты. Ізденіс, шындыққа қол жеткізу жоқтың қасы.

Әрбір ұлтжанды азамат өз халқының, өз елінің тарихын білуге ұмтылуы заңды құбылыс. Содан болар әр тарихшы өзінше тарих беттерін өрбітіп жатыр. Бұл – өте ауыр да жауапты шаруа. Себебі қазақстандықтардың әр ғасырда өмірге көзқарастары әр түрлі болды. Бұған ұзақ жылдар бойы бодандықта болу көп әсер етті. Отан тарихын жазу үшін оны бірнеше кезеңге бөліп алу дұрыс сияқты. Қазақ тарихының жанашырлары да өз еңбектерін өздері өмір сүрген заманына лайықтап кезеңдерге бөліп алған. Оның үстіне халқымыздың тарихында болып өткен көптеген, тіпті қарама-қарсы оқиғаларға дұрыс баға беріп, оқиғалардың сипаты мен мәнін дұрыс аша білу ғылыми негізге, бір заңдылыққа сүйенсе ғана шындыққа жетіп, халықтың көңілінен шығады. Мұндай талпыныстар Абай Құнанбаевтың («Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы») шығармасында кездеседі. Бұған дейін шетел ойшылдары мен ғалымдары қазақ тарихын үзіп-үзіп қағазға түсіріп кеткен. Олар гректер мен римдіктер, ағылшындар мен немістер, АҚШ пен Ресей елдерінің өкілдерін атауға болады.

Қазақтың белгілі ғалымы М.Тынышпаев қазақ дәуірін екіге бөліп қараса, С.Асфендияров қазақ дәуірін үш кезеңге бөліп суреттейді. «Қазақ ССР тарихының» авторлары да төл тарихты бірнеше формацияларға бөледі. Дүние жүзі қазақтарының бірінші құрылтайында баяндама жасаған академик ағамыз М.Қозыбаев қазақ тарихын 9 дәуірге бөліп

қарайды: 1-қазақ даласында өмір сүрген тайпалар; 2-сақ-ғұндар заманы; 3-түркітекес тайпалар заманы; 4-қыпшақтар; 5-моңғол үстемдігі заманы, 6-қазақ хандары; 7-отаршылдық заманы; 8-қазақ халқының кеңес империясының бұғауында болуы; 9-егеменді ел Қазақстан. Бұдан кейін де жас зерттеушілер қағаз бетінде көптеген пікірлер білдірді. Алайда біз тәуелсіздік алған кезеңдегі қазақ тарихшыларының көшбасшысы, академик М.Қозыбаевтың пікіріне тоқтағанды жөн санаймыз. Қазақ хандығының 550 жылдығын атап жатсақ та, тарихшыларымыздың бір тұжырымға келмеуі, мүмкін, әр кезеңде еліміздің геосаясатынан шығар, осы уақытқа дейін орыс бодандығына әлі баға берілмеуі, әлде де болса ғалымдарымыздың жалтақтығы, оның үстіне саяси көсемдеріміздің ығынан шыға алмай, олардың қол шоқпары болып кеткендері жүрек ауыртады.

Өткен жылы Қазақ хандығының 550 жылдығы Ұлытау жерінде тойланды. «Ұлытау – ұлт кіндігі» ғой. Сондықтан жоңғарлар Ұлытауды жаулап алуға үлкен мән берген еді. Бірақ бірінші рет осы жерде біріккен қазақ жасағынан жоңғарлар жойқын тойтарыс алды. Бұланты-Білеуті шайқасының басталған жеріне халық ескерткіш қойды. Құптарлық іс. Бірақ осы шараға бір де бір тарихшы, этнограф, археолог қатысқан жоқ, жергілікті патриоттарды атамағанда. Бұл нені білдіреді? Үйде отырып бір кітаптан екінші кітапқа көшіріп, тарих жазушылардың көбейгенін білдіреді.

Осы жиында Бөгенбай мен Қабанбайдың, Кенже мен Апырдың, Жаулыбай мен Тайлақтың бір-ауыздылығы, бірлігі, достастығы сөз болды. Жай халық жүзге, руға бөлінудің, бірауызды болмаудың қаншалықты азабы барын, бірліктің не екенін түсінген сияқты. Қабанбайдың Бөгенбай ауырып қалғанда Көкшеге емші алдыруы, Бөгенбайдың Әбілқайыр ханның тізесін ала отыруын көріп, “Бөкем өз орнын енді ғана тапты” деуі екеуінің достығын көрсетеді. Арғын, Найман болып бөлінбеуінің, іштарлықтың жоқтығының, адалдығының белгісі ғой. Болашақ ұрпаққа өнеге боларлық ата-бабасының істеріне көздері жетті. Оның үстіне әскери тапқырлық, қолда барды қалай пайдалануды да естіген болды. Мен жетпісті еңсергенімде, қазақ жылқы малын тамақ, киім, сусын, көлік ретінде пайдаланғанын білсем де, оны соғыста қару ретінде пайдаланғанын бірінші рет естідім. Үш жүз жыл өтсе де, ата-бабамыздың әскери тактиканы қалай меңгергені таң қалдырады. Мысалы, ата-бабамыз жоңғар шебін бұзуға он бес мың асау жылқыны пайдаланған. Асау жылқыларды бір айғырға бастатып, жау шебіне айдап салып, таптатып, сосын ғана адам күшін пайдаланған. Ол ол ма, сол жылқыларды бастаған айғырға қорым соғып, сол биікті «айғырбасы» деп атаған ғой.

Ұлы Отан соғысында Кеңес әскері катюшаны алғаш қалай пайдаланса, қазақ та асау жылқыларды солай пайдаланған сияқты. Сонымен жылқы малын қазақ халқы бірінші болып қолға үйретіп, өзіне серік, қару, сусын, тамақ, киім, көлік ретінде пайдаланған халық. Қазір қазақ елінің әр қаласында

жылқы малына ескерткіш қою дәстүрге айналған. Жасасын қазақ халқы, оның жылқысы дегің келеді! Бүгінге дейін жылқы малын осындай көп мақсатқа пайдаланған халықты көріп пе едіңіздер! Оның үстіне Бұланты-Білеуті жерінде басталған жеңісті 1758 жылы Жоңғар мемлекетінің өз жерінде бітіріп, Жоңғар мемлекеті деген елді жер жүзі мемлекеттер тізімінен бір жолата жойып жіберу қазақ халқының қолынан келді.

Жоңғар хандығы (1635-1758 жж.) – феодалдық мемлекет. Бір кездері Шыңғыс хан империясының сол қанаты болған. Олар күшейген сәттен бастап қазаққа еш тыным бермей, ақыры 1723 жылғы әйгілі “Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға” ұласты. Біз ешкімге тиіспейтін жуас халықпыз, тиіскен жау, осы жоңғарлардың кебін киері сөзсіз. Негізінде, қазақ бір ауыз сөзбен жылағанды жұбатқан, діңкелегенді демеген, жасығанды жігерлендірген, түңілгенге үміт отын жаққан. Кішілікпен іріленетін, ойшылдықпен кемеңгерленетін, барлық мәселені келіссөзбен, дипломатиялық жолмен шешетін халық қой...

Осы жерде тағы да Ұлы Отан соғысында фашист басқыншыларын өз елінде Берлинде тізе бүктіру біздің халықтың өнегесі емес пе екен деген сұрақ көмейге тығылады. Ұлы Отан соғысы бес жылға созылды ғой, мүмкін И.Сталин мен К.Жуков біздің Бөгенбай мен Қабанбайдан бірдеме үйренген болар?! Сонымен ұзын сөздің қысқасы, қазақ халқы жоңғар хандығын 1758 жылы бір жолата жойып жіберді. Сөйтіп екі ғасырдай соғыста қазақ елін мүлде жойып, жерін жайлап, халқын құлдыққа айналдырамын деген Галден Церен (Гитлер сияқты) өз жерінде жер жастанды.

Осы жылы Бұланты-Білеуті шайқасы басталған жерде батырларымызға халық өздері ескерткіш қойды. Бірақ көбісі елге толық таныс емес, олар туралы деректер жоқтың қасы. Сондықтан бұл мәселе болашақ ұрпаққа, тарихшы ғалымдарымызға аманат болады ғой деп сенеміз. Соңғы кезде шыққан кітаптардың арасынан Камал Әбдірахманұлының «Қаракерей Қабанбай» (2008 жыл) шығармасы тарихи деректерге, жырларға, құжаттарға негізделіп жазылыпты. Сондай-ақ Тұрмағанбет Исмағұлұлының «Шұбыртпалы Жаулыбай батыры» (2006 жыл) естеліктер негізінде жазылып, халықтың қолына тиді. Бұлар аздық етеді. Апыр батыр, Кенже батыр (Малайсары батырдың ұлы), Тайлақ батырлар және т.б. туралы деректер өте аз.

ТЕКТІЛІК ІЗІ. Қазақ халқының жоңғарларға қарсы ұлы шайқастарында Абылай хан туының астына бірігіп, жауға қарсы ерлігімен танылған батырдың бірі – **Апыр батыр.**

Апыр батыр 1700 жылдары қазіргі Ұлытау ауданы Үлкен Бұлақ деген жерде дүниеге келіпті. Туған кезде-ақ нәресте ірілігімен жұртты таңғалдырған екен. Сол кезде ауылда 90 жастан асқан кейуана бесікке салуға келіп, «апырай, апырай, мұндай ірі бала туады екен ғой» деп таңғала беріпті. Баланың аяғы бесікке симап, шығып жатқан екен. Содан ауыл адамдары осы кейуанаға “өзіңіз баланың есімін қойыңыз” деп қолқа салған. Содан күні бойы таңғалған ана “апырай, апырай” дей беріппін, бұл нәрестенің аты «Апыр» болсын депті.

Өсе келе Апыр өзінен жасы үлкен балалармен ойнап, күреске, жарысқа, т.б. ойындарға әуес болыпты. Жас кезінде атпен теңге алу, аударыспақ,

көкпар ойындарында көзге түскен, одан басқа жылқы күзетінде, барымта болғандарын іздеп тауып әкелумен айналысыпты.

Жоңғарлардың қазақ еліне шабуылы Апырды да намысқа жүгіндірмей кете алмады. Содан өзі бастап ауыл азаматтары мен туыстарының басын қосып, бірнеше жүздеген адаммен Қабанбай батырдың жасағына қосылады.

Осы жерде Апыр өзінің ерліктерімен көзге түсіп, Қабанбай батырдың туын ұстау мәртебесіне дейін көтеріліп, көптеген ұрыстарда аты шығады. Бұл тудың діңгегі осы уақытта Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде сақтаулы тұр. Дене бітімі зор, алып күштің иесі болыпты, талай жекпе-жектерде жеңіске жетіпті. Қанжығалы Бөгенбай батыр Апырға «Ерлік көрсеттің, талай жаумен жекпе-жекте жеңіске жеттің, батыр атына лайық екенсің», – деп өз алдаспанын сыйға тартыпты.

Елді жоңғарлардан азат ету кезінде Қабанбайдың бөлек тапсырмасымен Апыр қырғыз батыры Шабдарханды тізе бүктіреді. Шабдархан жоңғар жағында болып, қазақ ауылдарын шауып, малдарын айдап, қыз-келіншектерін алып кетіп отырған. Сол батырды Апыр арнайы іздеп, ұйықтап жатқан жерінде, бұлақтың басында найзасымен табанынан түртіп оятып, елінің кегін алуға келгенін айтып, жекпе-жекке шақырады. Қырғыз батыры оның ұйықтап жатқанында басын алмағанына ырза болып, үш жылғы шауып алған малдарын есесімен қайтарыпты, сыйлыққа түйе бастаған «тоғызын» беріп, өзінің қызын Апыр батырға қосып, той думан жасап шығарып салыпты. Бұдан кейін Шабдархан батыр жоңғарға қарсы қазақ жағына шығып, талай соғыстарға қатысыпты.

Сол қырғыз қызынан тараған Апыр батыр ұрпағы өсіп-өніп, үлкен елге айналып, Ұлытаудың бөктеріндегі Сәтбаев қаласында 300-ге тарта түтін болып, ел игілігіне қызмет етуде. Жоғарыда “тоғыз” киелі санының қайдан шыққанын осы кезде айтып кеткім келіп отыр, бір мәселені қозғап отырып, екінші мәселеге кетіп қалыпты деп жазғырмаңыздар, себебі мен жазушы да, тарихшы да емеспін.

Біздің заманымызға дейін VII-VI ғасырда Уыз хан деген өтіпті. Ғұлама ғалым Мәшһүр Жүсіп: «*Уыз хан уақытында не кітап, не пайғамбар бірден бірі жоқ. Ол дүние жүзіне өмір жүргізген екен, алты баласы болыпты: Айхан, Күнхан, Таухан, Теңізхан, Жұлдызхан, Көкхан. Киіз үйді осы Уыз хан жасап, уызынан шығарып, сосын оның хақында үлкен той жасап, тоғыз жүз жылқы, тоқсан мың қой сойғызады. Тоқсан тоғыз саба тіккізіп, тоқсанына қымыз, тоғызына шарап толтырады. Тойға тоғыз, топырақты өлімге тоғыз. Сыйлыққа түйе бастаған тоғыз мал береді*». Біздің қазақта тоғыз санының киелі дейтініміз, осыдан басталған. Осы жерде қазақы **киелі жеті ұғымы** туралы айтып кетуді жөн көрдік. Өскелең ұрпақ біліп жүрсін. Олар төмендегідей.

I ЖЕТІ ҒАЛАМ

- 1.Шығыс
- 2.Батыс
- 3.Оңтүстік
- 4.Солтүстік
- 5.Көк (Аспан әлемі)
- 6.Жер беті
- 7.Жер асты

II ЖЕТІ АТА

- 1.Ата
- 2.Әке
- 3.Бала
- 4.Немере
- 5.Шөбере
- 6.Шөпшек
- 7.Немене

III ЖЕТІ КҮН

- 1.Дүйсенбі
- 2.Сейсенбі
- 3.Сәрсенбі
- 4.Бейсенбі
- 5.Жұма
- 6.Сенбі
- 7.Жексенбі.

IV ЖЕТІ ҚАЗЫНА

- 1.Түзу (берен) мылтық
- 2.Жүйрік ат
- 3.Құмай (алғыр) тазы
- 4.Аталы сөз
- 5.Ақыл, білім
- 6.Төрт түлік мал
- 7.Қыран бүркіт

VI ЖЕТІ ЖОҚ

- 1.Жерде – өлшеуіш жоқ
- 2.Аспанда – тіреуіш жоқ
- 3.Таста – тамыр жоқ
- 4.Тасбақада – талақ жоқ
- 5.Аллада – бауыр жоқ
- 6.Құста – сүт жоқ
- 7.Жылқыда – өт жоқ.

Апыр батыр Қожа Ахмет Яссауи көшенінде жерленген. Қазір сол мешітте жерленген хандар, билер мен батырлардың тізімінде 123-ші болып тіркелі тұр.

Негізінде Жарылқамыс, Жалаң, Сүйін, Бөлек, Бөрібай, Апыр, Тәнеке (Тәнке) батырлар – бүкіл найманның ұранына айналған Қаптағай батырдың ұрпақтары.

Тәнеке батыр – Апыр батырдың немересі. Тәнеке қазіргі Ұлытау өңіріндегі Арғанаты тауларының бөктерінде Тасқора деген жерде туыпты. М.Тынышпаевтың деректері бойынша, ол 1835-1840 жылдары өз руы Матаймен бірге Қапалға көшіп кеткен, Кенесары ханның кегін алушылардың бірі.

Кейбір деректерде Тәнеке батырды Қазіргі Талдықорған облысы Лепсі өзенінің жағасындағы Арғанаты тауының бөктерінде туған дейді. Кейінгі ұрпақтары бабаларының есімін есте қалдыру үшін Тәнеке батырдың атына ұқсастырып, Дәнеке, Құлеке деп атаған. Қазіргі Жезқазған-Қызылорда тас жолының сексенінші шақырымында Тәнеке (Танке) батыр аталған өзен-жыра бар. Ол өзеннің бойында Тәнеке немересі Жайықбай қыстағының орны, шегенделген Жайықбай құдығы деген құдық бар. Осы уақытқа дейін одан су ішуге болады.

Тәнке батырды Тәнеке батыр деп оның ұрпақтары көпке дейін шындықты жасырып келген. Кенесары Қасымов пен оның көмекші-жақтастары патша үкіметі мен КСРО кезінде көптеген қуғынға ұшырап, қысым көргені тарихтан белгілі. Қазір ғана Кенесарының аты шығып, қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілістерінің басшысы ретінде танылды. Кенесары ханды өз заманының қайталанбас тұлғаларының бірі ретінде қарастырған жөн. Себебі, патша үкіметі қазақ жерін, байлығын, барымта ретінде пайдаланып, әскери бекіністер салып, қазақтарды ата қонысынан айырып, мал жаятын жаңа жерлерді іздеуге мәжбүр етті. Оның үстіне патша үкіметінің алым-салығы жай халыққа ауыр тиді. Осылардың бәрі халық наразылығын тудырды. Бұдан 100 жыл бұрын, 1730 жылдары өз еркімен қосылған халықты Ресей патшалығының өктем саясаты Кенесары сияқты батырлары арқылы қарсы шығуға мәжбүр етті. Басқа елге, ұлтқа бодан болмай, тәуелсіз қазақ елін құру оның басты арманы болатын.

Кенесары ханның адал ниетін теріс бұрып, өз елінің жауы қылып көрсету – патша үкіметінің, кеңес

V ЖЕТІ ҚАТ КӨК

- 1.Ай
- 2.Күн
- 3.Шолпан
- 4.Есекқырған (Меркурий)
- 5.Қызыл жұлдыз (Марс)
- 6.Сатурн
- 7.Мүшпәри (Юпитер)

VII ЖЕТІ ЖЕТІМ

1. Ері болмаса, елі жетім.
- 2.Елі елемесе, ер жетім.
- 3.Өзен-көлсіз жер жетім.
- 4.Құсы болмаса, көз жетім.
- 5.Үрім-бұтақсыз, ата жетім
- 6.Ата анасыз бала жетім
- 7.Тыңдар құлақ болмаса, сөз жетім.

үкіметінің, орыс шовинизмінің бір көрінісі. Содан болар Кенесары ханның жақтаушылары осы уақытқа дейін толық ақталып, тарихтағы өз орындарын таппай келеді.

Жоғарыда аталған батырлардың ішінде **Бөлек батыр** туралы деректер өте аз. Оған ұлытаулықтар мен ақтөбеліктер таласып қалып жүр. Себебі жоңғарлармен соғыста Бөлек батыр ауыр жарақаттанып қалады. Содан Әлім руының азаматы майдан алаңынан оны алып шығып, үйіне әкеліп, емдеп, өздерінің қызын қосады. Қазір олар – бір тайпа ел.

Қазақ Совет энциклопедиясында Әлімнің Төртқара руынан белгісіз себептермен Матай руынан Төртқара аталығынан бөлініп шыққан делінген, таңбасы Матай руының таңбасымен бірдей, ұраны «Айыртау» болған бір ата бар. Айыртау қазіргі Ұлытау ауданы жерінде орналасқан. Төртқара күмбезі де осы жерде, Төртқара ұрпақтары да Ұлытау төңірегін жайлап отыр.

Тағы бір айта кететін мәселе, Бұланты өзенінің жартастарында осы уақытқа дейін сақталып келген жазулар, суреттер Бұланты-Білеуті шайқасынан маңызды деректер беретіні сөзсіз. Егер біздің мамандар өз кабинеттерінен шықса, мүмкін болашақ жастарымыз зерттер, егер олар сол уақытқа дейін сақтала қойса.

ТҮЙІН СӨЗ. Тарихты жаңғыртып, оны келер ұрпаққа аманаттау – аға буынның тынымсыз еңбегін қажет етері даусыз. Жаңа мақалада сөз болған Бұланты шайқасы басталған жерге дейін жол салынса, құба-құп болар еді. Негізінде бұл жер Ұлытау ауданы Байқоңыр кентінен 15-20 шақырымдай, Жезқазған-Бейнеу темір жолынан көрініп тұрған жер. Сондықтан да бұл ұсыныс қазақ темір жол басшыларының құлағына жетер деген ойдамыз. Осы жолды салуға себепші болған басшылар болашақ ұрпақтың мың да бір алғысына бөленер еді, болашақ туризмді айтпағанда. Қазақ-жоңғар соғысының мәні (1711-1758) совет-фашист (1941-1945) соғысының мәнімен бірдей деп қарастыру қажет. Ұлы Отан соғысының жеңісін қалай дәріптесек, ата-бабамыздың жоңғар хандығына қарсы соғысындағы жеңісін де сондай дәрежеде дәріптей білуіміз қажет. Тәуірімізді таптаған, дәстүрімізді даттаған заманда өмір сүріп келгеніміз қазір түсінікті болар. Сондықтан да, қазіргі заманда іштей бөлінбей, ынтымағымызды дамыта берейік.

Қай ел, қай ұлт болса да, өз бостандығына қол жеткізіп, «өзім» және «мен» деген сөздерді мақтанышпен айтқан күннен бастап, өз Отаны туралы тарих жаза бастауы керек. Ондай күн біздің Қазақстанда 16 желтоқсан 1991 жылы туып, санамызды жаңғыртып өтті ғой. Жоғарыда айтылып кеткен бір-екі жолдың куәсі, шындығы осы болар, 260 жылдан кейін біз өзімізді қайтадан жер жүзіне таныта бастадық қой. Қандай қиыншылықтарды, зорлық-зомбылықтарды жеңіп, отаршылдықтың мән-мағынасын, әдіс-айласын түп-тамырымен жеңген қазағымнан айналдым дегім келеді.

Дәрмен ОРАЗБАЕВ,
зейнеткер, запастағы полковник.
Астана қаласы.

Бағдат ҚАЗКЕНОВ,
Қарағанды облысы,
Сәтбаев қаласы.

ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІ

Төлеуғазы МҰҚАНОВ,
М.О.Әуезов атындағы Семей педагогикалық
колледжінің қоғамдық пәндер оқытушысы

Жалпы мақсат	1.Орта ғасырдағы Қазақстан жеріндегі түркі мәдениетінің даму ерекшелігі, көрнекті мәдениет, өнер ескерткіштері туралы білім беру. 2.Оқушыларды мәдениет, өнер ескерткіштерінің мәнін, маңыздылығын түсініп, бағалай білуге тәрбиелеу. 3.Оқушылардың тақырыпты терең игерулеріне, қосымша оқу материалдарымен жұмыс істеулеріне ықпал ету.
Күтілетін нәтижелер	- Орта ғасырдағы Қазақстан жеріндегі түркілік мәдениеттің дамуына ықпал жасаған тарихи жағдайларды талдайды; - Ортағасырлық қала мәдениетінің жандануын, сәулеттік және өнер ескерткіштерінің маңызын, құндылығын түсініп, пайымдайды; - Ортағасырлық әдеби шығармалардың мазмұнын, адамгершілік – ізгілік қағидаларды талдап, бағалайды.
Сабақ түрі	Семинар
Әдіс-тәсілдері	Топқа бөлу, СТО элементтерін пайдалану, қосымша материалмен жұмыс.
Тапсырмалар	Топпен, кесте, сызба, презентациялармен жұмыс; Әр топқа сұрақтар, тапсырмалар беру; Терминдермен жұмыс; Рефлексия.
Құралдар	Тақырыптық презентациялар, кесте, карта, суреттер, т.б.
I Ұйымдастыру. 1. Оқушыларды түгендеу. 2.Оқушылардың зейінін сабаққа аудару. Мұғалімнің іс-әрекеті: Оқушының іс-әрекеті:	
Ортағасырлық қалалардың, ескерткіштердің, мәдениет өкілдерінің аты жасырылған түстерді таңдату арқылы оқушыларды топқа бөліп, үй тапсырмасын беру.	Төрт топқа бөлінді. Біріншісі «Отырар» тобы, екіншісі «Айша бибі» тобы, үшіншісі «Иассауи» тобы.
II Үй тапсырмасын сұрау:	
Оқушылардың ортағасырлық түркілік мәдениеттің дамуына тарихи үдерістердің, оқиғалардың тигізген ықпалын мазмұнды түрде, деректер негізінде аша білуін қадағалау; Оқушылардың өз ойын жүйелі жеткізе білу, шешендік қабілетін бағалау.	1-тапсырма: Орта ғ. Қазақстан жеріндегі түркілік мәдениеттің дамуына ықпал жасаған тарихи жағдайларға баға беру, талдап сараптау: «Отырар» тобы: «Түркі қағанаттарының құрылуы мен нығаюының түркілік мәдениеттің қалыптасуы, өркендеуіне ықпалы» тақырыбын қорғау; «Айша бибі» тобы: «Араб шапқыншылығына байланысты ислам діні мен мәдениетінің таралуының түркілік мәдениетке әсері» тақырыбын қорғау; «Иассауи» тобы: «Моңғол шапқыншылығы және оның әлеуметтік-мәдени салдары» тақырыбын қорғау.
Оқушылардың қосымша әдебиеттермен ізденіс жұмыстарын жүргізу деңгейін қадағалау. Дайындаған тақырыптық презентациялар жұмысының сапасын бақылау. Тақырыптың мазмұнын аша білу, өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін анықтау.	2-тап: Кесте толтыру және презентация түрінде қорғау. «Отырар» тобы. «Айша бибі» тобы. «Иассауи» тобы. Ортағасырлық қала мәдениетінің дамуы. Ортағасырлық көрнекті сәулеттік ескерткіштер (А.Иассауи, Айша бибі, Арыстан баб, Қарахан, Алашахан т.б. кесенелер мен күмбездер). Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, «Қорқыт ата» кітабы мен «Оғызнама». Әл-Фараби, Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, т.б. өмірі мен шығармашылығы.
Оқушылардың өз ойларын қысқаша тұжырымдап, жүйелі қорғауын бағалау; Оқушылардың пікірінің нақтылығын, ғылымилығын бақылау.	3-тап: Нақты жауап беру, әр топшаға беріледі: Ұлы Жібек Жолының орта ғасырлық түркілік мәдениеттің дамуына тигізген ықпалы. 1..... 2..... 3..... Орта ғасырлардағы түріктердің Тәңірлік діни наным-сенімдеріне тән сипаттар. 1..... 2..... 3..... Ежелгі түріктердің балбал тастарды жасауына себеп: 1..... 2..... 3.....
III Білімнің меңгерілуін тексеру, бекіту.	
Тақырыптық презентациялар мен идеофильмдерді қолдана отырып сұрақтар қою, күрделі терминдермен жұмыс.	1.Ұлы Жібек жолы: Қазақстан – Шығыс пен Батыстың мәдени көпірі. 2.Орта ғасырлардағы түркілік мәдениеттің өрлеу себептері? 3.Ортағасырлық қалалық мәдениет пен көшпелі мәдениет байланысы. 4.Орта ғасырлық материалдық мәдениет ескерткіштері. 5.Ортағасырлық әдеби мұралар. 6.Тәңіршілдік, сопылық, ренессанс, т.б. терминдерге түсінік беру.
III Бағалау:	
Оқушылардың бағасы мен өзінің бағасы негізінде ортақ баға шығарып бағалайды	Топ басшылары топ мүшелерін бағалайды. Деңгейі Баға ұпай Өте жақсы «5» 17-20 Жақсы «4» 13-16 Қанағаттандырылдық «3» 8-13 Төмен «2» 0-7
IV Рефлексия:	
Бүгінгі сабақты қалай бағалайсыңдар, тақырыптың мазмұны ашылды ма, даулы мәселелер болды ма?	Оқушылар өз ойларын ауызша білдіреді: Сабақ мақсатының орындалуы, соны ой-пікірлердің айтылуы, кейін жарық көрген ғылыми материалдардың, деректердің пайдаланылуы, проблемалық, даулы мәселелерді шешуге көмектесуі, т.б.

САҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ТҰРМЫСЫ

Қарлыға ЗАЙЫРЛИЕВА,
Д.Нұрпейісова атындағы орта
мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: 1.Сақтар тарихы, шаруашылығы, тұрмысы, мәдениеті жайлы мәлімет беру. 2. Оқушылардың өз бетімен ізденіс жасау қабілетін, ой-өрісін, ойлау, сөйлеу мәдениетін арттыру. 3. Оқушылардың бойына патриоттық сезім ұялату, халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі: Сайыс сабақ.

Сабақ әдісі: Баяндау, сұрақ-жауап, топтық жұмыс, рөлдік ойын.

Көрнекілігі: Қазақстан картасы, суреттер.

Пәнаралық байланыс: география, әдебиет.

Қосымша материалдар:

- 1.Қазақстан тарихы I том.
- 2.Қазақстан тарихы очерктері.
- 3.Ежелгі Қазақстан Аруна, 2006.
- 4.История.Тарих. №5.
- 5.Қазақстан тарихы журнал жинақтары.

Сабақ барысы: I Ұйымдастыру бөлімі.

II Үй тапсырмасын тексеру.

А) Сабақтың мақсатын, түрін хабарлау.

Ә) Сыныпты топқа бөлу.

Б) Сайыс шарттарын түсіндіру.

«Сақ» кафесі, кафе әкімшілігі (өзім), кафе қызметкерін белгілеу.

«Сақ» кафесінің мәзірі.

I Тағам тапсырмалар. 1-топқа:

1.Сақтар туралы мәлімет беретін деректер? (зерттеушілерге сақтар туралы мағлұматтар беретін ежелгі мәтіндердің 2 тобы белгілі. Олар: 1) парсы патшасының жазбалары; 2) грек-рим авторларының шығармалары).

2. Грек тарихшыларының айтуына қарағанда сақтар қандай болған? («дұшпанға-қатал, досқа адал»).

2-топқа: 1.Парадарайа – (Қара теңіздің солтүстігі, Арал маңы, Сырдария мен Өмударияның төменгі ағысы).

2.Тиграхауда – (Сырдарияның орталығы, Тянь-Шань, Жетісу).

3.Хаумаварга (Мургаб аңғарында).

3-топқа: 1.Парсы жазбаларындағы «сақ» сөзінің мағынасы (құдіретті еркектер).

2.Иран жазбаларындағы «сақ» сөзінің мағынасы? (жүйрік атты турлар).

3.Грек авторлары сақтарды қалай атады? («азиялық скифтер»).

II Салат тапсырмалар. 1-топқа:

1) Б.з.б. I мыңжылдықта Орта Азия және Қазақстанды мекендеген тайпа? (сақ).

2) Геродот өз жазбаларында сақтарды қалай деп атады? (массагет).

3) Сақ қоғамында ақ түсті киімдерді кімдер киді? (абыздар).

4) Сақтарды аса жоғары құрметтеп, ең әділ, шыншыл деп есептеген кімдер? (гректер).

5) Сақтардың әйел патшасы (Томирис).

2-топқа: 1) «Дұшпанға-қатал, досқа адал» болған кімдер? (сақтар).

2) Сақтар қай өңірлерді мекендеген тайпа? (Орталық Азия мен Қазақстан).

3) Сақ қоғамындағы «сегізаяқтылар» деп кімді атаған? (малшы, егінші).

4) Сақ жауынгерлерінің киімінің түсі? (қызыл және сары-қызыл).

5) Сақ қоғамында кімдерді құрметтеп сыйлаған? (әйелдерді).

3-топқа: 1) Қазақстанның ежелгі тұрғындары (Сақ).

2) Мургаб аңғарында өмір сүрген тайпа? (хаумаварга).

3) Сақ қоғамында «арбада тұрғандар»? (жауынгерлер).

4) Малшы, егіншілердің киім түсі (сары, көк).

5) Шошақ төбелі сақтардың жиі қоныстанған орталығы (Жетісу).

III Сусын тапсырмалар.

Абыздардың танымал белгісі? (тостаған және айрықша бас киімі).

2.Сақ қоғамы қандай топтарға бөлінеді? (жауынгерлер, абыздар, малшылар, егіншілер).

3.Қауымдық жермен суды пайдалануды кімдер реттеп отырды? (тайпа көсемдері).

Сайысты қорытындылау, мақтау қағаздарын тапсыру.

Үй тапсырмасын қорытындылау. Сақтар тарихынан көрініс.

Автор, Кир, Томирис, Нөкерлері.

III Жаңа сабақ. Жоспары:

1.Сақтардың тұрмысы.

2.Сақтардың шаруашылығы.

3.Қолөнер.

4.Діни нанымдары мен ғұрыптары.

Мен бүгінгі сабағымды Анахарсисің мына сөздерімен бастаймын: «Егер сен асыл тастарыңды лақтырып тастап, садақ пен қорамсақты ғана асынып, сақтардың ішінде ғана өмір сүрсең, онда мен сияқты сен де еркіндікте жүрер едің» (Жоғарыдағы жоспар бойынша жаңа сабақ түсіндіріледі).

IV Бекіту сұрақтары:

1.Сақтар қандай баспаналарда тұрған?

2.Сақтардың шаруашылығы?

3.Қолөнер кәсібі қалай дамыды?

4.Сақтар неге табынған?

5.Суару каналдарының іздері табылған қоныс?

V Үй тапсырмасы: Тақырыпты оқып, меңгеру. Сақтардың шаруашылығы жөнінде реферат.

VI Бағалау.

Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Көпжасар ауылы.

ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ РЕСЕЙГЕ ҚОСЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Қанат АТАХАН,
Өскемен қаласы әкімдігінің №1 орта мектебінің
оқу-ісі менгерушісі, тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Қазақ жерінің Ресей империясының құрамына кіруінің алғы шарттары, сол кезеңдегі қазақ халқының басына төнген қауіп-қатер, жоңғарлардың басқыншылық саясаты, қазақ халқының жағдайының нашарлауы, қазақ халқының Ресей империясының құрамына енуіне себеп болғандығы туралы білімге дағдыландыру.

Сабақтың әдісі: СТО технологиясы, АКТ, топтық.

Пәнаралық байланыс: ДЖ тарихы синергизм, математика, әдебиет.

Көрнекілік: интерактивтітақта, үлестірмелі материалдар.

Сабақтың барысы.

I Ұйымдастыру кезеңі (2 минут):

II Үй тапсырмасы. «Алтын қақпа» ойыны.

1-топ. «Хандар». **2-топ.** «Батырлар». **3-топ** «Билер».

«Алтын қақпа» ойыны. Топ атауы. Тас қақпаның сұрағы: Күміс қақпа.

Алтын қақпа ойыны.

«Хандар» тобына	Қазақ хандығы қашан құрылды және оның құрылуына не себеп болды? (1465-1466).	Абылай ханның билікте болуы? (1771-1781).	Орбұлақ шайқасы туралы айтып беріңдер.
«Батырлар» тобына	XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысы неше сатыдан қаланды және осы сатыларды атаңдар? (7-ауыл, ата-аймақ, ру, арыс, ұлыс, жүз, хандық).	Есім ханның билік еткен жылдары? (1598-1613).	Қазақ хандығындағы салықтың түрлері?
«Билер» тобына	Қазақ хандығының құрылған жері және құрылғандағы адам саны? (Жетісудың батысындағы Қозыбасы мен Шу жерінде, 200 мың адам).	Тәуке хан қай жылдары билік құрды? (1680-1715).	Қазақ хандығындағы билер кеңесінің қызметі қандай?

Үй тапсырмасын қорытындылау.

III Жаңа сабақ жоспары:

1. Қазақ хандығының ішкі саяси жағдайы.

2. Қазақ хандығының сыртқы саясаты.

3. Қазақ-орыс қарым-қатынастары.

4. Қазақ халқының жоңғарларға қарсы соғысы.

1. **Құрылтай** – халықтық мәселелер қаралатын, көп адам қатысатын үлкен жиылыс.

2. **Сұлтан** – Шығыс тұқымынан шыққан адамдарға берілген атақ.

3. **Қара сүйек** – қазақ ру-тайпаларынан шыққан адамдар қарасүйек аталған.

4. **Қонтайшы** – Жоңғар мемлекеті басшысының титулы.

Қазақ хандығы шығысында Ертістен батысында Еділге дейін, солтүстігінде Орал тауының далалы аудандарынан, оңтүстікте Бұхар Самарқанд жерлеріне дейін кең байтақ жерлерді алып жатты. Бұл аймақта үш жүздің құрамына енген 112 ру-тайпалар өмір сүрді.

1680-1715 жылдары Тәуке ханның ел билеген кезеңі, бұл кезде ел ішіндегі талас-тартысты тоқтата білді. Халық ауызында Тәуке ханның ел билеген кезеңі «Алтын ғасыр» немесе «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деп аталған.

Тәуке хан қаза тапқаннан кейін Қазақ хандығы бытыраңқылыққа түсіп, әрбір жүз өз хандарын сайлап жатты. Ұлы жүзді Жолбарыс хан (1720-1740) басқарды, Орта жүз аумағын Сәмеке (1724-1738), Күшік (1718-1750) хандар басқарды, кіші жүз билеушілерінің бірі Әбілқайыр (1693-1748) 1723 жылы жетекші хан болып танылып, қолбасшылық және дипломатиялық қабілеттерімен ерекшеленеді.

Жоңғар мемлекетінің басына келген жас қонтайшы Себан-Рабдан (1663-1727) Қазақстанның оңтүстік аймақтарына көз тігеді. Олар Жетісу және Сыр бойындағы қалаларға тонаушылық әрекет жасайды, 1708-1710 жылдары аса ірі жоңғар шапқыншылығы басталады. Қазақтар ауыр талан-таражға түседі.

Қазақтың көрнекті билері мен батырлары жауға тойтарыс беру үшін 1710 жылы Қарақұмда құрылтай жиынын өткізеді, басқосуда Бөгенбайды қолбасшы етіп сайлайды.

1722 жылы Цинь императоры Канси қайтыс болғаннан кейін Жоңғария барлық әскерін қазақ еліне қарсы жіберуге мүмкіндік алады. Шабуыл 1723 жылы басталады. Себан-Рабдан 70 мың жоңғар әскері 7 шепке бөлініп, қазақ өлкесін ойрандады. Ол ел аузында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атпен сақталған.

Қазақ және орыс халықтарының жақындасуына Ресей патшасы I Петр ерекше көңіл бөлген. Патша Шығысқа шығатын «Кілт пен қақпа» қазақ жері деп есептеп, ол Ресейдің қол астында болуы қажет деп тапқан. Қазақ хандығында жүздер арасындағы тұрақты саяси және экономикалық байланыстардың болмауы, қазақ феодалдарының өзара тартысы көрші мемлекеттердің шабуылдауына жол ашты.

- Солтүстік-батыстан – башқұрттар;

- Солтүстіктен – Сібір казактары;

- Оңтүстіктен – Қоқан, Хиуа хандықтары;

- Шығыстан – Жоңғария;

- Оңтүстік-шығыстан – Қытай.

Қазақ жеріне, әсіресе, қауіп төндіргені – Жоңғар мемлекеті. Жоңғар қонтайшыларының басты мақсаты:

- Қазақ елінің тәуелсіздігін жойып, өзіне бағындыру;

- Қазақ жерін иемдену.

Ресеймен қарым-қатынасты жақсартуға қазақ жүздері де мүдделі болды. 1717 жылы қазақ-жоңғар арасындағы шайқас Аягөз жерінде болды, бұл шайқаста қазақ жауынгерлері саны жағынан басымдылығына қарамай жеңіліске ұшырады. 1726 жылы Бадам өзені бойындағы Ордабасы деген жерде екінші құрылтай өтеді. Нәтижесінде, бүкіл қазақ халқының екінші құрылтайынан рухтанған қазақ жасақтары Ұлытау жерін басып алуға жылжыған жоңғарларды 1726 жылы Шұбар теңізі жанында, Бұланты өзенінің бойында, 1728 жылы Қара сиыр деген жер-

дегі шайқастарда ойсырата жеңеді.

Жоңғар басқыншыларына тағы бір ойсырата соққы берген жер – Алматы маңындағы Аңырақай деген жерде 1730 жылы шайқас болды. Осы шайқастан кейін аман қалған жоңғарлар қазақ жерін тастап, «Жоңғар қақпасы» арқылы біржолата өз жеріне қайтты.

IV Топтарға тапсырма беру.

1-тапсырма. «Семантикалық карта» (4 минут).

2-тапсырма «Сәйкестіліктестісі» (3 минут).

Жылдар	Оқиғалар	Дұрыс +	Дұрыс емес –
1717 жыл	Аяғөз шайқасы.	+	
1663-1727 жж.	Жоңғар мемлекетінде Себан-Рабданның билікте болуы.	+	
1475 (1476) жыл	Қазақ хандығының құрылуы.		–
1643 жыл	Орбұлақ шайқасы.	+	
1726 жыл	Қарақұмда құрылтай жиыны өтті.		–
1723-1727 жж.	«Ақтабан шұбырынды, Алқакөлсұлама».	+	
1693-1748 жж.	Әбілқайыр ханның ел билеуі.	+	
1710 жыл	Жиыннан кейін Бөгенбай хан сайланады.		–
«Алтын ғасыр» немесе «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кезең»	Тәуке хан ел билеген кезеңде аталған.	+	
1724 жыл	Әбілқайыр жоңғарларға қарсы күресте Түркістан түбінде жеңіліске ұшырайды.	+	

Қазақ хандығын құрған сұлтандар	Қозыбасы
«Қасым ханның қасқа жолы».	Тәуке хан, Керей мен Жәнібек
Қазақ хандығының туын тіккен жер	Созақ, Сығанақ, Сауран Сығанақ
«Жеті жарғы»	Сырдария бойында
Қазақ хандығының орталығы	Қасым хан

3-тапсырма. Тарихи сынақ хат (3 минут).

Қазақ және орыс халқының арасының жақындасуына Ресей патшасы ... ерекше көңіл бөлген. Ол ... шығу үшін ... теңізіне қалай көңіл бөлсе, Шығысқа шығу үшін де ... сондай көңіл бөлген. Патша Шығысқа шығатын ... қазақ жері деп есептеп, ол Ресейдің қоластында болуы қажет деп тапқан. Патша үкіметі ... осал жерін тауып, өзінің айтқанына көндіріп, айдауына жүргізуді ойластырады. Ол қазақ жеріне жағалай ... салып, дипломатиялық ықпалын нығайтуға тырысты. Патша үкіметі қазақ жері арқылы ... хандықтарымен, Солтүстік Кавказбен, ..., Иранмен, ..., Үндістан мен және басқа елдер мен қарым-қатынас жасады. **Керекті сөздер:** I Петр, Еуропаға, Балтық, Қазақстанға, «кілтпен қақпа», Қазақ хандығының, бекіністер, Орталық Азия, Түркиямен, Ауғанстанмен.

Сөздер мен жұмыс: Ресей – Россия – Russia. Шығыс – Восток – East. Патша – царь – king. Кілт – ключ – key. Қақпа – ворота – gate. Бекініс – укрепление – fortification.

V Бекіту. «Анаграмма». Набес-Барнад, Рыяқ-лібә, Өлтеиб, Дабаорсы, Риысрақа, йа-міле.

Себан-Рабдан (1663-1727)	Жоңғардың жас қонтайшысы.
Әбілқайыр	Билікеткен 1718-1748 жылдары.
Төлеби.	1663-1756 жылдары өмір сүрген ұлы жүздің биі.
Ордабасы.	1726 жылы қазақ сұлтандары мен билерінің екінші құрылтай өткен жер.
Қарасиыр.	1728 жылы жоңғарларға ойсырата соққы берген жер.
Елім-ай	Қожабергенжыраудыңәуені.

Қорытындылау. Біз үшін қай заманғы тарихымыз болмасын қымбат, бабаларымыз құрметті, әсіресе, Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ хандығына көз тіккен сыртқы жаулар соның ішінде, Жоңғар шапқыншылығының әкелген зардабы тарихтағы маңызды оқиға саналады. «Өз тарихын білмеген халық, өзін де сыйламайды», – деп Елбасымыз айтқандай, тарихты білу баршамыздың парызымыз деп, сабағымды қортындыладым.

VI **Үйге тапсырма:** «Қазақ жерінің Ресейге қосылуының алғы шарттары» мазмұнын айту.

VII **Бағалау.**

Шығыс Қазақстан облысы.

КӘСІБИ ҚОҒАМДАСТЫҒЫҢЫЗДЫ ТАНЫТЫҢЫЗ!

“Қазақ әдебиеті және мемлекеттік тіл”, “Қазақ тарихы” журналдарында «Кәсіби қоғамдастық сөз алады» айдарымен әр кәсіби қоғамдастықтың іс-тәжірибесі жарияланады.

Шарт: әр қоғамдастықтан ең кемі 5 мұғалім журналға жазылып, 1) барлығының түбіртегін, 2) барлық қоғамдастықтың мүшелерінің бірігіп түскен сапалы фотосын және 3) қоғамдастықтың құрылғаннан бергі жетістіктері туралы 0,5-1 беттік мәлімет,

4) қанша адам жазылса, сонша мұғалімнің 2-2,5 беттен аспайтын шағын мақала не сабақ әзірлемесін, 5) осы қоғамдастықтың ең үздік ұстазының іс-тәжірибесін «Танысыңыз: озат ұстаз, озық тәжірибе» айдарына фотосымен, жетістіктері (өзі не шәкірті кемінде облыс, не қала жүздегері болсын) туралы шағын мәліметпен жіберуі тиіс. 5-шартқа сай мұғалім болмаса, орындау міндетті емес.

Редакция алкасы.

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ

Айнагүл ҚОЙШЫБАЕВА,
Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Сыныбы	5-сынып. Қазақстан тарихынан әңгімелер.						
Мақсаты	Наурыз мейрамының және басқа да салт-дәстүрлер туралы түсініктерін кеңейту, қажеттігіне көз жеткізу, өмірмен байланыстыру.						
Күтілетін нәтиже	Наурыз мейрамының және басқа да салт-дәстүрлер туралы түсініктері кеңейеді, қажеттігіне көз жеткізеді, өмірмен байланысын көреді.						
Сілтеме	5-сыныптың Қазақстан тарихынан әңгімелері оқулығы.						
Негізгі идеясы	Тарих сабағында диалогтық оқыту түрлерін қолдану арқылы ғылыми стильде мазмұндауға үйрете отырып, сыни ойлау дағдыларын дамыту.						
Ресурстар	5-сыныптың оқулығы, әдістемелік құралдар, маркерлер, А4 парағы.						
Сабақтың уақыты	45 минут						
Үйге тапсырма	§20.95-97беттер.						
Блум бойынша жіктеу	Мақсат	Тапсырма түрі, түрткілер	нәтиже	бағалау			
Білу 5 минут	Өткен тақырып б-ша білімдерін пысықтау.	“Қазақ халқының рухани мәдениеті” тақырыбы бойынша сәйкестендіру тапсырмасы.	Өткен тақырып бойынша білімдерін пысықтай алады.	критерий	дескриптор	ұпай	баға
				Сұрақтарға жауаптарының толықтығы.	жоғары	3	
					орташа	2	
Түсіну 13 минут	Ескі білім бен жана білімді сабақтастыру арқылы түсінігін көрсету.	Түркі тілдес халықтарды жыл басын қай уақытта тойлайды? ой шақыру сұрағын қою арқылы өздері білетін мәліметтермен бөлісу. Постер жасау және қорғау.	Ескі білім мен жаңа білімді сабақтастырып постер жасайды.	Постер талпаптарының орындалуы, баяндауда өмірмен сабақтастыруы.	жоғары	3	
					орташа	2	
					төмен	1	
Қолдану 8 минут	Тыңдалған мәліметтерді қолдануға үйрету.	Р.Рымбаеваның орындауындағы “Наурыз, наурыз” әнін тыңдату және әнде айтылған және өздері көріп жүрген наурызда орындалатын рәсімдерді тізбектеу және рәсімдердің мәнін талқылау.	Естіген мәліметтеді қолданады	Рәсімдерді қолданылу мақсатын көрсетуі.	жоғары	3	
					орташа	2	
					төмен	1	
Талдау 8 минут	Проблеманы шешуге талпындыру.	Наурызды және басқа да ұлттық мерекелерді тойлауда қандай өзгерістер енгізер едім? Өзінің ұсынысы.	Кемшіліктерді түзетіп, проблеманы шешуге талпыныс жасайды.	Ұсынысының қолжетімділігі.	жоғары	3	
					орташа	2	
					төмен	1	
Жинақтау 7 минут	Өмір мен тақырыптан алған білімдерін жинақтайды.	Соңғы алты айда немесе бір жылда үйлерінде, ауылда қандай ұлттық мейрам немесе әдет-ғұрып орындалды?	Өмір мен тақырып бойынша білімдерін жинақтап, сабақтастырады.	Тақырыппен сабақтастығы	жоғары	3	
					орташа	2	
					төмен	1	
Бағалау 4 минут	Дәстүрлерге баға беру.	“Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар” тақырыбында бұрын қазақтар өмірінде көп қолданылған уақыт өте ұмытылған және күні бүгінге дейін қолданыстан түспеген әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер туралы айту және тәрбиелік маңызына баға беру.	Белгілі бір дәстүрлерге өзіндік көзқарасын білдіріп бағалайды.	Өзіндік қорытындысының болуы.	жоғары	3	
					орташа	2	
					төмен	1	

Қарағанды облысы, Шет ауданы.

1916 ЖЫЛҒЫ КӨТЕРІЛІСТІҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ, СЕБЕПТЕРІ

Рымгүл ӘМІРОВА (Амирова),
№6 жалпы білім беретін орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Мақсаты. Оқушылардың ойлау, тарихи тілде сөйлеу дағдысын дамыту. Өз ойын жан-жақты толық жеткізе білуге, ізденуге қалыптастырып, есте сақтау қабілеттерін арттыру.

Күтілетін нәтиже. Сынып оқушыларының ой-өрісі жетіледі. Тақырыптың негізгі жүйелерімен маңыздылығын меңгеріп, ажыратып, тапсырма орындауды және тиімді қолдануға үйренеді. Емтиханға дайындығы шындалады.

Жеті модульдің қолданылуы. АКТ, “Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, СТО.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер. Миға шабуыл, Кесте, сұрақ-жауап әдісі, БҮҮ кестесі, Кім алғыр?

Қолданылатын ресурстар. Оқулық, қосымша мәліметтер, тірек-сызбалар, үлестірмелі материалдар, Флипчарт, маркерлер, портреттер, тақта, стикерлер.

Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылардың сабаққа түгел қатынасуын, сыныптың тазалығын, сабаққа дайындығын бақылай отырып, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, психологиялық ахуалды жақсарту.

Оқушылар топқа бөлініп, өз топ басшыларын сайлайды.

Кезеңі	Тапсырма		Мұғалімнің іс-әрекеті	Іс-әрекеті
Жаңа тақырып	1916 жылғы көтерілістің алғы шарттары, себептері. Сабақ кезеңі: 1-кезең: Бәйге» (сұрақ-жауап). 2-кезең: «Мені түсін» (қосымша деректермен жұмыс жасау). 3-кезең: «Кім тапқыр?» Тарихи және әдеби шығармалар (Сәйкестендіру). 4-кезең: «Ойлан-тап» (Кесте). 2. Бұл кім? 5-кезең: «Көкпар» Тест.		XX ғасырдың басындағы Қазақ елі. бір-біріне сұрақ қойдыру. Топқа бөлу: 1.Әр астана туралы талдау жасау. 1-топ: Орынбор. 2-топ: Қызылорда. 3-топ: Алматы. 4-топ: Астана.	1.Доп арқылы бір біріне сұрақ қояды. 2.Топ атауын талдау.
Білім қызығушылықтарын ояту	1916 жылғы көтерілістің алғышарттары, себептері. 1-кезең: «Бәйге» (сұрақ-жауап). 2-кезең: Мені түсін» (қосымша деректермен жұмыс жасау).	I Бейне таспа ұсыну. II 1-кезең: «Бәйге». 1. I дүниежүзілік соғысқа қанша мемлекет қатысты? 2. I дүниежүзілік соғыста Ресей империясы қандай әскери одаққа кірді? 3. «Қазақ халқының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды», – деп жазған кім? 4. Азамат соғысының уақыты? 5. «Қазақ» апталық газетінің редакторы? 6. Алашорда партиясының төрағасы? 7. 1916 ж. 25 маусым жарғысы бойынша неше жастағы азаматтар армияға шақырылды? 8. «Қалың мал» романының авторы? 9. Шерпте күйдің негізін қалаушылардың бірі? 10. 1916 ж. Торғайдағы көшбасшылары? 2-кезең: «Мені түсін». 1. Ол «Тағы соғыс»деген мақаласында соғыстың әділетсіз екендігін, күшті мемлекеттер тарапынан зорлық саясат жүргізіліп отырғанын дәлелді. Ол: «Бұл соғыстан жалпы жұртқа пайда жоқ.Нарлар алысар, ол шаруасын бұзып, қанын төгетін-сорлы халық болар. XX ғ. Еуропа патшалықтарының қылған ісі кімнің алдында ақталмақ?» – деп жазды. Ол кім? 2. Ол «Төңкеріс және қазақтар» деген мақаласында «Ресей халықтары құқықтарының декларациясын жариялау қазақтарының ұлт мәселесіне мұқият қарауының басталуы деп санауға болады. Колчак өкіметінен Кеңес өкіметін артық көргенде біз қателескен жоқпыз деп мен шын жүректен айта аламын және өз жолдастарымның көңілін орнына түсіре аламын», – деп жазды? Ол кім?		Мұқият тындайды.
Түсіну	3-кезең: «Кім тапқыр?». Тарихи және әдеби шығармалар. Сәйкестендіру.	3-кезең: «Кім тапқыр?». Тарихи және әдеби кітаптар авторлары: 1.С.Асфендияров----- Қартқожа”, “ 2.М.Әуезов -----“Қилы заман”, 3.С.Мұқанов----- Тар жол, тайғақ кешу”. 4.Ж.Аймауытов-----“ 1916 ж ұлт-азаттық қозғалыс”, 5.С.Сейфуллин----- “Ботакөз”.		Жеке жұмыс жасау. Оқушылар Белсенді тақтада жұмыс жасайды.
Қолдану	4-кезең: «Ойлан-тап». 2. Бұл кім?	4-кезең: «Ойлан тап» Кесте құрастыру. «Партия ұстанымдарын анықтау». 2.Бұл кім? 1. О.Шоңов. 2. А.Иманов. 3. Ә.Жанбосынов. 4. Кейкі батыр. 5. Б.Әшкеев. 6. Н.Қияшов. 7. Кротов. 8. Ә.Жангелдин. 9. Долматов пен Федотов. 10. Демко мен Аркадьев. 11. К.Көкімбайұлы. 12. Ұ.Монай. 13.Т. Бокин.		Кесте құрау арқылы тақырып мазмұнын ашу.
Жинақтау	Шығармашылық тапсырма «Тест» арқылы тақырыпты жинақтау	Жинақтап, бір-бірін бағалайды. 5-кезең: «Көкпар» Ашық тест. 1. Қарқара жәрмеңкесін қоршауға қанша көтерілісші қатысты?. 2. Жетісу көтерілісі қашан талқандалды? 3. Ұлтаралық қақтығыстар туғызу мақсатында арандату шараларын қолданған кім? 4. 1916 ж. қарашада Торғайдағы көтерілісшілердің саны қаншаға жетті?. 5. Торғай облысының Уақытша үкіметінің комиссары кім болды?. 6. 1917 ж. 19-20 қыркүйекте Түркістанда қандай партия құрылды? 7. Уақытша үкіметінің «1916 ж. көтеріліс кезінде қазақтарға күш көрсеткен орыстарға кешірім беру туралы» деген қаулы қашан шықты?. 8. «Қара жұмысшылар одағы» қай қалада құрылды?. 9. «Алаш» партиясының төрағасы? 10. Алашорда Уақытша Халық Кеңесінің қанша мүшесі болды?. 11. Ақсүйектердің 9 өкілі хан көтерілген уездер.12. Ә.Жангелдиннің экспедициясы қандай майданға қару-жарақ жеткізді?		Оқушылардың мақсаты берілген тақырыпқа арнап өз ойларын жеткізу.
Бағалау	Бағалау шкаласы мен бағалау парақтарын тарату.		Әр топқа бағалау парақтарын тарату, бағалау шкаласын тақтаға ілу керек.	Әр топ бағалау парақшасын өздерін бағалайды.
Үйге	15 Оқу, мазмұндау.			Тестке дайындық.
Рефлексия	Стикерлерді толтыру. Оқушылар бүгінгі сабаққа деген ойын стикерге жазады, ББҮ кестесін толтыру.		Оқушыларға стикер толтыруды ұсыну.	Ұсынылған стикерді толтыру. Білдім келеді. Үйрендім.

Қарағанды қаласы.

Қазақ тарихы

№1 (148), қаңтар, 2017

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Қадиша МОЛДАҒАЛИЕВА,
Л.Қылышев атындағы мектептің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға 20-ғасырдың басында болған ұлт-азаттық қозғалыстың себептері мен салдарын, негізгі мақсаты мен мүддесін, көтеріліс басшыларын, көтерілістің негізгі ошақтары туралы ақпарат беру.

Оқушыларды ерлікке, елін, жерін, туған отанын сүйуге тәрбиелеу. Білім мен білім дағдыларын дамыту, оқушыларды тарихи деректермен жұмыс жасауға дағдыландыру.

Түрі: жаңа форматты сабақ.

Сабақтың әдісі: интерактивті, «Балық қаңқасы», «8 бұрыш», «Кір жаятын жіп» әдістері, топтық жұмыс, диалог.

Көрнекілігі: 20-ғасырдың басындағы Қазақстанның картасы, «1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі» презентациясы, хронологиялық кесте, Амангелді фильмі, ұлт-азаттық қозғалыс бейне ролигі, постер, Алаш қайраткерлерінің суреттері.

Сабақтың барысы: I Ұйымдастыру кезеңі.

Оқу құралдарын тексеріп, оқушыларды үш топқа бөліп, оқушылардың назарын сабаққа аудару.

II Ұй тапсырмасы. «Кір жаятын жіп» әдісі арқылы сұралады. Интерактада слайдқа жіпке тізілген сұрақтар шығады (суретке гиперссылка арқылы жасауға болады), оқушылар соған жауап береді.

1) 1914 жылы 28 шілде қандай оқиға болды? (1-ші дүние жүзілік соғыс басталды).

2) Антанта одағындағы қай елдер болды? (Ресей, Англия, Франция).

3) XX ғасырдың басында Қазақ жеріндегі жер мәселелері қандай болды? (шиленісті, себептерін айтып дәлелдейді).

4) Қазақ зиялыларының I дүние жүзілік соғысқа көзқарастары қандай болды?

5) Қазақстанда жалпытүркілік идеяға өте жақын болған қоғам қайраткері кімдер болды? (М.Шоқай, М.Тынышпаев).

III Жаңа сабақ. Мұғалім: Өлең жолдары арқылы сабаққа бастама жасайды.

Арыстандай ақырып

Он алтыншы жыл келді.

Қаңарына шыдамай,

Қазақ елі сенделді...

-түрткі болу техникасы бойынша сұрақ қою.

-Алдарыңызға берілген өлең жолдары қай көтеріліс туралы болып отыр?

Оқушылар: 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы айтылып отыр.

-Бүгінгі біздің тақырыбымыз «1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс» Ең алдымен осы оқиға туралы бейне ролик қараймыз. (5 минут) 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс туралы бейне ролик көрсету арқылы жаңа білімге жетелеу.

Енді оқушыларға манағы бөлінген 3 топқа тапсырмалар беріледі.

1. «Балық қаңқасы әдісі» және оның жұмысының мәні: Балықтың басы – «Проблеманы шешу».

Үстінгі қабырғасы – «Себептерін анықтау».

Төменгі қабырғасы – «Дәлелдер келтіру».

Құйрығы «Қорытынды жасау». Әрбір топ өздеріне берілген тақырыптың проблемасын шешеді, себептерін табады, дәлелдер келтіреді, қорытынды жасайды. Әр топқа флипчарт (платка) беріледі, постер құруға.

Тапсырмалары:

1-топ. Ұлт-азаттық қозғалыстың себептері?

2-топ. «Жетісудағы көтерілістің басталуы».

3-топ «Торғайдағы көтерілістің басталуы».

2-тапсырма: «8 бұрыш ішінде» стратегиясы арқылы ойлаудың сегіз жолына топпен жұмыс.

Жылдар.....

Тұлғалар

Талаптар

Көзқарастар

Жағымсыздықтар.....

Статистикалар.....

Тұлғалық қасиеттер

Нәтижелер.....

Тақырып бойынша оқулықты пайдаланып, тарихи фактілерді параққа жазып шығады. Тапсырманы жеке орындайды, көршісімен ең үздік орындаған жауабын біріктіреді. Жұптар жақсартылған жауаптарымен сыныппен бөліседі. Тапқан деректер санын есептеп, мұғалімге жариялайды.

3. Деңгейлік тапсырма: әр оқушыға беріледі, оқушылар дұрыс жауабын белгілейді.

1-нұсқа. 1. Патша жарлығы бойынша Дала өлкесі мен Түркістаннан:

A) 500 мың адам алу көзделді.

B) 300 мың адам алу көзделді.

B) 400 мың адам алу көзделді.

D) 100 мың адам алу көзделді.

2. Қазақ ақсүйектерін қара жұмысқа шақырудан босату туралы құпия бұйрығы:

A) 1916 жылы 23 тамызда;

B) 1916 жылы 15 желтоқсанда;

B) 1916 жылы 25 маусымда;

D) 1917 жылы 27 ақпанда.

3. Өзінің ұрыс жүргізу тактикасымен ерекшеленген ұлт-азаттық көтерілістің қолбасшысы:

A) А.Иманов.

B) А.Байтұрсынов.

C) Ө.Бөкейханов.

D) С.Мендешев.

2-нұсқа. 1. 1916 жылғы қазандағы Үндеу хатында «Тыңдаңыздар, қан төкпеңіздер, қарсыласпаңыздар», – деп жазды:

A) Байтұрсынов, Бөкейханов, Сейфуллин.

B) Байтұрсынов, Бөкейханов, Дулатов.

C) Байтұрсынов, Бөкейханов, Бокин.

D) Байтұрсынов, Бөкейханов, Жангелдин.

3. Амангелдінің сенімді серігі, батыр?

A) Аманжол

B) Кейкі батыр

C) Наурызбай

D) Бекболат.

6. 15 мың көтерілісші қай жылы Торғай қаласын қоршады?

A) 1917 ж. 23 қазан.

B) 1916 ж. 23 қазан.

C) 1916 ж. 23 ақпан.

D) 1918 ж.

Барлық оқушылар тапсырманы орындап болған соң мұғалім интерактивті тақтаға тапсырманың жауаптарын шығарады: Оқушылар жұпта бірін-бірі тексеріледі.

Жауаптары: 1-нұсқа: 1-А, 2-А, 3-В, 4-С, 5-А, 6-С.

2-нұсқа: 1-А, 2-В, 3-Д, 4-А, 5-Б, 6-В.

4. Көрі байланыс (рефлексия): «Бес саусақ» әдісі.

Бас бармақ – басты мәселе. Бүгінгі сабақта ең құнды мәселе қандай болды?

Балан үйрек – бірлесу. Мен топта қалай жұмыс жасадым? Кімге көмектестім, кімге риза болдым?

Ортан терек – ойлау. Мен бүгін қандай білім мен тәрбие, тәжірибе алдым?

Шылдыр шүмек – шынайылық. Мабақ маған ұнадыма, неліктен?

Кішкентай бөбек – көңіл-күй. Мен сабақта өзімді қалайша сезіндім?

Оқушылар өз ойларын жазып, сабаққа қорытынды жасайды.

IV Бағалау.

VI Үйге тапсырма: 2-тақырып. «Ұлт-азаттық көтеріліске – 100 жыл» тақырыбында эссе жазу.

Батыс Қазақстан облысы,
Шыңғырлау ауданы.

ЭТНОПОЛИТИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КАЗАХСТАНЕ

Жайдарлы ЖУРМАНОВА,
учитель истории ОШ №3 города Аксая

Общая цель	Изучить этнополитические процессы в Казахстане с эпохи бронзы.
Ожидаемые результаты	А- анализирует и дает оценку этнополитическим процессам в Казахстане. В - определяет этнический состав каких государств в 14-15 веках повлиял на формирование казахского народа. С- знает какие племена жившие на территории Казахстана относились к европеоидам и монголоидам.
Тип урока	Комбинированный.
Задания	Работа в паре, работа в группе, метод «Шесть шляп мышления Э. де Бано», работа с учебником.
Необходимые материалы	Раздаточные материалы, интерактивная доска, постеры, маркеры.

Ход урока:

Этапы урока	Действия учителя	Действия ученика
Ввод-ная часть	1.Организационный момент: Тренинг «Круг радости». 2. Деление на группы с помощью ленты. - выбираем ленту которую я держу, кто в каком завязанном пучке, та и ваша группа. 3.Опрос домашнего задания. - Показ видеоролика по пройденным темам. Расскажите о кокой личности или событии идет речь. №1 Видеоролик про Чингизхана №2 Видеоролик про г. Отырар №3 Видеоролик про Золотую Орду. №4 Видеоролик про Эмира Тимура – метод «Диалог на стикерах »	1. Учащиеся говорят свои пожелания друг другу. 2. Делятся на четыре группы. 1 группа – Статисты. 2 группа – Оптимисты. 3 группа – Критики. 4 группа – Аналитики. 3. Внимательно смотрят видеоролик, и угадывают о ком идет речь. На событие дают краткий рассказ. №1. Чингизхан родился в 1155 году, 1206 на курултае монгольской знати был избран ханом. Настоящее имя Тимучин. 1219 по 1224 года захватил всю территорию сегодняшнего Казахстана. №2. 1218 году Чингизхан отправил в Отрар караван, состоявший из 500 груженых товарами верблюдов, в нем было 450 человек. правитель Отрара Каирхан приказал убить их и разграбил караван.... №3. Золотая орда основан Батый ханом. Золотая Орда бурно развивалась в период правления ханов Берке и Узбека. №4. Эмир Тимур 1370 году в Мавренахре захватил власть. Был сыном бека Тарагая из тюркизированного монгольского племени барлас. правил государством 35 лет.
Презентация	1.Изучение нового материала. «Мозговой штурм». Показ видеоролика. - как вы думаете о какой теме идет речь? - какая перед нами стоит цель по новой теме? - молодцы мы определили цель.	1.Учащиеся ипросмотрев видеоролик, отгадывают тему нового урока. - тема нашего урока «Этнополитические процессы в Казахстане» - мы должны узнать о формировании народности казах.
Основ-ная часть	1.Вступительное слово. Объяснение первых двух пунктов. Пункт №1. Древние родственные признаки. Пункт №2. Этнические изменения в средних веках. 2. Пункт №3 Работа в группе. Метод «Шесть шляп мышления Э. де Бано».	1. внимательно слушают учителя, задают вопросы. 2. Работа в группе. Пункт №3 Сложение этнополитической общности в Казахстане. 1 группа – Статисты. Белая шляпа. приводят факты. 2 группа – Оптимисты. Желтая шляпа. 3 группа – Критики. Черная шляпа. 4 группа – Аналитики. Синяя шляпа. Один пункт каждая группа рассматривает с разной точки зрения.
Итог	Глубокая рефлексия. - Что я узнал по новой теме? - Что хочу дополнительно узнать?	Создают круг, держа в руке мяч, говорит что узнал по новой теме, бросая его, спрашивает напротив стоящего ученика что он сегодня узнал.
Оцени-вание урока	Лист Оценивания. Формативное оценивание «Большой палец», «Опладисменты» Сумативное оценивание. Критерии оценивания По домашнему заданию 1.Видеоролик отгадал, раскрыл событие по видеоролику. 2.«Диалог на стикерах» на вопросы правильно ответил. Новая тема. По методу «Шесть шляп мышления» 1.Рассказал доступно в соответственно мышления данной шляпы.	Лист оценивания Балы От 0-2 баллов От 0-3 баллов Сумма баллов.

Западно-Казахстанской область.

КЕНЕСАРЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Ұлданай ТӨЛЕНБАЕВА,
Сүйінбай атындағы №143 мектеп-лицейдің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың мақсаты: 1. Қазақстан аумағындағы отаршылдыққа қарсы ең ірі көтерілістің мақсатын, барысын, негізгі кезеңдерін, тарихи маңызын аша отырып, оны Ресей халықтарының азаттық үшін күресінің бір бөлігі екенін, ол қазақ қоғамы мен патша үкіметі арасындағы қайшылықтардың салдары екенін көрсету. 2. Қазақстан аумағындағы көтерілістерге және Қазақ хандығы мен Кенесары билігіне салыстырмалы талдау жасау, қорытынды шығару, өз көзқарасын дәлелдеу дағдыларын жетілдіру. 3. Отан тарихына құрметпен, мақтанышпен қарауға, адамгершілікке тәрбиелеу.

Түрі: ашық сабақ.

Көрнекілік: слайд, карта, сызба.

Әдісі: жеке ізденушілік, интерактивті әдістер, оқыту технологиясын пайдалану.

Сабақтың барысы: 1. Ұйымдастыру кезеңі.

2. Оқу құралын тексеріп түгелдеу.

Үй тапсырмасын сұрау: Мақсаты өткен тақырыптарды еске түсіріп, жаңа сабақпен байланыстыру.

Жаңа сабаққа кіріспе сабақтың мақсаты мен міндеттерін таныстыру.

Жаңа сабақты түсіндіру кезеңі. XIX ғасырдың 20-30-жылдарында отаршыл өкімет билігі мен қазақ халқының арасындағы қарым-қатынас елеулі түрде шиеленісе түсті. **Біріншіден**, Кіші жүз бен Орта жүздегі хан билігінің жойылуы сұлтандардың, билердің және батырлардың едәуір бөлігінің наразылығын туғызды. **Екіншіден**, патша үкіметі қазақ халқының ежелден келе жатқан дәстүрлі жерлерін әскери бекіністер салу үшін жаппай тартып ала бастады. **Үшіншіден**, бұрын Ресейге ешқандай алым-салық төлеп көрмеген қазақтарға ендігі жерде жасақ, түтін салығы, жол салығы сияқты алым-салық түрлері көбейе түсті, қазақ өз жерін өзі жалға алып, пайдаланатын күй кеше бастады. **Төртіншіден**, патша үкіметінің әскери отрядтары қазақ ауылдарына шабуыл жасап, күн көрсетпеді. Осының бәрі байырғы жергілікті халықты (номадтарды) қатты күйзеліске ұшыратты, олардың күн көрісін қиындатып жіберді. Көтерілістің басты мақсаты қазақтардың патша үкіметі тартып алған ежелгі жерлерін өздеріне қайтарып алу, округтерді жетату, отар-шыл енгізген алым-салықтарды жою еді. Көтерілістің қозғаушы күші қатардағы қарапайым көшпелілер, сондай-ақ старшындар мен би, батырлар, тіпті сұлтандар да болды. Көтерісшілердің қалың қолына үш жүздің атақты батырлары жетекшілік етті. 1837 жылы Кенесары Қасымұлы бастаған көтеріліс басталды. Ол Қазақстандағы ірі көтерілістердің бірі еді. Оған үш жүздің қазақтары түгел қатысты. Кенесары тарих сахнасына өзінің ұлы бабасы Абылай ханның ісін жалғастырып, алға алып барушы ретінде шықты. Кенесары жасақтарының белсенді әскери іс-қимылы 1838 жылдың тамыз айында басталды. Ол Ақмола бекінісіне таяу ірі елді мекенді алты күн бойы қоршауда ұстап, өртеп жіберді. Ақмола бекінісі мықты қорғалатын. Бекіністің төңірегіне терең ор қазылып, оған жете беріс жерлерге күшті кедергі-тосқауылдар қойылған болатын. Ақмола бекінісін аға сұлтан

Қ.Құдаймендіұлы мен әскери старшина Карбышев бастаған отряд қорғады. Кенесары шабуылды 1838 жылдың 7 тамызында таң саз бере бастады. Оның сарбаздары бекіністі өрт шығаратын жебелермен атқылады. Бекініс өртке оранды. Бекініске Ағыбай, Иман, Бұқарбай батырлардың сарбаздары басып кірді. 1841 жылдың қыркүйек айында үш жүздің өкілдері бас қосқан жиында Кенесары Қасымұлы хан сайланды. Сөйтіп Қазақ хандығы қалпына келтірілді. Ендігі жерде Кенесары бастаған көтеріліс ұйымдасқан сипат ала бастады. Ұлт-азаттық күресті табысты жүргізу үшін Кенесары хан бір орталықтан басқарылатын мемлекет құрды. Оны ханның өзі басқарды. Ханның жанынан жоғарғы кеңесші орган – өзіне барынша адал берілген батырлардан, билерден, сұлтандар мен жақын туыстарынан тұратын арнайы Кеңес құрылды. Кенесары хандықты өзінің сенімді адамдары – жасауылдар арқылы басқарды. Жасауылдар сот ісімен, шаруашылық мәселелерімен, дипломатиялық жұмыстармен, алым-салық жинаумен және әскери істермен айналысты. Кенесары 20 мың сарбаздан тұратын әрі жауынгерлік қабілеті күшті тұрақты әскер жасақтай алды. Ресей императоры Кенесары бастаған көтерілісті басу мәселесін ұдайы ерекше бақылауда ұстады. 1843 жылы ол қазақ ханына қарсы жорық ұйымдастыру жөнінде жарлық шығарды. Ханның басына 3 мың сом мөлшерінде сыйлық жарияланды. Көтерілісшілерге қарсы старшина Лебедев басқарған 300 солдаттан тұратын жазалаушы отряд жіберілді. 1843 жылдың тамыз айында сұлтандар А.Жантөреұлы мен Б.Айшуақұлы бастаған екінші әскер жабдықталды. Онымен бір мезгілде Омбыдан, Петропавлдан, Қарқаралыдан да әскерлер шықты. Туған өлкенің жер жағдайын жақсы білетін Кенесары жауға қарсы шабуылды одан әрі үдетті. 1844 жылы шілденің 20-сынан 21-іне қараған түні Кенесары хан Тобыл өзенінің жоғарғы ағысында Жантөре сұлтанның әскеріне күйреге соққы берді. Кескілескен шайқаста сұлтанның 44 адамы қаза тапты. Бұл кезде Дуниковскийдің әскери тобы таяу маңда болған еді. Бірақ оның ұрысқа араласып, А.Жантөреұлы сұлтанды құтқарып қалуға батыл жетпеді. Кенесарының жеңіс жерлерлендірген негізгі күштері 1844 жылғы тамызда Екатерина станицасына шабуыл жасады. Бекіністің маңындағы елді мекенді өртеп жіберді, 40 адамды тұтқынға алды, қыруар малды айдап әкетті. Кенесарымен болған соғыстың ұзаққа созылуы патша үкіметіне елеулі шығын келтірді. Сондықтан 1845 жылдың ақпан айында Орынбор басшылығы Кенесары ханға Долгов және Герн бастаған елшілік жіберуді қажет деп тапты. Олар Кенесарыны патша үкіметінің талабын орындауға көндіруге тиіс болды. Жүргізілген келіссөздер барысында Кенесарыға қабылдауға болмайтын шарт қойылды: көтерілісшілерге үкімет белгілеген шектеулі аймақ шегінде ғана көшіп жүруге рұқсат берілді. Кенесарының Ресейге толық бағынуы және соғыс қимылдарын біржолата тоқтатуы тиіс болды. Хан патша үкіметі қойған бұл талаптардың

бірде-біреуін қабыл ал-ған жоқ. Елшілер кеткеннен кейін хан әскери кеңес шақырып, енді Жетісу аумағына қарай көшуге шешім қабылдады. Кеңесары Сарыарқаны тастап, көтеріліс орталығын Жетісу жеріне қарай ауыстыруға мәжбүр болды. Сібірдегі өкімет билігі Омбыдан генерал Вишневский басқарған елеулі әскер күшін зеңбіректерімен қоса Жетісуға жедел түрде жіберді. Патша үкіметі оған Кіші жүз бен Орта жүз қазақтары тарапынан көмекке келетін жолды кесіп тастады. Көтерілісшілер қырғыз жеріне жақын келді. Бұл кезде қырғыздар Қоқан хандығының ықпалында болатын. Хан солтүстік қырғыз рулары

билеуші манаптарыныңөзіне бағынуын талап етті.

Сабақты бекіту: И.Тайманұлы мен С.Датұлы бас-таған көтеріліс тарихын еске түсіріп, оларды К.Қасым-ұлы бастаған азаттық қозғалыспен салыстырыңдар.

Кім жылдам ойыны жылдар сөйлеиді.

1836-1837 жылы – 1838 жылы –

1841жылы – 1844 жылы –

1844-1845 жылы – 1847 жылы –

Бағалау: оқушылардың нақты бағасын қою.

Үйге тапсырма: Мазмұнын айту, хронология жат-тау, кесте толтыру.

Алматы қаласы.

КЕҢЕСАРЫ БАСТАҒАН ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫС (1837-1847 жж.)

Гүлжазира РАХИМОВА,

№61 Г.Титов атындағы негізгі орта мектебінің тарих пәні мұғалімі

Сабақтың түрі:	Аралас сабақ.				
Жалпы мақсаты:	1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық қозғалыстың мәні мен маңызы туралы білім беру, оқушылардың білімдерін дамыта отырып, шығармашылық қабілеттерін ашу, жерімізді қорғаған батырлар мен халықтың ерлік істерін дәріптеп, отансүйгіштікке тәрбиелеу.				
Нәтиже:	Оқушылар біледі: Ұлт-азаттық қозғалыстың орталықтарын (А); Ұлт-азаттық қозғалыстың басшыларын (А); 1837-1847 ж. негізгі кезеңдерін (А); Оқушылар істей алады: Картадан ұлт-азаттық қозғалыстың негізгі орталықтарын және маңызды шайқас жерлерін көрсетеді (В); «Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс» атты хронологиялық кестені жасай алады (В); Жеңілу себептерін анықтай алады (В); Қозғалыстың тарихи маңызын анықтай алады (В); Кеңесары хандығының құрылымы мен XVI-XVII ғас. Қазақ хандығын салыстыра алады (С); Көтерілісшілер, патша әкімшілігі және жазалау отрядтарына өз көзқарасын білдіре алады (С).				
Көрнекілік:	Ресурстық парақтар, тақырыптық карталар, интерактивті тақта, бағалау парақтары.				
Негізгі идея:	Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерді қолдана отырып оқушылардың бір-біріне деген сыныптастарынан қолдау таба алатынына сенімділігін арттыру. Өз бетінше оқып үйренуге, өз пайымдауларын жасай алуға дағдыландыру. Өзін-өзі бағалануы.				
Әдіс-тәсіл:	Жеке, диалогтік оқытудағы топтық әңгіме, «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі, критерий арқылы өзін-өзі бағалау, «Бағдаршам» стратегиясы арқылы топтық өзара бағалау, рефлексия парағы.				
Кезеңдері	Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
1.Ұйымдас-тыру кезеңі	3 мин	1.Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу.	1.Кезекшілер сабақта жоқ оқушыларды атайды.		
		2.Психологиялық ахуал.	2. Көңіл күйді смайликтер ар-қылы көрсетеді, бағалайды.		
2. Үй тап-сырмасын тексеру “Қызығу-шылықты ояту”.	8 мин	№1 тапсырма. Сөйлемге қажетті сөзді тауып қой (А).	Тапсырманы орындайды.	Қосым-ша №1	Тапсырмасы бар парақ-шалар, АКТ, бағалау парақшасы.
		№2 тапсырма. Оқиғалардың хро-нологиялық ретін орналастыр (В).	Тапсырманы орындайды.		
		№3 тапсырма. Сәйкестендіру (С).	Тапсырманы орындайды.		
3.Жаңа тақырыпқа өту кезеңі	3 мин	1.Топқа бөлу. Қиындыларда Сы-рым, Исатай, Кеңесары есімдері жазылады. 2. Адай күйін тың-дату. «Адай» күйінің авторы Құрманғазы Сағырбайұлы. Күй халықтың еркіндік жолын-дағы ерлік күреске толы ой-иде-ясын екпінді ұран түрінде беру-ге құрылғанын айту.	1.Қиындылардағы есімдерді тандап, топқа бөлінеді. 2. Күйді тыңдайды, өз ойларын айтады.		Қиындылар, АКТ.
		3.Сабақтың мақсатын анықтауға шақырады.	3. Есімдерге қарап, кіммен өлі де таныс еместігін айтып, сабақтың мақсатына шығады.		

4. Жаңа сабақ	2 мин	Деңгейлік тапсырмалар ұсынады. 1. «Кеңесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалыс» атты хронологиялық кестені құрастыру және сыныппен бөліседі.	1. Нәтижелерін ұсынады. (С деңгейіндегі оқушылар).	Сыныптастары «Сэндвич» арқылы бағалайды.	АКТ, постер, оқулық.
		2. Жоламан Тіленшіұлы және Кенесары Қасымұлы басқарған көтерілістерді салыстыру.	2. Салыстырады және айырмашылықтарын көрсете алады. («В» және «С» деңгейіндегі оқушы).	Кері байланыс «Бағдаршам».	АКТ, постер, оқулық.
		3. Генерал-губернаторға К. Қасымұлының жазған хатымен танысу.	Құжатпен жұмыс жасай отырып, сұрақтарға жауап береді. («А» деңгейіндегі оқушы құжатты оқып, не жайлы екенін айтады, «В», «С» сұрақтарға жауап береді).	Кері байланыс «Бағдаршам»	АКТ, оқулық дәптер, құжаттар
		4. оптастыру: 1-топ: Жеңілу себептерін анықтайды. 2-топ: Қозғалыстың тарихи маңызын анықтайды 3-топ: Кеңесары хандығының саясатын көрсетеді.	Оқушылар тапсырманы орындайды, постер жасайды және қорғайды. Икімдеріне қарай оқушылар сурет салады, әдемі жазады, ойларын түйіндей алады. Қорытынды жасай алады.	Кері байланыс «Бағдаршам»	АКТ, оқулық дәптер құжаттар постер стикер.
5. Жаңа сабақты бекіту.	4 мин	Критерии бойынша өзін өзі бағалау парағын ұсынады Қосымша №2.	Жаңа материал бойынша қорытынды. 1-2 оқушы ауызша қорытынды жасайды.	Қосымша №2.	Кесте
6. Үй тапсырмасы.	2 мин	Үйге тапсырма: «Тәуелсіздік-бабалар арманы» тақырыпта ой-толғау жазып келу.	Үй тапсырмасын жазады.		Дәптер, күнделік.
7. Қорытынды	3 мин	1. Рефлексия. - Қандай тапсырманы орындау қиындық туғызды? - Түсініксіз мәселелер бар ма? 2. Кері байланыс. *Өлі ... дәмін татқым келеді; *Өлі де тоймадым, себебі...; *Барлық ұсынылған тағамдардан маған ұнағаны ...; *... аса тойдым; *... қорыта алдым; *Егер... қоссаңыз жақсы болар еді.	1-2 оқушы қорытынды жасайды Барлық оқушылар кері байланысқа жауап береді.		Стикерлер

Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданы, Аксукент ауылы.

Құқықтану — орта мектепте

СЕН ӨЗ ҚҰҚЫҒЫҢДЫ БІЛЕСІҢ БЕ?

Ақтоты БӨКЕНБАЕВА,
Атамекен орта мектебінің құқықтану пәні мұғалімі

— Құрметті ұстаздар және оқушылар бүгінгі біздің тарих, құқықтану, өзін-өзі тану пәндері бірлестігінің «Өткенін білмеген халықтың ұрпағы — тұл, келешегі тұрлаусыз» атты апталығы аясында өткізгелі отырған 10-сыныптар арасында «Сен өз құқығыңды білесің бе?» атты сайыс сабағымызды ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер (Өнұран орындалады).

Сайыстың мақсаты: Оқушылардың құқықтық білімдерін тексере отырып, заң алдындағы жауапкершілігін арттыру, ұйымшылдық пен тәртіптіліктің тиімді жолын сын сәтте таба білу арқылы жеңіске жету, алдына мақсат қоя білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд, ҚР Конституциясы, ҚР бала құқықтары туралы Конвенция.

Сайыстың барысы: I кезең. (Топ басшылары өзін және өзінің топ мүшелерімен таныстырады.)

II кезең. «Білімді көрсет» топ басшылар сайысы. (3 топтың топ басшыларына 10 сұрақтан қойылады. Егер сұрақ қойылып тұрған топ басшы жауап бере алмаса, келесі топ жауап беруге болады.)

III кезең. «Сөйле тілім, жасқанбай» (3 топқа құқыққа қатысты 4 сөзден жасырылады. Табылған құқықтық термин сөзді 2 тілде аудармасын білу.)

IV кезең. «Ой елегінен өткіз» (Әр топқа 2 сұрақтан қойылады).

V кезең. «Балалық үй базар» ҚР бала құқықтары. (Әр топқа бір-бірден бала құқықтары туралы сөздер айтылады. Сол сөздердің мағынасын түсіндіреді).

VI кезең. «Ойды аяқта» мақал-мәтелді аяқтау, мағынасын түсіндіру (әр топқа екі мақалдан беріледі).

Енді кезекті бүгінгі сайысымызды әділқазы алқасымен таныстырамын.

1-кезең. Таныстыру. (Топ басшылары өзін және өзінің топ мүшелерімен таныстырады.)

1-топ: "Әділет" тобы. 2-топ: "Заңгер" тобы. 3-топ: "Билік" тобы.

1-кезең бойынша алған ұпайлары.

2-кезең. «Білімді көрсет» топ басшылар сайысы. (3 топтың топ басшыларына 10 сұрақтан қойылады. Егер сұрақ қойылып тұрған топ басшы жауап бере алмаса, келесі топ жауап беруге болады).

I топ: Әділет тобының топ басшысына:

1.«Стандарт» сөзінің мағынасы? **Ж: полк туы.**

2.Невада-Семей экологиялық қозғалысының құрылуы? **Ж: 1989 жылы.**

3.Жеті жарғы бойынша қазақ хандары неше құқықтар мен функцияларды иеленді? **Ж: 5.**

4. Республика Президенті мәртебесінің енгізілуі?

Ж: 1990 жылы 24 сәуір.

5. Судья сот төрелігін іске асыру кезінде неге бағынады? **Ж: Конституция және заң.**

6. ҚСРО-ның ыдырауы жөнінде Алматы Мәлімдемесінің қабылдануы және ТМД-ның құрылуы? **Ж: 1991 жылы 21 желтоқсан.**

7. Парламент депутаты бір мезгілде екі палатаға мүше бола ала ма? **Ж: Жоқ.**

8. "Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы" мәлімдеме қашан қабылданды? **Ж: 1990 жылы 25 қазан.**

9. Конституциялық кеңестің негізгі қызметі? **Ж: Конституцияны қорғау.**

10. ҚР мемлекеттік Гимннің жаңа мәтіні мен музыкалық өңдеуі қаша бекітілді? **Ж: 2006 жылы 7 қаңтар.**

II топ – Заңгер тобының топ басшысына:

1.Заң шығарушы билік? **Ж: парламент.**

2. ҚР 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасының қабылдануы? **Ж: 1997 жылы 2 наурыз.**

3. Сенат депутатының өкілеттілік мерзімі? **Ж: 6 жыл.**

4. Қазақстан қашан БҰҰ-ның құрамына енді? **Ж: 1992 жылы 2 наурыз.**

5. Конституция неше бөлімнен тұрады? **Ж: 9 бөлім.**

6. Ақмола қаласы қашан Астана қаласы болып өзгертілді? **Ж: 1998 жылы 7 мамыр.**

7. Сенаттың неше депутатын президент белгілейді? **Ж: 15.**

8. ҚР Қарулы күштерінің құрылуы? **Ж: 1992 жылы 7 мамыр.**

9. Азаматтарға амнистия туралы актіні кім жариялайды? **Ж: Президент.**

10. Қазақтардың I - ші Д/Ж құрылтайы өтті қайда, қашан? **Ж: 1992 жылы 28 қыркүйек Алматы.**

III топ – Билік тобының топ басшысына:

1.Баланың азаматтық құқығы қай кезден басталады? **Ж: дүниеге келген күннен.**

2. Атқарушы билікті ата? **Ж: Үкімет.**

3. Президенттік лауазым қашан енгізілді? **Ж: 1990 ж 24 сәуір.**

4. Конституцияның екінші бөлімі қалай аталады? **Ж: Адам және азамат.**

5. Парламенттің төменгі палатасы? **Ж: Мәжіліс**

6. Үкіметті кім басқарады? **Ж: Премьер – министр.**

7. Азаматтарды полиция неше сағатқа дейін ұстай алады? **Ж: 72 сағат.**

8. Парламенттің жоғарғы палатасы? **Ж: Сенат.**

9. Қазақстан Республикасының неке жасы? **Ж: 18**

10. Мемлекеттік тудың авторы кім? **Ж: Шәкен Ниязбеков.**

Құрметті әділқазы алқасы «Білімді көрсет» туры бойынша топ басшыларының алған ұпайлары.

III тур «Сөйле тілім, жасқанбай» (3 топқа құқыққа қатысты 4 сөзден жасырылады. Табылған құқықтық термин сөзді 2 тілде аудармасын білу.)

1-топ. 1. Бір қазаға екі... жоқ (Жаза – наказание).

2. Куәсіз істі күмән табар, Куәлі істі... табар (Куә – свидетель).

3. Мен... қылған күні ай жарық болды. (Ұрлық – кража).

4. Би екеу болса,... төртеу. (Дау – спор).

2-топ. 1.Өр елдің... басқа, Иттері қара қасқа (заң – закон).

2. Елшіге... жоқ. (Өлім – смерть).

3. Тақыр жерге су төксең, жүруге тайғақ болар, Жаманға сырынды айтсаң, тар жерде... болар. (Айғақ – доказательство).

4. Ата-анаңның қадірін, балалы болғанда білерсің,

5.Анық достың қадірін,... болғанда білерсің (жала – клевета).

3-топ. 1. ... істің – арты игі. (Әділ – справедливый)

2. Қыдырып ішкен көженің кенеуі жоқ,

Қыдырып айтқан... керегі жоқ. (Билік – власть).

3. Жолға шықсаң сайлан, Бес... байлан (қару – оружие).

4. У ішкен бір өледі,... ішкен мың өледі. (Ант – клятва).

III кезең бойынша алған ұпайлар.

IV кезең: «Ой елегінен өткіз» (Өр топқа 2 сұрақтан қойылады).

1-топ. 1.ҚР Конституциясының 1-бабында не туралы жазылған? **Ж: ҚР өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.**

2. ҚР егемендігі мен тәуелсіздігін білдіретін аса маңызды 3 құжатты атап бер! **Ж: 1. Егемендік туралы декларация 2. Тәуелсіздік туралы конституция.**

Конституция.

2-топ. 1. Өнұранның сазы қай жылдан бері шырқалып келеді? **Ж: 1945 ж. 16 қараша.**

2. Қазақ жерінде құқықтық ғұрыптармен қатар жазылған заң жобаларын ата! **Ж: «Төре бітігі», «Шыңғыс ясаы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», «Жеті жарғы» заң жобалары.**

3-топ. 1. Конституция неше бөлім неше баптан тұрады? **Ж: 9 бөлім, 98 бап.**

2. Конституцияның 50 бабының мазмұны. **Ж: Парламент тұрақты негізде жұмыс істейтін екі палатадан Сенаттан және Мәжілістен тұрады.**

IV кезең бойынша алған ұпай сандары.

V кезең «Балалы үй базар» ҚР бала құқықтары. (Өр топқа бір-бірден бала құқықтары туралы сөздер айтылады. Сол сөздердің мағынасын түсіндіреді).

1-топ. Бала құқық қабілетті.

2-топ. Баланың білім алуға құқығы.

3-топ. Баланың еңбек бостандығына құқығы.

V кезең бойынша ұпайлары.

VI кезең «Ойды аяқта» мақал-мәтелді аяқтау, мағынасын түсіндіру (әр топқа екі мақалдан беріледі).

1-топ. 1.Заңның құрығы... (бөрінен ұзын).

2. Өш алғаннан гөрі... (кешірген жақсы).

2-топ. Өр адамның құдайы... (оның ары).

2. Жамандық қылсаң пәле күт... (бөріне де зауал бар).

3-топ. Жазасын тартпайтын... (жамандық болмайды).

2. Туғанына бұрғаны..... (биді құдай ұрғаны).

VI тур бойынша ұпайлары.

VII Қорытындылау. Бүгінгі біздің сайысымызға төрелік еткен әділқазы алқасына сөз кезегін беремін.

VIII Марапаттау.

Маңғыстау облысы,
Бейнеу ауданы.

Қазақ тарихы

№1 (148), қаңтар, 2017

«ОЙ-КӨКПАР» ТАРИХИ-ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫНЫ

Әлия БАЙСАҚАЛОВА,
Харькин атындағы орта білім беретін мектептің
тарих және құқық пәні мұғалімі

Мақсаты. Оқушылардың ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, ана тілін қастерлеуге оны түсіне білуге шақыру; Ана тілін сүйе, құрметтеуге, таза сөйлеуге және ұлтжандылыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекілігі: слайд-презентация (ҚР рәміздері, тілге қатысты нақыл сөздер, т.б.).

Қатысушылар: ұстаздар, 5-6-сынып оқушылары.

Барысы: I Кіріспе бөлім. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім: – Құрметті ұстаздар, оқушылар! 22 қыркүйек – ҚР халықтарының тілдері күні, халықтық мереке. Олай болса, бүгінгі тіл мерекесіне орай өткізіліп отырған «Ой-көкпар» тарихи-танымдық сайысына қош келдіңіздер!

II Негізгі бөлім. 1.Мемлекетіміздегі тіл саясатының жүзеге асырылуы.

2.Сайысқа қатысатын топтарды ортаға шақыру.

3.Өділқазыларды сайлап алу.

4.Сайыс бағдарламасымен таныстыру.

М.Мақатаевтің «Үш бақытым» өлеңі оқылады.

Мұғалім: – Тіл қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, құдіретті қатынас құралы. Ол әрбір адамда ана сүтімен қалыптасады. Тіл байлығы – әр елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес асыл мұра. Қазақ тілі –әлемдегі ең бай тілдердің бірі. Ананың сүтімен бойымызға дарыған қазақ тілінің құдіреттілігі – оның өрлігінде, орасан зор байлығында. Өзін туған елінің перзентімін деп санайтын әрбір азамат ана тілінде сөйлеуі керек. Кеңес өкіметі кезінде қазақ тілі империялық қыңыр саясаттың кесірінен шетқақпай көріп, өз елінде өгейсіді. Ең сорақысы еліміздің ертеңі – төл ұрпақ орыс тілінде сөйлеп, ана тілін жатырқады. Еліміз тәуелсіздік алғалы қазіргі таңда ана тіліміздің мәртебесі өсіп келеді. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев қазақтың ана тілін мемлекеттік тіл етіп, «Қазақ пен қазақ қазақша сөйлессін» деген қағиданы ұсынды, оның өркендеуіне көмек көрсетіп келеді.

Елімізде мемлекеттік тіл саясаты төрт бағытта дамып келеді:

-мемлекеттік тілдің әлеуметтік-коммуникативтік қызметін кеңейту мен нығайту;

-орыс тілінің жалпы мәдени қызметін сақтау;

-Қазақстан халқының басқа да тілдерін сақтауға мемлекеттік қолдау көрсету;

- ағылшын тілін және басқа да шет тілдерін оқып үйрену.

Сайыстың шарттары:

1-кезең: «Көкпар» (1 ұпай).

2-кезең: «Ойлан тап» (5 ұпай).

3-кезең: «Суреттегі тарих» (10 ұпай).

4-кезең: «Сәйкестендір» (9 ұпай).

1-кезең» «Көкпар» (1 ұпай).

6-сынып. Вавилон патшалығын құрған билеуші

Хаммурапи.

Мезолит дәуірінде қауым қандай топтарға бөлінді.

Ежелгі адамдардың алғашқы ұжымы: **Тобыр.**

Адамдардың шығу тегін жануарлармен байланыс-

тырудың ғылыми атауы **Тотемизм.**

Египет жоғары билеушілерінің титулы: **Пергауын.**

Орта тас ғасырындағы балалар тобынан ересектер тобына өту ғұрпы **Бағыштау (инициация).**

Қазақстан жеріндегі қола дәуірін түбегейлі зерттеуді бастаған ғалым **Ә.Марғұлан**

Ерте палеолит қандай үш кезеңен тұрады?

Ең алғашқы адамдардың сүйектері табылған құрлықтар Азия мен Африка

10. Экзогамия дегеніміз не?

5-сынып. Қазақстан аумағында ең ежелгі адамдардың өмір сүрген аймағы **Оңтүстік Қазақстан.**

Ежелгі адамдардың тұнғыш баспаналары. **Үңгірлер.**

Тас дәуірі адамдардың ине жасаған заты. **Сүйек.**

Алғашқы қауымдағы адамдардың негізінен аулаған андары **Мамонттар мен бизондар.**

«Қыш құмыралар заманы» деп аталатын дәуір. **Неолит.**

Мезолит заманында аңшылықтың рөлін арттырған құрал?

Египеттіктер қамыс сабағынан дайындалған парактарды қалай атаған?

Мыс пен қалайының қосындысынан қандай металл алынады?

Имек ағаштан жасалған, аңға лақтырып құлататын қару қалай аталады?

Есік қорғанынан табылған «Алтын адамды» зерттеген археолог ғалым?

2-тур: «Ойлан тап» (5 ұпай).

1.Қазақстан тарихы қанша кезеңге бөлінеді?

A.5. Ә.4. Б.6. В.3

2.Халықтардың тұрмыс-тіршілігін, рухани мәдениетін, шежіресін зерттейтін ғылым саласы?

A. Археология. Ә. Этнография.

Б. Антропология. В. Топонимика.

3. Көне замандардың жазба құжаттары қайда сақталады?

A. Театрда. Ә. Мұрағатта.

Б. Баспада. В. мектепте.

4.Қазақстан аумағында алғашқы адамдар қай уақытта пайда болды?

A. 1 млн жыл бұрын. Ә. 40 мың жыл бұрын.

Б. 2 млн жыл бұрын. В. 5 мың жыл бұрын

5. Адамзат тарихындағы өте ұзаққа созылған кезең?

A. Тас дәуірі. Ә. Қола дәуірі.

Б. Темір дәуірі. В. Орта ғасырлар

6. Сақтар туралы жазған грек тарихшысы, тарих атасы?

A. Анахарсис Ә. Рашид ад-Дин

Б. Геродот В. Фукид

8. Бейнелі сұрақ (Мұратова Асылай 10-сынып оқушысы).

9. Бейнелі сұрақ (Таңатжанов Бақдәулет 9-сынып оқушысы).

3-кезең: «Суреттегі тарих» (10 ұпай).

4-кезең: «Сәйкестендір» (9 ұпай).

5-сынып. Ежелгі “тік жүретін адам” өкілі **Синантроп.**

Мөлшерімен 40-35 мың жыл бұрын қалыптасты

Саналы адам.

Тас өңдеу биік деңгейге көтерілген кезең. **Неолит.**
Қазақстан аумағында өмір сүрген алғашқы адам өкілі **Питекантроп.**

“Саналы адам” сүйегі табылған үңгір **Кроманьон.**
Тас дәуірінің ескерткіштері аз табылған кезең **Мезолит.**

«Қыш құмыралар заманы» деп аталатын дәуір **Неолит.**

Тас пен мыстан жасалған еңбек құралы қатар қолданылған кезең **Энеолит.**

Адамдардың дән үккішті ойлап тапқан кезеңі **Неолитте.**

6-сынып. Ежелгі тас ғасыры қамтитын кезең **б.з.д 2 млн 500 мың – 12 мың жыл.**

Орта тас ғасыры қамтитын кезең **б.з.б 12-5 мың жыл.**
Жаңа тас ғасыры қамтитын кезең **б.з.б 5-3 мың жыл.**

Ғалымдардың есептеуінше мұздықтардың ери бастаған уақыты **13 мың жылдай бұрын.**

Егіншіліктің пайда болу мерзімі **10 мың жыл бұрын.**

Жер бетінің күрт суып бастауы басталды **100 мың**

жыл бұрын.

Жер бетінде бұдан 100-35 мың жыл өмір сүрген жандар **Синантроптар.**

Мөлшерімен 40-35 мың жыл бұрын қалыптасқан жандар атауы **Саналы адам.**

Ең ежелгі “епті адамның” мөлшерімен өмір сүрген мерзімі? **1 млн. 750 маң жыл бұрын.**

III Қорытынды бөлім.

Мұғалім: – Бүгінгі сайысымызды Елбасының «Тіл туралы» айтқан сөзімен қорытындылағым келеді.

«*Дауға салса алмастай қиған, сезімге салса қырандай қалқыған, ойға салса қорғасындай балқыған өмірдің кез келген орайында әрі қару, әрі қалқан болған, әрі байырғы, әрі мәңгі жас, отты да ойнақы Ана тілінен артық қазақ үшін бұл дүниеде қымбат не бар екен?*».

«Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тұжырымдаманы әрдайым жадымызда ұстап, қазақ тілімізді дамытып, өркендете берейік!

**Батыс Қазақстан облысы,
Ақжайық ауданы,
Шабдаржап ауылы.**

Ұстаз зерттеуі

ҚАРА ЖҰМЫСҚА БАРҒАНДАР

1970 жылдардың ішінде ауылдың көне көз шежіре қарттары бір қонақта әңгімелесіп отырған. Әңгіме құмар, сөз қадірін білетін жасы елулерге іліккен ҰОС-ның мүгедегі Дүйсенбай Әліпов (әлі бар) ақсақал алғаш ұрысқа бастан-аяқ Минск қаласын азат етуге кіріп, Гомельде жараланғанын әңгімелеп отырған. Сол кезде Әукіш (Әубәкір) Шынтаев (1896-1978) ақсақал Минск төңірегін, қаланың орталығындағы ескерткіштерді суреттеп, үйлерді, ғимараттарды, т.б. сұрастырып, қаланың бүлінгеніне кейіп отырғандай еді. Топ ішінен біреу: «Ақсақал, сіз, Минскіні қайдан білесіз? – деді. -Пәлі, шырағым кезінде Минск бізден қалып еді. 1916 жылы осы өңірден қара жұмысқа шақырылып, Белоруссия жерінің де дәмін, суын таттық. Минскіде бізді жан-жаққа бөлді. Мен тура қалада 23 күн болдым. Орталықтағы парктің сол қол жағында наубайхана бар. Соның артындағы бір үйдің залында біз жаттық. Көшелеріне тұтас жалпақ тас төселген. Күнде шлангамен су шашып, неше жуады. Гүлдерін суарады. Біз де көмектестік. Ана қаланы атам баласы салды деп ойламайсың. Бірінен-бірі өтетін ғажап, сұлу ғимараттар. Басшымыз Әлиханов 70-80 метрдей қашықтықтан көрдім, мұртты адам екен. Биікке шығып сөйледі. «Балаларым, жау ортақ...» – деген сөздері ойымда қалыпты (Әй, сол отырғандар Әлиханның кім екенін ажыратпады-ау!).

– Кезек келгенде бізді, 50-дей жігітті қосымша Ригаға жіберді. Қасымда осы ауылдан Жатқанбайдың Сымағұлы (ҰОС-на қатысқан Зейнолланың әкесі) екеуіміз қайтқанша сонда бірге болдық. Бұл да әсем қала. Аспаны ашылмайды. Жаңбыр ауық-ауық төгеді де тұрады. Риганың төрт құбыласына темір жол салып жатыр. Жүк көп келеді. Шпал, ағаш, рельс, майданға қару-жарақ, әскерге азық-түлік күндіз-түні келіп жатады. Біз жүк түсіреміз. Доңыздың еті келгенде қол тигізбейміз. Ілгіші бар істік темірлермен төрт кісілеп көтеріміз. Сол кезде сулық киімнің неше түрлісі бар. Майдан шебіне 2-3 рет барып, жігіттер

окоп қазып келді. Мені және бір топ жігітті ол күні басқа жұмысқа жіберіп еді. Алыстан зеңбіректер гүр-гүр атылып жатады. Ригалықтар соғыс болып жатыр деп елеңдемейді. Ескі тәртіп бойынша қалада соғыс жүргізбей, жеңілген жағы қаланы тастап шығады екен. 1812 жылы орыстар Москваны тастап шыққан дейді ригалықтар.

Менің де үлкен атамның інісі Жақып деген атамыз да қара жұмысқа барыпты. 1990-жылдардың ішіне дейін өмір сүрген апаларымыз *«Жақам аборға барып келген, пойызбен тескен таудан өттік деп отыратын»*, – дейтін. Аборы «Оборон» екен. Ол кісі Псков облысында ағаш кесіпті. Жанжігіт руларының жігіттерімен бірге болады. Солармен қайтып, Түркістанда ма, әйтеуір, оңтүстік облыстардың бірінде 2 ай қонақ боп жүреді. Халқы тұтас діншіл болады екен. Бір күні оны бір молда қонаққа шақырады. Ас ішіп далаға шыққанда Жақып балаларға: *«Ай, ана тезектеріңді жабыңдар, күн жауғалы келеді»* – депті. Молда: *«Астапыралла, сен қайдан білесің? Күн жауатынын, Алла біледі. Мына жігіт құдайсыз сөйлейді екен»*, – деп ертеңінде оны еліне қайтарады. Жақып 1926 жылы дүниеден өтіпті. *«Қара жұмыстан сыз өтіп келді»*, – деп отыратын үлкендер.

1978 жылы 84 жастағы Аякөз қаласының тұрғыны Тұрлыбай Тұрлыханұлы Сарышайнов ақсақалмен әңгімелескен едім. Руы – мұрын. Ол да 1916 жылы қара жұмысқа алыныпты. Шахтада жұмыс істепті. Ертеде қара жұмысқа алынғандар өзінің онда болғанын жасыратын еді. Пролетариаттың қас жауы Патшаның саясатын мойындап, оған еңбек істеп келген деген жат қылық саналғандай екен. Енді ұмытылып та барады.

**Рамазан НҮСІПОВ,
Шығыс Қазақстан облысы,
Ұржар ауданы,
Көктерек ауылы.**

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ – ДЕМОКРАТИЯЛЫ МЕМЛЕКЕТ

Галина ҚАБЫЛДИНА,

№ 4 жалпы білім беретін орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Көшпелілер өркениетінің құрамдас бөлігі болып табылатын қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуының тарихы тереңде жатыр.

Көшпелілер де отырықшы халықтармен салыстырғанда өзіне тән ерекшелігі бар мемлекеттік формаларды өмірге әкелді. Олар көшпеліліктен туындайтын рулық (патриархалдық) тәртіптерді дамыта отырып, мемлекеттік дәрежесіне жеткізді. Қазақ хандығы қазақ жерінде бұрыннан өмір сүрген этносаяси бірлестіктердің занды жалғасы болып табылады. Қазақ мемлекетінің қайнар көзі біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдан, сақ дәуірінен басталады. Одан кейін тек мемлекеттердің аты өзгергені болмаса, аумақ тұтастығы, мұндағы мәдениет, салт-дәстүр үнемі жалғасын тауып отырған. Біздің жерімізде бірінен кейін бірі сабақтасқан жиырмадан астам мемлекеттік құрылым болған. Тарихшы марқұм Талас Омарбеков: «Біздің тарих күрмеуге келмейтін қысқа тарих емес, түптамыры мыңдаған жылдарға кететін күрделі тарих. Көптомдық қазақ мемлекеттігінің тарихын жазатын жет келді. Оның түп қазығы қазақ хандығы болуы тиіс. Ал бастауы сонау ғұн, қаңлы, үйсін, т.б. тайпалар болғаны жөн»-деп айтып кеткен еді [2]. Сонымен Қазақ хандығы-ежелгі сақ-үйсіндер мен Түрік қағандықтарының, одан бергі Қыпшақ хандығының, Ақ Орданың тікелей мұрагері. Қазақ хандығының XV ғасырдың II жартысында құрылып, осындай азғана уақыттың ішінде, яғни, XVI ғасырдың басында өрлеуін тарихшылар Қасым ханның есімімен байланыстырады [1]. Қасым хан тұсында Қазақ хандығы дербес мемлекет ретінде халықаралық қатынасқа араласа бастайды. Онымен алғашқылардың бірі болып дипломатиялық қатынас жасаған Мәскеу мемлекеті. Егерде сол кезде қазақ хандығы мемлекет дәрежесіне көтерілмесе, солтүстік көршісі Мәскеу мемлекеті дипломатиялық қатынас орнатпас еді, қазақ елі туралы мәлімет Батыс Еуропаға дейін жетпес еді. Тарихтың заңды доңғалағымен дамыған орта ғасырда құрылған қазақ хандығының басқару жүйесі жеті тармақтан тұратын, орталықтанған, демократиялы қоғамдық құрылымымен кейінгі ұрпақты тәрбиелеуде үлгі болатындай рухани құндылықтарды дүниеге әкелген мемлекет болды. Мемлекетті реттейтін өз Конституциялары болды. «Қасым ханның қасқа жолы»; «Есім ханның ескі жолы»; Тәукенің «Жеті жарғысы».

Оған Мемлекет тарихы институтының директоры, профессор Бүркіт Аяғаннның зерттеулерінен алынған мына тұжырым дәлел бола алады: «Қазақ Хандығы белгілі бір жүйесі бар орнықты мемлекет болды. Жәнібек пен Керейдің құрған мемлекетінің Ақсақ Темір құрған мемлекеттен айырмашылығы осы да еді. Ақсақ Темір құрған мемлекет өзі дүниеден өткен соң ыдырап кетті. Ал, Жәнібек пен Керей құрған мемлекет жүйелі түрде атадан балаға мирас болып келді. Қазақ Хандығының мемлекеттік құрылымы жағынан тағы бір айырмашылығы – орталықтандырылған мемлекет болды. Айталық, Орта Азиядағы өзбектердің мемлекеттік жүйесімен салыстырсаңыз, олар бірнеше хандықтарға бөлінеді. Біздің Қазақ Хандығының жүйесіндегі тағы бір ерекшелік, елдің билеушісі хан болса, оның бақылаушысы билер мен батырлар болды. Ал, таптық тұрғысынан Қазақ Хандығында басыбайлылық деген болған жоқ. Дәл осы уақытта басыбайлылық Ресейде белең алып тұрғанын тарих

өзі көрсетіп берді. Құқықтық жүйесінде жазалаудың түрлері бола тұра түрме салынбады. Оның орнына «құн салығы» айып ретінде қарастырылды. Заманына сәйкес экономикалық жүйесі де болды. Осы жүйемен салық ісі де реттелді», – деп тұжырымдайды Б. Аяған [3].

Ру-тайпалардан құралған байырғы қазақ даласы құрылымы жағынан түрлі ассоциациялар мен бірлестіктерден тұратын көп ұлтты, өзіндік бір азаматтық қоғам іспетті болды. Ғалым, философия ғылымының докторы Ө.Н.Нысанбаевтың тұжырымы бойынша, көшпенділерде үлкен әлеуметтік және саяси күш әлеуметтік өзіндік ұйымдасуының негізгі формасы – рулар мен тайпаларға түсті. Мәселен, қазақтар малына жеке меншік ете алғанымен, жерді тек ұжымдық түрде ғана пайдаланатын. Ата-бабаларымыз негізінен мал шаруашылығымен айналысқандықтан, шаруаның ыңғайына қарай жаз жайлауы, қыс қыстауына көшуі қажет болды. Бұл өз кезегінде көшпенді өмір-салтын ұстануға ықпал етті, ұлан-байтақ аумақта тұрмыс-тіршілік етіп, сәйкесінше, өзіндік ерекшеліктері бар мемлекеттік басқару мен экономикалық жүйе қалыптасты, еркіндікке құштар ұлттық болмыс пен мәдени-рухани жан-дүние де қазақ сахарасындай кең болуының бір сыры да осында жатса керек. Кезінде ағылшын экономисі А.Смит мал көшпелілерде ертеден жеке меншікке айналғандықтан, оларда мүлктік және әлеуметтік жіктелу де, қоғамдық саяси институттардың құрылуы да тез жүретіндігін атап көрсеткен болатын [1].

Билікке талас жолындағы революциялар тән отырықшы мемлекеттерден тағы бір өзгешелігі – көшпелі мемлекетте жоғары саяси билікті жүзеге асыруда әулеттік үстемдік орын алғанымен, бұл үстемдік ру-тайпа өкілдерінің билеушісі сайлап қою мүмкіндігімен шектеліп отырды. Бұл да дала демократиясының бір көрінісі еді «Қазақ қоғамының өмірінде батыстық түсініктегі мемлекеттің жоқтығынан оның ерекше рөлі болмады. Билік қатынастарының мазмұны мен сипаты мемлекет басқарудың классикалық шығыстық дәстүрлерімен анықталса да, тапсыз қазақ қоғамы негізінен азаматтық қоғам ретінде қызмет етті, өйткені қоғамның қатардағы мүшесінің мінез-құлқы “дала демократиясының” белгілі бір ережелерінің көмегімен реттелді. Қазақ қоғамын тік және көлбеу байланыстармен өрілген қандай да бір әлеуметтік ағза, жүйе ретінде қарастыруға болады [5]. Сондықтан да қазақ даласында революциялық алғышарттар болған емес. Ал XX ғасырда болып өткен революциялардың бәрі қазақ даласына сырттан танылған еді.

«Қазақтың мемлекеттілігі елдеқайда тереңде, сонау Сақ дәуірінде жатыр.

Қазақ хандығының саяси құрылымын, экономикалық құрылымын, құқықтық негізін зерттеп, насихаттауымыз керек. Түрме жоқ, бірақ әділеттілік бар. Қанша қиын жағдай болады, жетім жоқ, жесір жоқ. Қазір біреу адам өлтірсе, түрмеге қамаймыз. Өлгеннің де, өлтіргеннің де баласы жетім, әйелі жесір қалады. Қазақ хандығында мұның бәрі құн арқылы шешілген. Өкінішке қарай, біз осыған назар аудармай жүрміз», – деп назасын білдіреді белгілі тарихшы, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Камал Бұрханов [3].

Соңғы жылдардағы ғалымдардың зерттеулерінде

қазақ халқының мемлекеттігі болғандығы толығымен мақұлданды. Мәселен, тарихшы ғалым М.Қозыбаев мемлекеттілік болу үшін қандай белгі-нышандар керек екендігін айта келіп: *"Ұлы далада мемлекеттік құрылымдар, тайпа одақтары мен қағанаттар Еуропадан ерте пайда болды, — деп атап көрсетті. — Қазақ хандығында мемлекетке тән негізгі белгілер болған"*, — деп тұжырымдады [1].

Кеңестік дәуірде ертедегі Қазақстан аумағындағы мемлекеттер туралы тарихи еңбектер екі түрлі болды. Бірінші түрі: *«Көшпелілерде мемлекет қалыптасып үлгерген жоқ, олар шаруашылық қауым деңгейінде өмір сүрді. Жерге жекеменшік болмағандықтан, таптық қоғам құра алмады. Оның үстіне көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар үшін бір орталыққа бағынған мемлекеттік құрылымнан көрі, шашыраңқы қауымдастық түрінде өмір сүру тиімді болды»*, — деген еуроцентристік бағытта болды. Екіншісі, жан-жақты тарихи деректермен бірге археологиялық зерттеулерге сүйенген түрі: *«Қазақстан аумағында мемлекеттік құрылымдар б.з.б. I мыңжылдықта шаруашылықтың бөлініс кезінде пайда болды»* дегендер болды. Мұндай пікірді А.Н.Бернштам, В.В.Бартольд, Л.Н.Гумилев сияқты, т.б. беделді ғалымдар айтты. Яғни бұл кезең ерте темір дәуіріне сәйкес келеді. XX ғасырдың 20 жылдары қалыптасқан идеология *«Көшпелі қазақ қоғамы демократиялық қоғам болды, онда ағайыншылық, туыстық қатынастар таптық қайшылықтардан жоғары тұрды»* деген пікірлерді *«Ұлтшыл буржуазиялық пиғылдағы зерттеушілердің ойдан шығарған көзқарасы»*, — деп айыптады. Себебі бұл көзқарас Кеңес империясын нығайтуға кедергі болар еді [1].

Сондықтан Кеңестік дәуірдегі көп томдық еңбектер таптық тұрғыда жазылып, тап күресі басты орында тұрды, өткен тарихқа феодалды, байшыл, ескішіл деген айыптар тағылғаны мәлім. Осының салдарынан қазақ халқында ешқашан ұлттық мемлекет болған емес, тек мемлекеттік құрылыстың жеке элементтері ғана болды деп көрсетілді. Оның өзінде бірегей саяси құрылым емес, ру-ру, ауыл-аймақ болып өз алдына отау тіккен шашыранды құрылыс ретінде көрсетілді. Нәтижесінде қазақ халқы бытыраңқы, сауатсыз, жабайы өмір кешуші халық кейпін де киді. Осылайша, бодандық, тоталитарлық жүйе заманында жазылған тарихымыз қазақтар жазу-сызуы, қалалары, мәдениеті, мемлекеті болмаған, жартылай жабайы ел еді, оларды Ресей өркениетке үйретті деген сарынды жазылды [4]. Бұған қарсы болған алаштың зиялылары саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақ даласында «дала демократиясы» ережесі болғаны тарихи шындық. Сөзімізді дәлелдеу үшін қазақ қоғамындағы билердің қоғамдағы рөлін жан-жақты зерттеген философия ғылымдарының докторы Д.Раевтың пікіріне зер салсақ: *«Ежелгі дәуірлерден 19 ғасырдың басына дейін қазақ қоғамы саяси потестарлы билік жүйесінің негізінде дамығаны белгілі. Ең төменгі бұқаралық билікті ауыл-аймаққа, ру-тайпа ішіне сыйлы, өмірлік тәжірибесі мол ақсақалдар атқарса, орта буындағы, яки, потестарлы билік тізгінін ру-тайпа басылары — билер ұысында ұстады. Ал мемлекеттік және мемлекетаралық деңгейдегі мәселелерді қамтитын жоғары билікті төре тұқымы — хандар мен сұлтандар иеленген. Міне, бүкіл қазақ қоғамының елдік тұтастығы осы соңғы екі билік жүйесінің өзара тепе-теңдігі мен бір-біріне қарама-қарсылығы принциптеріне негізделді. Яғни билік салаларға бөлінген. Бұл демократиялық мемлекеттің бір белгісі. Саяси-әлеуметтік құрылымға арқау болған рулық-тайпалық жүйенің өзі айқын қандас туыстардың ұйымы емес, саяси билік және саяси-әлеуметтік қауымдастық қызметін ғана атқарды. Сондықтан қо-*

ғам болмысындағы рулық негіз мемлекеттік әрі саяси институттардың нығайып, жеке-дара үстемдік құруына қай кезде де мүдделі болған емес. Халықтың қалың бұқарасына жақын әрі оның тікелей қолдауына арқа сүйеген потестарлы билік иелері, яки ру-тайпа басылары — билер хан-сұлтандардың билігін белгілі бір дәрежеде шектеп отырды. Сол арқылы олар өздерінің әлеуметтік-саяси статусын нығайтып, абырой-беделге кенелді. Әйтсе де, ерекше әлеуметтік-саяси жік ретінде билерді тарих сахнасына шығарған рулық құрылым өзіне субэтникалық-әлеуметтік топтарды тарта отырып, қоғамды ұйымдастырушылық, мемлекеттілік нышандарын нығайтушылық қызметін атқарды. Белгілі академик — С.З.Зимановтың сөзімен айтқанда, *«...көне дәуірдің мұрасы ретінде ұрпақтар үшін қазақтар екі мәңгі құндылықты сақтап қалды — ол Сөз құдіреті мен Заң құдіреті»* (Қазақтың ата заңдары, 2004) [6]. Заң ғылымдарының докторы, профессор Г.Рүстембекова өз зерттеулерінде былай деп атап көрсеткен: *«Жалпы қазақтың болмысы демократ, өйткені, қазақ кісілік пен адамдық, адамгершілік пен ынсап, адами мінез бен имандылық, сәйкес келмеген жағдайда шындықты шырылдап айтқан халықтың бірі. Тарихтан бізге жеткені, қай заманда да ханның қасында оның ақылшылары — билер мен шешендер жиі жүрген. Олар хан мен қара халық арасындағы байланыстың аққарасы мен оң-терісін анықтап, әрдайым әділ пікірін айтып, шындыққа жүгініп отырғаны белгілі. Демек, демократия біздің халықтың бойына туа біткен асыл қасиеттердің бірі деуге толық негіз бар. Қазақта: «Хан бұзылса кім түзейді, қара бұзылса кім түзейді», — деген сөзге: «Хан бұзылса қара түзейді, қара бұзылса хан түзейді», — деген жауап бар. Осының өзінен-ақ о замандарда қазақ даласында демократияның салтанат құрғандығын аңғаруға болады»* [6]. Қазақ қоғамының көшпенділер өркениетінде ертеден-ақ қоғам қозғалысында басты тұлға адам деп танылған. Қазақтар еркін өмір сүрген халық. Бізде сөз бостандығы да болған, және де ол басты құндылық ретінде бағаланған: *«Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ»* деген аталы сөзге жүгінген халықпыз. Тіптен жаны қысылғанда ханның өзіне де *«Дат, тақсыр!»* — деп қарапайым адамдар да өз ойларын еркін білдіре алған. Қазіргі заманғы демократияның басты құндылығында — адам мен азаматтың саяси құқықтары мен бостандықтарында бұл аталған мәселелердің шоқтығы биік. Ата бабамыздың ғасырлар бойы ұстанған демократиялық құндылықтарын тәуелсіздікті ту етіп қайта жаңғыртсақ, мемлекетіміздің тұғыры келер ұрпақ үшін маңызы зор болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық / Ә.Төлеубаев, Ж.Қасымбаев, М.Қойгелдиев, т.б. — А.: "Мектеп" баспасы, 2010. — 109-112; 138-66.
2. Сейсен Әмірбекұлы. // Қазақ тарихы қалай жазылуы тиіс // - www.elarna.com/koru_kk.phpid=351368
3. Нұрсерік Жолбарыс. // Қазақ хандығына 550 жыл: тарихи, идеологиялық өлшемдер // BAQ.kz.saigez.kz/p=2365
4. Мұсатаев Сейілбек. // Қазақ ұлтының тарихы шынында // - qamshy.kz/p=1412.
5. Халықаралық ғылыми-танымдық, тарихи журнал // ХҮІ ХҮІІІ ғ. басындағы Қазақ хандығының әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайы // - ehistory.kz/kz/contents/view/
6. Раев Д.С. // Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы билер институты // - www.rusnauka.com/8.../4_103517.doc.htm

Арқалық қаласы.

СЫР ӨҢІРІНІҢ ХАЛЫҚТАРЫ

(этнодемографиялық ерекшеліктері)

Жанар ЖҰМАНОВА,
«Абылай хан» атындағы колледждің тарих және
география пәндерінің оқытушысы

«Қиындық атаулыны жеңетін бір-ақ күш бар, ол – бірлік, ендеше жерінді қорғау үшін бірлік қаншалықты қажет болса, тәуелсіздік жемістерін, бүгінгі қол жеткізген табыстарымызды сақтап қалу үшін ол сондай қажет», – деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың айтқан сөзі, дамып келе жатқан Қазақстан жерінде 130 ұлт өкілдерінің ынтымақтастығы, еліміздің өсіп-өркендеуі, берекесінің тасуы осы бірлікпен тығыз байланысты [25, 66 б.].

Кеңес Одағының ыдырауы мен тәуелсіздіктің ақ таңы атқан алғашқы жылдары елімізде этностық толқулар күшейді. Бұл аумалы-төкпелі уақыт туралы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: *«Ең қауіптісі – олар таза ұлттық сипат ала бастады. Ұлт мәселесінің соншалық асқындауы әуелі теориялық дәрменсіздіктен етек алды», – деп жазған еді [26, 8 б.].* ХХ ғасырдың соңында еліміздегі бұл үдерістер тек Кеңес мемлекетінде ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлемде орын алған ауқымды ұлттық оянуудың көріністері болатын. Осы ретте, Елбасы ел бірлігін басты назарда ұстай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясын құруды қолға алды.

Елдегі қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту мақсатында 1995 жылы Елбасы Жарлығымен Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған еді [27, 75 б.]. Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы кеңесші орган болып табылатын бұл ұйымға биыл 21 жыл толып отыр.

Жаңадан құрылған, тәуелсіз, полиэтносты, поликонфессиялық мемлекеттің тұрақты дамуы барысында Н.Ә.Назарбаевтың этносаралық толеранттылық және қоғамдық келісімнің Қазақстандық үлгісі қалыптасты [28, 37 б.]. Осы жылдар ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды құрамына айналды. Бүгінде Ассамблея ел Президенті Төрағалық ететін конституциялық орган болып табылады. Бұл оның ерекше мәртебесін айқындайды. [29, 42 б.]

Ассамблея мәдени-ағартушылық – тілдер мен ұлттық мәдениеттерді, салт-дәстүрлерді қайта жаңғырту және насихаттау, тәрбиелік – Қазақстандық және ұлттық отан сүйіштікті қалыптастыру, ұлтаралық қатынастарды қадағалау негізінде ұлтаралық татулық пен келісімді нығайту ісімен айналысады [30, 78 б.]. Сонымен қатар Қазақстанды мекен еткен ұлт өкілдері арасында достық қарым-қатынастардың дамуына негіз болатын мемлекеттік саясат жүргізу жөнінде ұсыныстар дайындайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: *«Қазақстан халқы Ассамблеясы қасиетті қазақ жерін татулықтың талбесігі етіп, бейбітшілікке бөлеген, ел тәуелсіздігінің ең жауапты кезеңінде бірлігіміздің бастауы болды [31, 79 б.]. Осы аралықта ол өзінің өміршеңдігін көрсетіп, біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болды. Кезінде тағдырдың жазуымен қасиетті қазақ даласына сан түрлі ұлт өкілдері қоныс тепкен еді. Бүгінде олар тең басқа болғанмен, теңдігі бір, қаны бөлек болғанмен жаны бір, арманы ортақ біртұтас*

халыққа айналды», – деген болатын.

Сыр елі тұрғындарының ұлттық ерекшеліктеріне байланысты, өңірде түрлі саланы дамыту қолайлығы бар. Қызылордада жалпы 30 астам ұлт құрамы бар, сондықтан да көп ұлтты облыстардың бірі болып саналады. Осы ұлттардың басым көпшілігі кезіндегі саяси жағдайдың әсерінен қоныстанды. Олар түрлі тағдырлар тоғысында келіп мекен еткендер [32, 213 б.]. Достық пен ынтымақтастықтың алтын көпірі сонау қиын-қыстау замандардың өзінде де өз көрінісін жоғалтқан емес. Талай жылдар өте келе бауыр басып өз жерінде қастер тұтқан, өзге ұлт өкілдері қазір татулық пен ынтымақтастықтың белгісіндей тұрғылықты халыққа айналды.

2009-2015 жылдар аралығында этностардың өсу және кему динамикасы көрсетілген. 2009 жылғы Қызылорда облыс тұрғындарының этникалық құрамының саны 677 732 болса, 2015 жылы осы көрсеткіш 11,13 % өсті, яғни 753 148 адамға жетті [33, 193 б.]. Соңғы ұлттық санақ бойынша қазақтардың саны 645541 болды, ол облыс халқының 95,25% құрайды. 2015 жылғы көрсеткіш бойынша 11,87% өсті, қазақтар саны жыл сайын тұрақты түрде өсу қарқын байқалуда. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Сыр өңіріндегі өзге ұлт өкілдері – қырғыздар, түріктер, өзбектер, әзербайжандар, ұйғырлар әлеуметтік-экономикалық жағдайын реттеп, отбасын асырау үшін жұмыс іздеп келгендер арқасында көбейген. Сонымен қатар соңғы жылдары табиғи өсімдері байқалуда. Ал орыстар, украиндар, көрістер, татарлар, шешендер, башқұрттар, белорустер, немістер, молдавандар, гректер, марийлер, т.б. ұлт өкілдері өз тарихи Отандарына түрлі себептермен көшуіне байланысты 2015 жылғы мәліметтер бойынша азайған.

Еліміз көпұлтты мемлекет болғанымен, Қызылорда облысында қазақтар басым 95,88% құрайды. Бұл басқа облыстарға қарағанда ең жоғарғы көрсеткіш. Облысымыздағы өзге ұлт өкілдері – 4,22% құрайды, оның ішінде орыстар – 2,03%, көрістер – 1%, өзбектер – 0,19%, татарлар – 0,2% және 0,8% басқалары құрайды [34, 241 б.]. Сонымен қатар Сыр елінде түріктер, шешендер, украиндар, әзербайжандар, башқұрттар, немістер, белорустер, гректер, қырғыздар, ұйғырлар, т.б. ұлт өкілдері мекен етеді.

Қазақтардан басқа этностық топ өкілдерінің орналасу ерекшелігі, олардың басым көпшілігі, яғни 77,4%-ы Қызылорда қаласы, Шиелі ауданы мен Байқоңыр қаласында тұрады [35, 117 б.]. Байқоңыр қаласында өзге этностардың, әсіресе, орыс ұлтының басымдылығының себебі, Ресей Федерациясының жалға алған ғарыш айлағында жұмыс жасауға, славян этностарын әкелуімен байланысты. Ал Шиелі ауданында болса, бұрында тұрақтап қалған орыс этносы тау-кен өндіріс орындарында білікті мамандар қажеттілігінен қоныстанған болатын. Және тағы атап өтетін жайт, өзге этнос өкілдері қазақиланып, туу процесі арқылы көбейіп отыр. Этникалық топ өкілдері аудан орталықтарында орналасқан, тек селолық ауылдар сирек жағдайда болмаса, негізінен, бірұлтты. Этникалық топтардың жоғары деңгейде қалаландырылған елді мекендерде тұратындығын нақты айту керек. Жалпы

Қазақстан аумағына 30-жылдардан бастап өзге этнос өкілдері күштеп қоныс аударылды. Сол этностар өкілдері өздерінің тарихи отандарына көшіп кеткендері болғанымен, елімізде тұрақтап қалған этностар да жеткілікті. Ал енді сол тұрақтап қалған этнос өкілдерінің басым шоғарланғандарына тоқталып өтейін.

Қазақстанда 3 793 764 орыс тұрса, оның 15 306 (2015 ж.) Қызылорда облысында тұрады. Олар облыс халқының 2,03% құрайды [36, 112 б.]. Орыс ұлт өкілдерінің басым көпшілігі Қызылорда қаласында – 9 980, Байқоңыр қаласында – 2 268 және Шиелі ауданында – 1 777 тұрады.

Кәрістердің жалпы саны 69,8 млн. (1989 ж.). Олар әлемнің көптеген елдерінде қоныстанған. Айталық, Қазақстанда олардың саны – 100 385 адам. Бұл республика халқының 1% құрайды. Соның ішінде Қызылорда облысында бүгінгі күні 7 833 (2015 ж.) кәріс этносы бар, оның 78,5 % яғни 6 151 кәріс ұлты Қызылорда қаласында тұрады [37, 173 б.]. Облыс орталығында ресми тілде, яғни орыс тілінде сөйлейтін халық көп болғандықтан, және де жұмыс көзі көп болғандықтан да осы аймақта тұрақтанған.

Қазақстанда 204 229 татар ұлтының өкілі тұрады. Бұл республика халқының 1,3%. Ал Қызылорда облысында 1 638 татар қоныстанған. Бұл барлық тұрғындардың 0,2% құрайды. Облыс орталығында 1 260 татарлар бар. Елімізде 97 015 түрік этносының өкілдері тұрады. Соның ішінде Қызылорда облысында 1 625 түрік тұрады. Бұл облыс тұрғындарының 0,2 % құрайды [38, 74 б.]. Түріктердің 70% Қармақшы ауданындағы «III Интернационал» ауылында тығыз орналасқан.

Республика аумағында 456997 өзбек этносының өкілдері тұрады. Бұл республика халқының 2,9 %. Ал Қызылорда облысында 1 454 өзбек тұрады. Бұл облыс халқының 0,19% құрайды. Оның 70 % қалада шоғырланған. Қызылорда облысында 803 шешен, 326 украин т.б. этносының өкілдері тұрады [39, 45 б.]. Бірлік-берекеге ұйып, тұтас ел ретінде үлкен асуларды бағындыруына өлшеусіз үлес қосып отырған этномәдени ұйымдар өткенге ой жіберіп, алдағы мақсат-міндеттерді айқындады. Бір қуантарлығы, осы жылдар аралығында мемлекеттік тілде сөйлейтін өзге ұлт өкілдерінің саны артты.

Қызылорда облысында 11 этномәдени бірлестік бар: грек, еврей, корей, қырғыз, неміс, славян, татар, түрік, өзбек, шешен және «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда өкілдігі. «Славян» қоғамдық-мәдени орталығы, «Қазақстан корейлері ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық филиалы, татар этномәдени бірлестігі белсенді іс-әрекеттерімен танымал [40, 71 б.]. Олар түрлі қоғамдық маңызы бар шараларды жиі ұйымдастырып отырады: тақырыптық кештер, ардагерлерді құрметтеу, ұрпақтар кездесуі, фестивальдер, конкурстар, мемлекеттік және ұлттық мерекелерді атап өтеді. Олардың жанында халық шығармашылығы ұжымдары, жастар қанаты құрылған, мемлекеттік тілді оқып-үйрену сабақтары жүргізіледі. Олардың тарихи Отандарымен байланысы бар.

Республикада 1985 жылдан бастап «Вайнах» шешен ұлттық орталығы жұмыс істейді. Бұл орталықтың облыстық бөлімшесі Қызылорда қаласында орналасқан. Ондағы жексенбілік мектептерде шешен тілі оқытылады.

«Славяне» ЭМБ Ресей Федерациясы Елшілігімен тығыз жұмыс жасайды. Одан кейбір шараларды өткізуге, балалардың жазғы демалысын ұйымдастыруға, ардагерлердің тынығу-сауықтыру орындарында денсаулығын түзетуге және тағы басқа көмек алып отырады.

Татар этномәдени бірлестігі Татар Республикасының мемлекеттік органдарымен қарым-қатынас жасайды, шығармашылық ұжымдарды «Сабантой» дәстүрлі мерекесін жыл сайын өткізіп отырады [41, 53 б.].

«Қазақстан корейлері Ассоциациясының» облыстық филиалы Корея Республикасы Елшілігі жанындағы ағарту орталығымен байланысын нығайтып, жұмыс жасауда [42, 32 б.]. Қазақстан халқы Қызылорда облыстық ассамблеясы төрағасының орынбасары Асылбек Жұмабаев.

Еврейлер мен неміс этномәдени бірлестіктерінің, сондай-ақ «Қазақстан орыстары қауымдастығының» облыстық филиалының да жұмысы көзге көрінеді. Этносаралық келісімді нығайтуға түрік және шешен орталықтарының да өзіндік үлесі бар.

Қырғыз этномәдени бірлестігі қалыптасу үстінде. Қазақстан халқы Ассамблеясының мақсаты – еліміздегі оқиғаларға баға беру және саяси жағдайларға болжам жасау негізінде қоғамдағы ынтымақты қамтамасыз ететін іс-тәжірибелік ұсыныстарды ойластыру [43, 41 б.], ҚР Президентінің республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау кепілі ретіндегі қызметіне атсалысу.

Этносаралық бірігу – этностарды біріктіретін айтарлықтай икемді процес болып табылады, өйткені, бір жағынан өзіне тән этникалық ерекшелік сақталады, басқа тұстан қарасақ, өзара іс-әрекет арқылы сана сезімнің ортақ белгілері, ортақ мақсаттары қалыптасады. Бүгінгі таңда Қазақстан сияқты көп этносты, көп нәсілді және көп конфессиялы мемлекет үшін осы жол ең ұтымды да болып табылады және тату-тәтті өмір сүріп, қарым-қатынастарына төзімділік сақтаудан асқан ақылды, осы күнге дейін адамдар ойлап таба қойған жоқ. Н.Ә. Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында кеңес империясы қирауының маңызды себептерінің бірі ғылымға негізделіп жасалған тиімді ұлттық саясаттың болмауы деп тура айтқан [44, 122 б.].

Қазақстан халқы Ассамблеясы ел ішіндегі бірлікті сақтауда ерекше рөл атқарады. Елдің ынтымағын сақтауда қазақ халқының бауырмалдық қасиетін, өзге ұлттардың достық ниетін жоғары бағалауымыз керек. Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы этностық немесе діни белгісіне қарамастан, Конституциямен кепілдік берілген азаматтық құқықтар мен бостандықтарды толығымен иеленетін және пайдаланатын, әрбір азаматтың этностық ерекшелігін дамытуға мүмкіндік жасалған этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей үлгісінің негізгі өзегі. Қазақстандағы әрбір этнос – қоғамның маңызды әрі жарасымды бөлігі, олардың мәдениетін, тілін, дәстүрлерін дамытуға қажетті барлық жағдай жасалған.

Полиэтникалық Қазақстан Республикасында этносаралық қарым-қатынастар ерекше көңіл аударуды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына жатады. Елімізді мекендейтін барша 130 этнос өкілдерін біріктіретін ортақ тарихи тағдыр, достық, туысқандық бірдейлік қазіргі таңда бір мақсатқа, бір мүддеге, бір болашаққа жетелейтін «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру бағытында күш біріктіруге.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Kyzylorda.stst.kz ҚР Ұлттық Экономикалық Министрлігі Статистикалық комитеті Қызылорда облысының статистикалық департаменті.
2. Қазақстан өңірлерінің демографиялық жылнамалығы. Алматы, 2006 ж.
3. Оразбақов А.Ж. О демографической ситуации в Кызылординской области. Поиск, 1995 г.
4. Асылбеков М.Х., Төлешова Л.Х. Қазақстан тарихи демографиясының даму белестері. Алматы, 2002 ж.

СЕРДАЛЫ БЕКШОРИННЫҢ АРҒЫ АТА-БАБАЛАРЫ

Айман СМАҒҰЛ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік
университетінің I курс магистранты, тарих пәні мұғалімі

Ешбір ғасыр өз тарихын өзі жаза алмайды. Кез келген қоғам өз тұсында жасалған қандай да бір істерге өздеріне тиімді етіп, қандай баға берсе де, сол тұстағы шындықтың шымылдығын көтеру – тек уақыттың ғана қолынан келеді. «Адамның өмірі – өзгенікі, Өлімі ғана – өзінікі» деген **Әйтеке баба** үш арыстың тірегі, үш даңғылдың бірі еді... Басында күні кешеге дейін көзге түсер кесене болмай елеусіз жатқан... Әйтеке – **Жалаңтөстің** бауыры, Ақшаның ұлы Бәйбектен туған. Атасы Ақша хан немересі Әйтекені «Ұлықбек» медресесінде оқытып, ел басқару, елшілік байланыстардың қыр-сырына жаттығу жөнінде тағылым алдырса, «Тіллә-қари», «Шер-дор» медреселерінен аспан әлемі, жағырафия, тарих, математика сынды пәндерінен дәріс алып, араб, парсы, шағатай тілдерін меңгеріп шыққан. Ал, Жалаңтөс атасынан әскери тәсіл, қолбасшылық пен батырлық рухын сіңірген. Оның осы көргені мен көңілге түйгені – кейінінен Тәуке ханның Ата заңы іспетті «Жеті жарғыны» жарыққа шығаруға септігін тигізген. Қысқасы, XVI ғасырда Самарқан әмірлігі мен Қоқан хандығының, жалпы осы Қызылқұм аймағының билігі Әйтеке би әулетінің қолында болған. Әйтеке жоңғарлармен болған ұрыстарда қол бастаған. Көне Сайрамды қалмақтардан азат етуде асқан ерлік көрсеткені тарихтан мәлім...

...Сондан бері 300 жылдың жүзі өтті. Талай дүние ауысып, қанша қоғам жаңарды. Әйтеке бабаның денесі жатқан жер көп уақытқа дейін белгісіз болып, өткен ғасырдың соңында ғана анықталды. Сердалы Бекшораның шөбересі Сердалиев Қаражан іздестіру жұмыстарын жүргізудің нәтижесінде, жергілікті халықтардың сілтеуімен бабамыздың мүрдесі Өзбекстан Республикасына қарасты Науайы облысының Нұрата елді мекенінен табылды. Өрі бабасы Сейітқұлдың жанында жерленгені де белгілі болды. Өлім тайпасынан тарайтын Төртқара руынан шыққан **Ораз қажы** 1299-1385 жылдар арасында ғұмыр кешкен. Меккеге үш рет барып қайтқан дегдар, қара қылды қақ жарар әділ би болған. Ораздан Тоқпан батыр дүниеге келеді. Жасы Әмір Темірмен шамалас Тоқпан әкесінің ықпалымен Ұлы Әміршінің барлық жорық жолында бірге үзеңгі қағыстырып өткен батыр. Ал, Тоқпаннан Сейітқұл әулие туады. **Сейітқұл** әулеті – басынан билік кетпеген, батырлық аумаған, құты шайқалмаған қасиетті әулет. Сейітқұлдың сегіз ұлының да аты жер жарған. Соның ішінде бәйбішесінен туған Ақша би мен тоқалынан туған Жалаңтөстің аты тарихта мәңгі өшпестей болып қалған. Ораз қажының шөбересі Жалаңтөс батыр Ақсақ Темірдің алтын тағында аса дарынды әскери қолбасшылық өнерімен, саяси көрегендігімен 47 жыл салтанат құрған... Арада өткен үш ғасырдан астам уақыт өткенде ұрпақтары бабаларға арнап кесене салуды ұйғарған.

Сердалы Бекшориннің шөбересі Сердалиев Қаражан ағаның Өзбекстан Республикасына барған кездегі жергілікті халықтардың айтқан әңгімесі: «Қазір Өзбекстан Республикасының Науайы облысының бас имамы Сайд қажы Насреддин ишан Сейітқұл әулиенің басындағы саз балшықтан салынған көне зираттың тағдырын былай баяндаған: «Бәрі бүгінгідей көз алдымда. Менің үлкен бабам 115 жасында дүниеден өтті. Кешегі кеңес заманы болса керек. Нұрата қаласының қақ ортасынан жол салу жоспарланады. Тура жол ескі бейіттің үстін басып өтпекші екен. Соны сезген бабам Сейітқұл әулиенің көне бейітін құшақтап, трактордың алдына көлденең жатып алған көрінеді. Сөйтіп зиратты бұзуға жол бермеген екен. Себебі бабаларымыз кезінде

Сейітқұлдан көп жақсылық көріпті. Бабамның өзі өмірден өткенше: «Қос бейіт өздеріңе аманат. Басына құран оқытып, қолдарыңнан келгенше сақтаңдар. Сейітқұл мен Әйтекедей әулиенің ұрпақтары бабаларын мүлдем ұмытуы мүмкін емес, түбінде бір іздеп келеді...», – деп өсиет қалдырып еді.» Осының дәлелі ретінде 2008 ж. маусым айында Қазақстанның Өзбекстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі, қоғам қайраткері Зауытбек Тұрысбеков және жеті азаматтың бастамасымен әйгілі Әйтеке бабаның кесенесін салу жоспарланған. Басқа мемлекеттің бір қиырындағы оты жоқ, суы жоқ, жарығы жоқ, құм суырған қу далада кесене көтеруді жеті азамат қолға алып, негізгі шарттарын жасаған. **Шарттарының бірінде:** кесененің архитектурасы бұхаралық үлгіде болуы қажет екендігі айтылған. Кесененің жобасының ұзындығы – 15 м, ені – 9 м, биіктігі – 11 м. және су арнасына байланысты құдық қазылған. Нәтижесінде 2008 ж. 5-желтоқсанда кесене толық біткен. 2009 жылы 31 шілдеде бабалар рухына арналып ас берілді. Сол жиында қазақ әдебиетінің абызы Әбіш Кекілбаев ағамыздың сөйлеген сөзімен түйіндесек: «Қағанат заманынан қазақтың басы дәл бүгінгідей біріккен емес. Қазақта талай хан да, сұңғыла сөзді билер де болған. Халқымыздың жадында бұлардың бірі болса да, бірінің жоқ екені белгілі. Ал ұлт бірлігі жолында үн қосып, тізе біріктірген Төле, Қазыбек, Әйтеке сынды үш арысын ұрпағы ұмытпақ емес. Үш ғасыр бойы ескерусіз жатқан Әйтеке би мен Сейітқұл әулие кешенінің салынуы, бұл – еліміздің Тәуелсіздігінің айғағы, Нұрсұлтан Назарбаевтай Елбасының салмақты саясаты!».

Деректерге сүйенсек, әулет Сейітқұл әулиеден тарайды. Сердалы Бекшорин Төртқара руының правителі болған. Бұл жерде назар аударатын басты нәрсе – қайраткер, суретші Сердалы Бекшорин 1892 жылы Бұқара әмірімен кездескен. Бұл ресми дерек Бұхара әмірінің кеңсесінен алынған. Мұрағаттар сақталған құжатта Бекшорин туралы деректер бойынша хаттамада Сердалының шынымен де Бұхара әмірімен кездескенін, оны әмірдің бас қазынашысы ертіп жүріп, әулиелі жерлерді аралатқанын айқындайтын құжаттар тігілген. Сол сапарда осы Нұратаға соғып Сейітқұл бабасының басына төртқұлақты сағана салып кеткені де көрсетілген. Сердалы Бекшорин 1892 жылы Нұратадағы Сейітқұл бабасының басына алғаш рет төрт құлақты сағана салса, арада 116 жыл өткенде Сейітқұл әулие мен Әйтеке би бабаларының кесенесін заманға сай жаңартуда 2008 жылы Сердалының шөберелері Сердалиев Қаражан мен Сердалиев Бернард және Зауытбек Тұрысбеков, Рашат Байзақов, Шаһарбек Усманов, Есенғали Байменов, Ибадулла Қалыбеков, Алтынсары Үмбетәлиев азаматтар бабалар мұрасын жаңғыртып орасан зор үлес қосты.

С.Бекшоринның даралық тұлғасы, ең бойындағы қадір қасиеті, алған тәлім-тәрбиесі мен білімі текті тұқымның тұяғы екендігі дәлел бола алады. С.Бекшориннің ұрпақтарының жалғасы, ата-бабаларынан қалған асыл мұраны бойларын сіңіре өсіп, тәрбиеленгендігі және саналы білімдері, елге әділ биліктері, суретшілік қасиеттерін танып білуге болады.

С.Бекшорин бабамыздың арғы тегін зерттеуді қолға алған алғашқы ұрпақтарының бірегейі Сердалиев Қаражан ағамыздың сіңірген еңбегі мен жасаған игі істерінің арқасында тарих бетінде ұмыт бола бастаған Сердалы Бекшораның жарқын бейнесі қайта жаңғырып, болашақ жеткіншектердің тарихи мұрасына айналғаны хақ.

Қызылорда қаласы.



Өткен жылдың қазан айында “Қазақ тарихы” баспасынан көркем шығарма (өлең, әңгіме, ертегі, сықақ әңгіме, скетч, пьеса, ойтолғау) жазып, шығармашылықпен айналысатын ұстаздардың жинағы жарық көрді. Оған Қазақстанның әр түкпірінен Ерназар ҚИСАХМЕТОВ, Нұржан КӘТІҚЫЗЫ, Алмағұл АХМАДИЕВА сынды үш қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімінің, Қуаныш МАҚТИЕВ есімді шығысқазақстандық тарихшының, кезінде математикадан сабақ берген Шахарбану ИМАНБАЕВА есімді алматылық зейнеткер ұстаздың өлең топтамалары мен ойтолғаулары енді. Бұл кітапты дәстүрлі түрде жыл сайын шығарып тұру жоспарлануда. Өз туындыларын биыл жіберіп үлгермеген шығармашыл ұстаздар келесі жылғы сандарына ұсына алады. Болашақта көркем шығармаларын жолдайтын ұстаздар үшін үлгі болсын деп сол кітапқа өлеңдері енген Қуаныш Мақтиевтің жаңа өлеңдерін оқырман назарына ұсынып отырмыз.

Редакция алқасы.

АЗАТТЫҚТЫҢ АСҚАРЫНДА

Азаттығың – аңсап күткен арманың,
Орындалып, қолыңа анық алғаның.
Ширек ғасыр шебіне кеп, жеткені,
Құтты болсын, уа, халқым, ардағым!!!
Еркіндігің – еңсе жазған ендігі,
Күллі әлемге айдан анық, белгілі.
25 жыл – мерейтойды толтырды,
Қазағымның бар халықпен теңдігі.
Тәуелсіздік тереңдетіп тамырын,
Төңірекке төкті аямай, бар нұрын.
Тәтті әуен боп, тербетіліп, санаға,
Сіңірді әбден, құдіретті сарынын.
Азаттық пен Тәуелсіздік мерейін,
Асыл, ақық, маржан сөзбен өрейін.
Жайып салсын лебізіді, жүректен,
Қызыл тіл мен бүлкілдеген көмейім.
Әдет-ғұрып, салт-санамыз, тіліміз,
Қайта оралды, көзайым боп дініміз.
Алты құрлық аумағында жаңғырды,
Әуелеткен Әнұран боп, үніміз.
Тәуелсіздік – теңдесі жоқ, тұмарым,
Өзіңсің гой мөлдір бастау, бұлағым.
Сенің арқаң төл тілімде таралса,
Туған ойдан тұнып тұрған жыр-әнім.
Қазақ деген халық барын танытқан,
Азаттықты жырлаудан еш жалықпан.
Азаттық пен Тәуелсіздік ұғымын,
Өрқашанда шығарам бір қалыптан.
Азаттықтың асқарында қол жеткен,
Санай берсек жетістіктер мол неткен.
Жылдан жылға өркен жайып Отаным,
Әл-қуатын, атақ-даңқын өрлеткен.
Тасқындата, телегей қып табысты,
Ісімізде үдеттік біз шабысты.
Тату-тәтті еңбек етіп баршамыз,
Алып келдік жақын етіп алысты.
Бір жасасып барлық істі жүрдік те,
Алға бастық абыроймен, тірлікте.
Ұлылардың ұлы сөзін, ту қылдық:
Бақыт кілті – береке мен бірлікте!!!

ЖЕЛТОҚСАНДА АЛАҒА ШЫҚТЫ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫ!!!

Желтоқсанда алаңға шығып қазақ жастары,
Азаттықтың аңсаған, асқақ әнін бастады.
Бөгде қимыл жасамай, бейбіт өткен шеруге,
Күә болды сол күні Алматының аспаны.
Күә болды сенімге, үміт күткен биліктен,
Көңілінен жастардың, орын алған биіктен.
Күә болды тағы да, көкке ұшқанын сенім мен
Күткен үміт күл болып, озбыр күшке киліккен.
Қан аңсаған қорқаудай озбыр күштің екпіні,
Салды сонда сойқанды, ұрып, соғу, тепкіні.
Қасқыр итке талатып, қарусыз қыз-жігітті,
Жанұшырған жастардың айдалаға кетті үні.
Қардың беті боялды нақақ қанға төгілген,
Талай адам түңілді сол күндерде өмірден.
Арға тиген мазақ пен жанға батқан азабы,
Есте мәңгі сақталып, орын алды көңілден.
Айуандай ақырған топас, дүлей, санасыз,
Жендеттердің зәбірін тартты қыздар шарасыз.
Мұз бетіне аяусыз, отырғызып сағаттар,
Қойғандарын кім кешер қалыңдар деп баласыз.
Ләззат пен Сабира, қайрат сынды жастарым,
Қыршын кетті өмірден бақилыққа қас-қағым.
Шейіт болған жастардың ақ өлімін арулап,
Тәуелсіздік жорығын халқым тағы бастадың.
Тәуелсіздік жорығын халқым тағы бастадың.
Болашаққа беттедің қиындықтан қашпадың.
Жылдарыңмен жеңісті жаңа шепке жеттің де,
Азат, еркін ел болдың шайдай ашық аспаның.
Боздақтардан төгілген бейкүнә қан киесін,
Қастер тұтып, өшірген озбыр күштің иесін.
Жаңа ғасыр жастары тағзым етіп рухына,
Жалғап кетті олардың ерлігі мен күресін.
Бодандықтың беріші – көңілдегі наланы,
Жария етіп жаһанға, ұшқын атып жанары.
Желтоқсанда алаңға, шықты қазақ жастары,
Бостандық деп, теңдік деп, аттап басқан қадамы!!!

Қуаныш МАҚТИЕВ,
тарих және қоғамтану пәндері мұғалімі.
Шығыс Қазақстан облысы,
Зырян ауданы,
Серебрянск қаласы.